

Г. И. КРУГЛИКОВ

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ШЕБЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

*Орта кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің оқыту процесінде оқу-әдістемелік оқу құралы ретінде қолданылу үшін «Федералдық білім беру институты» Федералдық мемлекеттік мекемесі тарапынан
ҰСЫНЫЛҒАН.*

*Пікірдің тіркеу нөмірі 443
"БДФИ" ФММ 2010
жылдың 04 қазаны*

4-басылым, стереотипті



«Академия» баспа орталығы,
2016 жыл

ӘОЖ331.361(075.32)

КБЖ 74.560ші723

К84

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір берушілер:

РФ еңбек сіңірген ұстазы, әлеуметтік ғылымдар кандидаты *О. И. Морозова*; РФ ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор *С. Ф. Яцун* (КМТУ)

Кругликов Г.И.

К84 Кәсіби білім беру шеберінің әдістемелік жұмысы: орт.кәсіби білім беру меке.студенттеріне арналған оқу құралы/ Г.И.Кругликов — 4-басылым— М.:Баспа орталығы «Академия», 2016. — 160 б. — (кәсіби білім беру шеберінің шағын кітапханасы).

ISBN 978-601-333-050-1 (каз.)

ISBN 978-5-4468-3053-4 (рус.)

Оқу құралы «Кәсіби білім беру шеберінің шағын кітапханасы» сериясына кіреді. Оқу құралының мақсаты-педагогтерге, әсіресе, жас мамандарға өндірістік білім беру ұйымдарының әдістемелік тәсілдерін меңгеруге көмектесу. Топтық кәсіби білім беретін педагог жұмысының әдістемелік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Кәсіби білім беру жүйесіндегі оқытушының және шебердің әдістемелік жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беріледі.

Оқу құралы «Кәсіби білім беру (салалар бойынша)» орта кәсіби білім беру мамандығы бойынша жұмысшылар (қызметкерлер) мамандығында білім алушылар тобын педагогикалық қолдау мен оқу-өндірістік процесті әдістемелік қамтамасыз ету» кәсіби модулін меңгеру барысында кеңінен қолдануға бағытталған.

Оқу құралы кәсіби білім беру мекемесінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 331.361(075.32)

КБЖ 74.560ші723

© Кругликов Г.И., 2010

ISBN 978-601-333-050-1(каз.)

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2010

ISBN 978-5-4468-3053-4 (рус.)

© Бекіту. «Академия» баспа орталығы, 2010

Алғысөз

Кәсіби білім беру жүйесінің тәжірибелік жұмысшыларына жүктелген көптеген міндеттемелер тізімінде жас педагогтар жай ғана көзбен шолып өтетін тармақ бар: «Оқу орнының әдістемелік жұмысына қатысу...». Өкінішке орай, олардың аз бөлігі ғана осы сөздердің мағынасын айқын түсінеді, жас педагогтердің одан да аз бөлігі осы қызмет контурын айқын көрсетіп, өз ісінде жетістіктерге жету барысындағы оның мағынасын бағалай алады.

Сол уақытта, кәсіби білім беру жүйесіндегі *әдіскер* деп аталатын маман кім болып табылады деген сұрақ туындайтын болса, онда бұл сұрақтың жауабы айқын – *ол нақты жағдайда қандай әдіс қолдану керектігін, орын алған жағдайда қандай «жолды» таңдау керектігін білетін адам*. Бірақ бұл – кәсібилік қағидасы. Ізінше, әдістемені білу маманның біліктілігінің негізгі шарты болып табылады. Өткен жылдары педагогтердің жоғарғы санаттарының *ҒӨБ* жүйесінде «оқытушы-әдіскер» санатының болғаны тегін емес.

Көбінесе жас мамандар өз жұмыстарында оқып жатқан мамандықтарының кәсіби емес ерекшеліктеріне байланысты қиындықтармен кездесіп жатады: ол өз ісін біледі. Пайда болатын мәселелердің көпшілігі өз оқушыларына талап етілетін білімді қандай жолмен, қандай әдістермен жеткізу және қандай тәсілдер арқылы оларда қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру сұрақтарымен байланысты. Сонымен қатар, жас педагог көптеген тәжірибелік жағдайлар үшін дайын «рецепттердің» жоқ екендігін танданыспен анықтайды, ал кейде жетістікке жеткізетін оқыту әдістері «көмектеспейі», тиімсіз болып шығуы мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы шынайы өмір жаңа тәсілдерді іздеуді талап етеді және кәсіби білім беру педагогі үшін бірінші орынға өз-өзін анықтау мен дербестік тапсырмалары шығады.

Расымен де, кәсіби білім беруші педагог әрқашан топпен жеке қалады және ол осы немесе басқа жағдайларда қалай дұрыс жасау керектігін, осы немесе басқа жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін, оқушыларға білім беруде алдыға қойылған мақсатқа қалай жету керектігін, оларға қажетті ойды қалай жеткізу керектігін білуі тиіс.

«Өз жағдайы үшін тиісті әдісті тандай білу-әрқашан жеке тапқырлықтың, жеке шығармашылықтың жемісі және бұл тәжірибе

барысында пайымдайтын ая болып табылады»-, деп К.А. Тимирязев өз оқушыларына айтқан.

Бірақ әрбір тәжірибеші жеке шеберліктің бірден қалыптаспайтындығын түсінеді: ол тәжірибе арқылы қалыптасады, адамдармен сөйлесу барысындағы «тәжірибе және қателік» әдісі – рұқсат етілмейтін зат. Осы орайда, жастарды оқытумен айналысатын кәсіпқой педагогикалық технологияларды меңгеруі, педагогикалық қызмет барысындағы шарасыз, қиын жағдайлардан шығудың әдістемелік тәсілдерін білуі керек.

Әрбір заман берілген уақыт сатысындағы өркениеттің даму деңгейімен анықталатын өз мәдениет формасын құратындығы, өз артықшылықтарын, мазмұнын, өмір сүру жағдайларын және бағыттылықтарды құрайтындығы белгілі. Тең дәрежеде бұл білім беру әдістеріне де, әсіресе, оның кәсіби құрамына да қатысты. Бүгінгі таңда икемді жинақылықты, белсенді жеке шығармашылық ат салысуды, жоғары біліктілікті талап ете отырып, уақыт өндірістік салаға келетін жұмысшылардың сапасына қатысты өз шарттарын қояды.

Бастапқы және орта кәсіби білім беру оқу орындары түлектерінен келесідей қасиеттер талап етіледі:

- кәсіби біліктілік;
- жоғары кәсіби шеберлік;
- өз еңбек қызметін өз бетімен жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау қабілеті;
- заманауи есептеу және ақпараттық техниканы қолдана алуы;
- өздігінен шешім қабылдау қабілеті, олардың мүмкін болатын экономикалық және әлеуметтік нәтижесін болжау, қабылдаған шешіміне және өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарау.

Барлық осы қасиеттер кәсіпті үйрену, жастарды өздігінен еңбектену қызметіне дайындау процесі барысында қалыптасуы керек: өндіріс жан-жақты дайындалған мамандарды күтеді.

Қазіргі уақытта Ресейдің көптеген бастапқы және орта кәсіби білім беретін оқу орындары сұранысқа ие жаңа мамандықтарды ашуда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіруде, стандарттар мазмұнын жаңартуда, сәйкес мамандық бойынша дайындық деңгейін тереңдетуде, кадрларды дайындаудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеуде және бейімдеуде. Бұл жүзеге асырылуында әдістемелік аспектілер шешуші рөл ойнайтын үлкен, жауапкершілікті және қиын жұмыс.

Кәсіби білім берудің отандық жүйе кәсіптерінің үлкен тізімі үшін білім берудің барлық әдістемелік аспектілерін толық көлемде қамту мүмкін емес: мысалы, өндірістік саламен байланысты технология бойынша болашақ мамандықтарды дайындау барысында және қонақ

үй қызметінің, мейрамхана немесе шаштараз ісінің мамандарын дайындау барысында көптеген айрықша өзгешеліктер пайда болады. Еңбекті ұйымдастыру формасы, білім беруде қолданылатын әдістер ғана емес, сонымен қатар, дайындалатын мамандардың кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар да әртүрлі.

Сонымен бірге оларға ортақ отандық кәсіби техникалық мектеп білім беруді реформалаудың заманауи сатысында ерекшелейтін бір нәрсе бар. Бұл – тәжірибелік жұмысшылардың білім берудің жаңартпашыл, тиімдірек технологияларын қолданудың, жаңа көзқарасты жұмысшыларды тәрбиелеудің маңыздылығын түсінуі.

Ресей Еуропалық Одақтың білім беру жүйесіне ене отырып, Болон конвенциясының және Копенгаген процесінің қатысушысы болып табылады. Копенгаген процесі Еуропада кәсіби білім алу және білім беру аясындағы әріптестікті дамыту бойынша Еуропалық Комиссия Декларациясы мен еуропа елдерінің білім министрінің шешімдерін орындауға бағытталған (Копенгаген, қараша 2002 жыл). Декларацияға келесідей тапсырмалар қойылған және оларды шешуге біздің еліміз де қатысатын болады:

- кәсіби білім беру және кәсіби білім алу аясында біріккен еуропалық кеңістік құру;

- біліктіліктің айқындылығымен, құзыреттілік пен біліктілікті мойындау мәселелерін шешумен қамтамасыз ету және т.б.

«2010 жылға дейінгі кезеңде ресейлік білім алуды жаңашылдандыру» және «Ресей Федерациясында білім беруді дамыту басымдылығы» тұжырымдамаларында кәсіби білім алу аясындағы өзекті мәселелері қарастырылған, атап айтқанда: еңбек нарығымен өзара байланысты жақсарту, қызметкердің біліктілігін арттыру; білім беру әдістемесінің және сәйкес ортаның мазмұнын жаңалау. Бұл тапсырмаларды орындау-кезекті жаңартпа емес, уақыттың, өмірдің өзінің талабы. Оларды шешуге кәсіби білім берудің отандық жүйесінің барлық қызметкерлері, әсіресе жастары дайын болуы керек.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу бұл технологияларды тәжірибе арқылы меңгеруді ғана емес, кәсіби білім беру жүйесінің жұмысшыларының ескі әдістемелік тәсілдер қорын қайта ойластыруды болжайды. Алайда білім беру процесінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жаңаруы оқу-әдістемелік материалдарының жобалану және өңделуінің экстенсивті тәсілі арқылы жүзеге асады.

Сондықтан инновациялық тәсілдер негізінде кәсіби білім беру мекемелері үшін әдістемелік оқу құралдарын құрастыру арқылы мамандарды дайындау сапасын арттыру мәселесін шешу өзекті болып саналады. Берілген оқу құралы-солардың бірі болып табылады.

Оқу құралы бес бөлімнен тұрады. Онда кәсіби білім алудың барлық негізгі аспектілері қарастырылған. Бірінші бөлім - кәсіби

білім алудың заманауи тұжырымдамасына арналған. Екінші бөлімде өндірістік білім беру әдістері келтірілген. Үшінші бөлімде білім алудың әртүрлі кезеңіндегі сабақтарды өткізудің әдістемелік тәсілдері баяндалған. Төртінші бөлімде негізгі назар білім мен дағдының қалыптасу әдістемесіне аударылған. Бесінші бөлімде кәсіби білім беру шеберінің әдістемелік жұмысы нақтырақ келтірілген.

Оқу құралына қосымшада оқу бағдарламаларын өңдеу технологиялары мен авторлық оқу бағдарламасын өңдеу технологиясы келтірілген.

Материалды жақсырақ меңгеру үшін кітап әдістемелік терминдер тезаурусімен жабдықталған.

Ресейде инновациялық технологияларды қолданатын мекемелер мысалы-жүздеген. Автор берілген әдістемелік материалдар үшін РФ еңбек сіңірген ұстазы, әлеуметтік ғылымдар кандидаты, Курский кәсіби технологиялар, басқару және құқық колледжінің директоры О.И. Морозоваға; РФ еңбек сіңірген ұстазы А.М. Трубецкаға, РФ еңбек сіңірген ұстазы С.Г. Кривошееваға, кәсіби білім беру жүйесінің құрметті қызметкері, Курск қаласының № 21 кәсіби лицейінің директоры И.Н. Кравченкоға-құнды кеңестері үшін шынайы алғысын айтады. Жұмыста кәсіби педагогикалық білім беру бойынша ХХХ, Оқу-әдістемелік бірлестік жиналысы қорытындысы бойынша жарияланған материалдар қолданылған (Екатеринбург қаласы). Осы көздерді тарту авторға оқу құралына кітап мазмұнын байытатын құнды материалдарды қосуға мүмкіндік берді.

Берілген оқу құралының мақсаты - кәсіби білім беруді реформалаудың заманауи сатысында әдістемелік дайындық мәселелері бойынша жас педагогика қызметкерлеріне қолдан келетін көмек көрсету.

Егер берілген оқу құралын оқыған педагогтер өз жұмыстарында Карл Роджерстің: «Адам үшін маңызды оқу қарапайым фактілердің жинағы ғана емес. Бұл қазіргі уақытта және болашақта адамның мінез-құлқын өзгертетін, оның қарым-қатынасы мен жеке тұлға ретінде өзгертетін оқу» деген сөзін басшылыққа алар болса, автор өз тапсырмасын орындалған деп санай алатын еді.

Жастарға кәсіби білім берудің заманауи тұжырымдамасы

Біздің заманымыздың ерекшелігі адамзат тарихында алғаш рет қоғам білім беру жүйесінде толық көлемде жоқ жағдайда жаңа адамдар буынын өмірге дайындау керек жағдаймен, әлі қалыптаспаған тапсырмаларды шешу жағдайларымен кездескендігінде жатыр. Өткен заманға ұқсамайтын осы тапсырмалар өз даму процесінде ғылыми-техникалық алға жылжуды көтереді. Бұл сұрақтың жауабы анық: ертеректе жүз жылға созылатын процесс қазіргі таңда бірнеше жылда жүзеге асады. Осы жерде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар пайда болады. Ол стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық тұрғыдан шешетін белсенді, қабылдаған шешіміне жауапкершілікпен қарайтын, өздігінен ойлай алатын адамдарды, мамандарды тәрбиелеуі керек. Өмір ырғағының өзгеруімен қатар адамның образы, ой-өрісі де және ол өмір сүретін әлем суреті де өзгереді. Бұл білім алу мазмұнында, ақпаратты беру әдісінде, оның жеке тұлғаның білім жүйесіне енгізілуінде айтылмай қоймайды. Сонымен бірге болашақ үшін қазіргіні жетілдіру үшін өткенді, барлық әлем педагогтері жинаған дидактика тарихы мен байлығын өте жақсы білу керек. Және де оны біздің өмірімізге дейін сақталып қалған ауыспалы емес көзқарас тұрғысынан ғана емес, уақыт сынынан өтпеген жағдайларды да білу керек. Өткенде орын алған білім алу мен тәрбиелеу үлгілерін қайта құру ұмтылыстарын білмеу арқылы белгілі нәрсені өткенде кеткен шығынмен қайта ашу жағдайларын түсіндіруге болады. Және де бұл айтарлықтай, мұндай шығындар құны уақыт өткен сайын жоғарылап келеді: бұл адамдардың жеткіліксіз білімдері ғана емес, олардың болмай қалған тағдыры. Мұны білім берудің заманауи жүйесінің кәсіпқойлары міндетті түрде түсінулері керек.

Білім берудің отандық жүйесі әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің арасында Ресейдің орнын анықтайтын маңызды фактор болған және болып қала береді. Бұл оның мәдениеттің, ғылым мен білімнің жоғары деңгейіне ие ел ретіндегі халықаралық лауазымын бағалау қағидасы.

Ел экономикасында болып жатқан өзгерістер, Ресейдің жалпы еуропалық және әлемдік білім кеңістігіне шығуы білім беру саясатында жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бұл бәрінен бұрын артықшылықтарды іріктеуге, таңдап алынған білім алу жүйесінің

әдістемелік аспектілерінің, елдің кәсіби мектептерінің тәжірибесінде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің қайта ойластырылуына қатысты.

1.1. Өндірістік білім беру жүйесі және оның салыстырмалы сараптамасы

Жүйе деп біз белгілі бір мамандық бойынша оқушылардың қажетті білімді, қабілет пен дағдыны меңгеру мақсатында оқу материалдарын үйрену бірізділігі мен құрылымын анықтайтын әдістер мен оқу ұйымдарының, мазмұнының бірігуін болжайтын дидактикалық санатты түсінеміз. Сонымен қатар, оқушылардың дамуы мен тәрбиеленуі де есепке алынады. Жастарды еңбекке дайындаудағы әртүрлі дидактикалық жолдардың қалай қалыптасқандығын жақсырақ түсіну үшін кәсіби білім беру жүйесінің дамуының хронологиясын көрсетейік.

Білім берудің бірінші тарихи жүйесі пәндік (заттық) болды. Ол әрбір жұмысшы өнімді басынан аяғына дейін дайындаған қолөнерлік өндіріс кезінде қалыптасты. Бұл жүйенің маңызы, мұнда берілген кәсіпке тән бірқатар өнімдерді жасау барысында еңбек процестерінің қиындығының біртіндеп артуымен қатар оқушылар еңбек қабілеттіліктеріне және дағдыларға ие болады.

Пәндік жүйенің оқыту мазмұнының негізгі элементі толықтай еңбек процесі болып табылады, оны кішірек, бөлшектік бөліктерге (операциялар, тәсілдер) бөлмей және оқу барысында қандай да бір арнайы жаттығуларды орындамай. Қайтадан зерттеліп жатқан еңбек тәсілдері және операциялар көбінесе «жоғалды», зерттелген әдістер ағынына араласты және оқушылармен баяу әрі негізсіз меңгерілді. «Көшірме»-оқушылардың жұмысы, көбінесе «түпнұсқа»-нұсқаушының жұмысынан айтарлықтай ерекшеленді.

Оқыту ең қарапайым өнімнен басталды, мысалы батпақтан жасалған жалпақ тәрелке. Осы өнімді толықтай меңгергеннен кейін ғана келесі күрделірек өнімге көшуге болатын еді. Ары қарай, оқушы өз ісінің шебері болғанға дейін. Көбінесе бұған бірнеше жылдар талап етілетін. Және кәсіби үлгі формалды емес субъективтік сипатқа ие болды немесе әр шеберде ол әртүрлі болды, сондықтан оқыту мазмұны да оқытушы-шебердің субъективті әуестігіне байланысты болды және оның жеке және кәсіби ерекшеліктерін қатаң басшылыққа алды.

Пәндік жүйе оқушыларды сәйкес біліктілік бойынша толық көлемде біліммен, дағдылармен және қабілетпен қаруландырғанға мүмкіндік бермейтін бірқатар кемшіліктерге ие. Бірақ оның қалтқысыз артықшылығы «қарапайымнан-күрделіге» қағидасы

бойынша оқушыларды пайдалы өнімді дайындаудың қалыпты еңбек процесіне баулу, еңбек тәсілдері мен операцияларын оқшауланған түрде емес, кешенді, олардың байланыстары мен қатынастары түрленген түрде меңгеру болып табылады.

Қолөнердің мата өндірісіне алмасуы және ары қарай оның машина индустриясына ауысуы түпкілікті түрде еңбек мазмұны мен сипатын өзгертті. Мұны «Заманауи өнеркәсіп...өндірістің техникалық базисінде біртіндеп түбегейлі өзгерістер жасайды, сонымен бірге жұмысшылар қызметінде және еңбек процесінің қоғамдық құрамдастырымдарында да» деп жазған К. Маркс дұрыс байқады. Бұл кезеңде жеке білім беру негізгі және анықтауыш ролін жойды; біртіндеп ол кәсіби дайындықтың топтық формаларымен толығымен ығыстырылды.

Еңбекті бөлу шартындағы қызметтер өнімді толықтай жасап шығаруды емес, жоғары жылдамдықпен және ептілікпен бір немесе бірнеше операцияларды орындауды ғана талап етті. *Операциялық* деп аталатын пайда болған жүйе (құрастырушылар оны *механикалық шеберлікті үйретудің жүйелік әдісі* деп атады) орыс деген атауға да ие болды, өйткені ол Мәскеулік техникалық училищемен жасап шығарылған болатын (1868 — 1873 жж.).

Д.К.Советкин басқарған ғалымдар, шеберлер мен инженерлер тобымен әлемдік тәжірибеде бірінші рет ұсталық, жонғыш, балташылық және темір соғатын кәсіптік өндірістік білім берудің дидактикалық негізделген жүйесі жасалынды. Бұл элементтерге бөлу, тәсілдер мен операциялар, білім алудың фронтальділігі, теориялық және өндірістік білім алудың өзара байланысы және оқу бағдарламаларын құрастыру мүмкіндігі сияқты біз үшін қалыпты түсініктерді туындатқан өндірістік білім берудің ғылыми жүйесіне жасаған ірі қадам болды.

Д.К.Советкиннің басшылығымен МТУ мүдделестер тобы әрбір кәсіп бойынша өндеудің әдеттегі түрлерін (әдістерін) және оларға сәйкес еңбек тәсілдері мен операцияларын бөліп көрсете алды. Осы өте маңызды және әдеттегі технологиялық процестер зерттеу нысаны ретінде таңдалып алынды және белгілі бір жүйелілікпен және үйлесіммен оқу бағдарламасында орналастырылды. Сонымен қатар жеке тәсілдер мен операцияларды орындау бойынша жаттығулар топтамасы жасалынды және бағдарламаға енгізілді, ұйымның оңтайлы формалары туралы және өндірістік білім беру әдістері туралы оқу-көрнекілік құралдары туралы мәселелер шешілді.

Мазмұнының негізгі элементі толық еңбек процесі болған пәндік жүйеге қарағанда операциялық жүйеде ондай элементтер операция мен тәсілдер болды. Атап өту керек, операциялық жүйе авторлары оны тек оқу мазмұнымен ғана түйістірген жоқ, оған ұйымға қажетті элементтерді және білім беру әдістерін енгізді.

Осымен қатар жүйені құрушылар одан бірқатар жағымсыз сәттерді байқады, солардың маңыздысы оқудың зерттелетін операциялары әртүрлі қисында және байланыста кездесетін шынайы өндіріспен жеткіліксіз байланысы болды.

Операциялық жүйенің артықшылықтарын жоғары бағалай отырып, орыстың кәсіби-техникалық білім беру қайраткері С.А.Владимирский және бірқатар басқа да инженерлер оны *операциялық-пәндік жүйеге* алмастыру туралы шешімге келді. Владимирскийдің пікірі бойынша, осы немесе басқа да колөнерге өндірістік оқыту барысында маңызды тәсілдер мен операцияларды алдын ала үйренгеннен кейін оқушылардың берілген мамандық бойынша тәсілдер жиынтығы мен операцияларды меңгергендігіне ерекше назар аудару қажет. Владимирский білім берудің операциялық жүйесін колөнерді оқудағы қысқаша кіріспе ретінде қалдыруды ұсынды. Ол жұмысшылардың еңбек мазмұны жеке технологиялық операциялармен емес, шынайы өнімдердің үйлесуімен анықталатындығын байқады.

Операциялық –пәндік жүйенің айтарлықтай кемшілігі оқу барысында жасауға арналған өнімді іріктеудің қандай да бір ғылыми тәсілінің болмауы болды, бірақ дәл осы С.А.Владимирскийге әртүрлі біліктілікті жұмысшыларды дайындау жүйесінің толықтылығы туралы пікір тиесілі.

Капитализм жағдайындағы конвейерлік өндірістің жылдам дамуы жұмысшылар қызметінің көбірек өзгеруін талап етті. Нәтижесін конвейерді қалыптастырған Генри Форд (үлкен) нақты құрастырды: «жұмысшының ойлау қабілетіне қойылатын талаптардың қысқартылуы, оның қозғалысының минималды шекке дейін қысқаруы...Мүмкіндік болса...дәл бір жұмысты дәл бір қозғалыспен орындау...».

Мұндай талаптарға жауап әрбір физикалық еңбек операциясы жеке тәсілдер мен әрекеттерге бөлінген *моторлы-машықтану жүйесінің* пайда болуы болды. Әрбір элементті өңдеу өте нақты және машинаның немесе механизмнің жұмыс режиміне қолдануға жарамды жоғары темппен жүргізілді.

Көріп отырғанымыздай, моторлы-машықтану жүйесінде оның құрама элементтері болып операциялық жүйедегі сияқты операциялар емес, тәсілдер мен әрекеттер табылады. Жүйенің артықшылығы жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін білім беру уақытының қысқалығы болды. Кемшілігі (ең айтарлықтай) Генри Фордтың пікірінің басында айтылған.

Біздің еліміз индустрияландыру жолына түскенде жұмыс күші ретінде жүз мыңдаған сауатсыз ауылдан шыққан жұмысшылар пайда болды, білім беруге деген жаңа тәсілдерді іздестіруге деген мұқтаждық қалыптасты.

Орталық еңбек институтында жасалынған жүйе (осындай атаумен атақты –ОЕИ) білім берудегі төрт кезеңді орнатты:

1) еңбек әрекетін жасау барысындағы жаттығулар мен арнайы құрылғыларды қолдану арқылы жүзеге асатын тәсілдер (қазіргі таңда жаттықтырушы деп аталады);

2) еңбек операцияларын орындау барысындағы жаттығулар (егжей-тегжейлі);

3) зерттелген еңбек операцияларын арнайы таңдап алынған өнімді дайындау барысында үйлестіруге оқыту;

4) оқушыларды берілген кәсіпке тін өнімдерді дайындауға оқытудан тұратын өзіндік кезек.

ОЕИ жүйесі ғалымдармен және әдіскерлермен аталып өткен кемшіліктерге ие болатын, сонымен қатар артықшылықтары да болды. Онда ең алғаш рет еңбек процесін зерттеудің бірізділігі дұрыс берілген болатын: қозғалыс —әрекет—операция—еңбек процесі. Атап өту керек, бір педагогикалық кездерде ЕОИ жүйесін қателесіп моторлы-машықтану жүйесі деп атайды: соңғысы ОЕИ жүйесіне білім берудің бірінші сатысында қосылған болатын, бірақ ұзақ уақытқа емес (оқу уақытының жалпы көлемінің 2 — 3 % дейін).

Индустрияландырудың осы жылдарында бастапқы кәсібі білім алу анық көрінетін кәсібі бағыты бар білім ретінде дами бастады, техникалық білім берудің әртүрлі формаларының кеңінен және массалық таралуының негізі қаланды.

Соғыс алдында пайда болған фабрикалық-зауыттық мектеп (ФЗМ), артынан (1940 ж) еңбек көздерін дайындаудың толық жүйесі елде болған өзгерістерді ескере отырып, білім беру жүйесін өңдеуді және жаңалауды талап етті. Жаңа білім беру жүйесінің негізін қалауда педагог-тәжірибешілерді және ғалымдарды тарту оң нәтиже берді. *Операциялық –кешенді жүйе* осындай жүйеге айналды. Ол алдыңғы пәндік және операциялық жүйенің кемшіліктері мен қате ережелерін ескере отырып, осы жүйелердің ары қарайғы дамуы болып табылды.

Операциялық-кешенді жүйе сызбалық түрде 1 сызбада (Н.И.Макиенко) көрсетілген сатылар қатарынан тұрады.

Жетпіс жылдан артық уақыт бойы аздаған өзгерістерді бастан өткере отырып, операциялық-кешенді жүйе көптеген кәсіптерге оқытудағы алдыңғы жүйе болып қала береді, оның қалтқысыз құндылығы мен өміршендігін көрсетті.

Өндірістік білім берудің операциялық-кешенді жүйесі оқушылардың берілген кәсіп бойынша жұмыс қалыптасатын негізгі еңбек операциялары мен тәсілдерін мықты әрі жан-жақты меңгеруін қамтамасыз етеді, оқушыларды нақты өндірістік еңбекке баулиды, білікті мамандарға қажет қабілет пен сапаларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.



Сонымен бірге үздік төреші-өмірдің өзі кәсіби білім беру адам еңбегінің өзгермелі қызметін ескеруі керектігін көрсетті. Бұл танымдық ғылымда мызғымас ешнәрсе жоқ екендігін дәлелдейді.

Атап өткеніміздей, операциялық-кешенді жүйе өндірістік білім беруде алдыңғы орын алады және бұл негізсіз емес. Бірақ оған «баяу әрекет ететін мина» қойылған, ол өмір адамның өндірістегі қызметін өзгертісімен бірден іске қосылды. Аталып өткен барлық жүйелер сонымен қатар операциялық-кешенді жүйе де жұмысшының орындаушылық қызметінің қалыптасуына бағытталды. Атап өту керек, ОЕИ жүйесі техникада өңдеу қызметінен аз емес мәнге ие болған бақылау мен есептеу қызметін ерекшелей отырып, бірінші рет өз жұмысының шығармашылықты орындалуы туралы мәселені алға қойды («өндірісті оңтайландыру және қайта құру»). Бірақ біз атап өткен «мина» аяқ асты жарылмады. Өндірістік процестердің автоматтандырылуы мен механикаландырылуына байланысты жұмысшылардың қызметі айтарлықтай өзгерістерді бастан кешті. Еңбек операцияларын негізгі және қосымша деп бөлу көп күш жұмсауды талап етті. Және де негізінен жоспарлау мен бақылау бойынша ой әрекеті сипатты қосымша деп аталатын қызмет бірқатар кәсіптер үшін негізгі болып кетті. Жұмысшының қызметі барысында қозғалыспен (моторлы) салыстырғанда ой және сенсорлы дағдылар үлкен рөлге ие.

Міне осы жерде операциялық-кешенді жүйе мүлдем жарамсыз

болып шықты. оның механикаландырылған еңбек кәсіптеріне, жөндеудің қызметтік аймақтарының жұмыс орындары үшін, қызмет көрсету мен басқаруда жарамсыз болып шығуы басқа жүйелерді іздестіруді болжады. Және де олардың барлығы бұрынғырақта жасалған іздеу және табу элементтерін негізге алды. Сонымен, 1930 жылдардың өзінде профессор А.П.Соколовский технологиялық процестердің типтендіру идеясын алға тартты. Ол ары қарай С.П.Митрофановпен, профессор В.С.Демьянюкпен және басқаларымен дамытылды (атақты «топтық технология»). Осыған байланысты *технологиялық, құрамалық-технологиялық, пәндік-кешендік жүйелер* пайда болды. Көріп отырғанымыздай атауларында кемшіліктер жоқ. Айтатын болсақ, жоғары механикаландырылған, сонымен қатар аппараттық өндірістік процестер үшін *операциялық-ағындық, операциялық-өндірістік* және басқа да жүйелерді өндеуге ұмтылыстар жасалды, және сол кезде таңдау мәселесі туындады. Кәсіби білім беру жүйесіне мәселелі білім беру теориялары мен әдістемесін өндеуде белгілі басымдық беріледі. 1976 жылы ҰЗИ профтехпедагогтері АПН КСРО мәселелі-дамушы білім беру әдістерінің жүйесін жасап шықты, және келесі жылдары олардың орта кәсіби мектептердегі жағдайларда қолданылу мүмкіндігі зерттелді.

Заманауи сатыдағы еңбектің өзгермелі қызметінде жүйені таңдаудың қандай шарттары бар? Жауап беру үшін ұқсастық келтірейік. Егер үздік мысал ретінде екі білдекте істейтін жұмысшыны-әмбебап білдектегі қырнаушы мен сандық бағдарламалық басқарумен өндеуші орталық операторын салыстыратын болсақ, онда айырмашылығы таңқаларлық болады. Заманауи жұмысшы-білдек жұмысшысының еңбек мазмұны жеке технологиялық операциялармен емес, берілген кәсіпке арналған еңбек өнімдерін (бөлшектерін) толығымен дайындау арқылы анықталады. Және оған адамның қатысы да азаяды-заманауи құрылғыда мөлшерді бақылау, құралдарды ауыстыру, дайындама ауысымдары және басқа да нәрселер ЭЕМ орындауына арналған бағдарламаға енгізілген пәрмен бойынша жүзеге асады.

Болашақ мамандарды дайындау барысында білім беру жүйесінің негізіне *пәндік-қызметтік тәсіл* алынуы керек жүздеген кәсіптер пайда болды. ЭЕМ операторларына, автоматты жоспарлау жүйелеріне (АЖРЖ), өнеркәсіптік роботтардың реттеушілеріне, СББ құрылғысына және басқа да көптеген заманауи кәсіптерге қатысты оқу тапсырмаларын *пәндік- қызметтік жүйе* шешеді.

Бұл жағдайда өндірістік білі беру оқушыларды өндіріспен, таңдап алған мамандықпен және еңбек қауіпсіздігі талаптарымен таныстырудан басталады. Сосын оқушылар берілген кәсіпке тән және

ортақ еңбекті ұйымдастыру тәсілдері мен әдістерін меңгереді, техника құралымен танысады, баптау тәсілдері мен оны басқаруды үйлестіру бойынша сәйкес жаттығулардың орындалуын меңгереді. Ары қарай еңбек процесін үйрену оның күрделілігінің артуымен жүреді, және де өңдеу тәсілі жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыру қызметін меңгеруге ықпал етеді.

Атап өту керек, жұмысшылардың өндірістік білім алуының құрылуына деген пәндік-қызметтік тәсіл идеясы отандық ғалымдар И.Д.Клочковтың, А.А.Кыверялганың, А.Е.Пядочкиннің зерттеулерінде жемісті дамыды. Академик С.Я.Батышевпен заманауи құрылғыны үйлестірумен байланысты кәсіптер бойынша жұмысшыларды дайындағанда қолданылатын өндірістік білім берудің *мәселелік-ұқсас жүйесі* жасалынды. Еңбек қызметтерін сараптау негізінде К.Н.Катханов өндірістік білім берудің *қабылдау-кешендік-түрлік жүйесін* құрастырды.

Қандай қорытынды шығарамыз? Уақыт талабына жауап беретін білім берудің оңтайлырақ тиімді жүйелерін іздестірудің жалғасқандығын және ары қарай жалғасын табатындығы айқын. Оған мысалдар бар. Қазіргі уақытта *дизайн-білім беру жүйесі* кең таралды, онда білім беру *біліктілік тәсіліне* негізделген. Бұл «нақты еңбек қызметі/кәсібі үшін қажетті қалыптар мен қатынастар түрлерін, білімі, қабілетті көрсету мен меңгеруге негізделген білім беру» (сөздік ЮНЕСКО2004).

Білім берудің берілген жүйесі әртүрлі түсініктемелерде *модульдік-біліктіліктік* деп аталады және дамыған көптеген әлем елдері мен Еуроодақтағы сияқты елімізде жүзеге асырылатын интеграциялық процесі ескеретін кәсіби білім алудағы модульдік технологиялардың заманауи дамуы болып табылады.

Біліктілікке негізделген ұсынылып отырған модульдік тәсіл ресейлік оқу орындарында дәстүрлі қолданылатын блоктық-модульдік тәсілдерден ерекшеленеді, өйткені жеке модуль шегінде еңбек нарығының талаптары көрсететін нақты еңбек қызметін орындауды қамтамасыз ететін нақты біліктіліктің қалыптасуы барысында қабілеттер мен білімнің кешенді меңгерілуі жүзеге асады. Еңбек нарығында жұмысшының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі жұмыс берушілердің жұмысшының біліктілік деңгейіне қойған талаптарын арттырумен шартталған.

Бүгінгі таңда біліктіліктік тәсіл білім алу мазмұнының жаңаруының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады, оның мақсаты—заманауи еңбек нарықтарының қалыпты талаптарын, мамандарды дайындаудың жоғарғы сапасын қамтамасыз ету. Кәсіби білім—қоғамның әлеуметтік—экономикалық дамуының негізі,

ғылыми — техникалық өрлеудің және мемлекет өмірінің басқа да көптеген аяларының негізі, жеке тұлғаның қалыптасу, даму, өзін—өзі тану құралы. Міне сондықтан кәсіби білім беруді жетілдіру сұрақтары өмірдің сан тараптарын реформалаудың айқын процестері, сонымен қатар білім алу жүріп жататын біздің елімізде осындай үлкен маңызға ие.

1.2. Өндірістік білім берудің дидактикалық принциптері, олардың жіктелуі және қолданылуының әдістемелік аспектілері

Адам өркениетінің және кәсіби білім берудің дамуының ұзақ жылдарында жалпы адамзаттық дамудың құрама бөлігі ретінде білім алу процесін ұйымдастырудың жалпы нормалары жасалынды. Олар *білім алу қағидалары* деп аталады (латын тілінен *prin- cipium*—негіз, бастама) және білім алу мақсатына жету жолдарын қалай қамтамасыз етуді анықтайды.

Оқу процесіне тән маңызды қағидалар дидактикалық қызметтің заңдылығын құрайтынын атап өтейік.

Сонымен бірге кәсіби білім алу процесі өз ерекшеліктеріне ие болғандықтан, анықтаманы анығырақ түсіндіру керек.

Біз берілген түсініктің білім алудың заманауи процесіне және мамандарды тәрбиелеуге толығырақ сәйкес түсіндірмесін қабылдаймыз.

***Білім алу қағидасы** деп біз білім алу негізінде жатқан және оның мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырылу формасын анықтайтын басқарма ережені түсінеміз.*

Шын мәнінде, сақталуы педагогке оқушыларды өндірістің оқытылатын аясы бойынша жүйелік білім негізімен таныстыруға, олардың танымдық қызығушылықтарын және қабілеттерін жетілдіруге, олардың дүниетанымының қалыптасуына әсер етуге, сонымен қатар өз бетімен білім алуға тартуға мүмкіндік беретін дидактикалық тәртіптердің нормалары. Білім беру мақсаты нені оқыту керектігін анықтаса, білім беру қағидалары оны қалай жасау керектігін орнататындығы айқын.

Білім алу қағидаларының түптегі (пайда болуы, шығуы) педагогиканың дамуымен тікелей байланысты. Алайда білім алу процесіне жататын және оның ауыспайтын негізінің құрамаларының қағидаларымен қатар ағымдағы идеологиялық түсініктемемен шартталған қағидалары да орын алғандығын атап өту керек.

Сондықтан дұрысырақ сұрақ: білім алу қағидаларының саны тұрақты, соңғы болып табылады ма? Атақты поляк педагогы оған

келесідей жауап береді: «Бұл сұраққа кезекті, білім алу процесінің дамуымен байланысты үдеме мүмкіндіктерді алдын ала көретін сақ зерттеуші теріс жауап береді. Біздің санамыз шексіз және ізінше, білім алу процесіне қатысты заңдар мен заңнамалардың зерттеулерінің барлығы келесі заңдар мен заңнамалық нормаларда көрініс бере бермейді...және уақыт өте келе біз білім алуды басқаратын және жаңа қағидаларды енгізуді талап ететін жаңа заңдарды біле аламыз».

Расымен де, инновациялық қарқынды компьютерлік технологиялардың білім алу процесіне адамдардың кәсіби қалыптасу процесін жылдамдата және байыта отырып қана енбейді, сонымен қатар оның әлі зерттелмеген тараптарын да ескереді. Жаппай өңдеу және интеллектуалдық, ғылымды қажет ететін технологияларды енгізу болашақта әлемнің осы уақытқа дейін болып көрмеген өзгерісіне әкеледі—техникалық және әлеуметтік.

Қазіргі уақытта кәсіби білім берудегі дидактикалық қағидалар саны тұрақтанды. Біз айтып өткендей, кәсіби білім алуда қолданылған және қолданылатын жағдаяттық факторға ұшырамаған білім алу процесінің ұйымдарының нормалары бар. Бұл қағидалар:

- көрнекілік;
- білімнің жүйелілігі мен бірізділігі;
- қол жетімділік және күш жетерлік;
- оқушылардың білім алу процесіне саналы және белсенді қатысуы;
- оқушылар білімінің беріктігі;
- теорияның тәжірибемен байланысы, өмірге баулу;
- білім алудың ғылымилығы;
- оқушылар білімінің жылдамдығы.

Негізінде оқу процесі қалыптасатын барлық осы басқарма ережелер бір бірімен тығыз байланысты. Әрбір нақты сабақты өткізе отырып, бір уақытта дидактикалық қағидалар талаптарын ескеру және олардың кешенді жүзеге асуы үшін жағдай жасалуы керек.

В.Оконның жоғарыда келтірілген сөздері көрегендік болып шықты. Инновациялық жүйелер жаңа дидактикалық қағидалардың пайда болуын және дамуын тудырды, мұнда мамандарды дайындау мазмұнының қалыптасу шарттары ескеріледі.

Осындай деп санауға болады:

- маманды дайындаудың озық сипаттағы қағидасы;
- дайындықтың қосымша бағыттық қағидасы;
- дайындық мағынасының модульділік қағидасы және т.б.

Дәл осылар педагогке өзгертін өмір факторының білім беру технологиясына не енгізу керектігін жылдам ескеруге мүмкіндік береді.

Кәсіби білім беруде әрбір қағиданың қолданылу ерекшеліктерін

қысқаша қарап өтейік.

Көрнекілік қағидасы. Көрнекіліктің жасап шығарушы болып Ян Амос Коменский саналады. Өзінің «Атақты дидактикасында» ол «алтын ереже» қалыптастырды, және қолдануды ұсынды: «сезіммен қабылдауға болатын барлық нәрсені, атап айтқанда: көзбен көрінетін—көру арқылы қабылдау үшін, естілетінді—есту арқылы, иісті—иіскеу арқылы, дәмге жататынды—дәм арқылы, түйсінуге болатынды—түйсіну арқылы. Егер қандай да бір затты бірден бірнеше сезім арқылы қабылдауға болса, онда олар бірден бірнеше сезіммен қабылдансын...»

Расымен, дәл сол Я.А.Коменский сезіммен қабылдау сананың тек бастапқы сатысын қана көрсететіндігін және сананың келесі сатысының —абстракты ойлау екендігін ескерткен болатын. Дәл сондықтан оқушыларға көрнекілік материалдарын көрсету оның ары қарай ойлануын болжайды.

Кәсіби білім беру шеберіне көрнекіліктің әртүрлі түрлерін пайдалануға тура келеді: шынайы және сурет, көлемді және дыбыстық, символдық және графиктік. Таңдалған әдістеменің дұрыстығына қабылдау жетістігі тәуелді болып келеді, әсіресе ғалымдар растағандай ақпараттың 75 % біз көру арқылы қабылдайтындығымызды ескерсек.

Тәжірибелі педагогтерге белгілі және жастармен қабылдануы керек бірқатар әдістемелік ережелер бар. Егер топқа кез келген көрнекілік нысаны көрсетілсе (плакат, диафильм үзіндісі, видеоматериал және т.б), барлық оқушылардың шебер нені айтқысы келгендігін түсінгендігіне еш нәрсе кепілдік бермейді. Сондықтан әдістемелік тұрғыдан оқушылардың барлығының назарын түсіндірілуі тиіс нақты бір элементке бағыттау сауатты болып табылады. Және де. Көрсету барысында оқушылардың назары оқытылуы тиіс заттардан ауытқып кеткен кезде, өйткені олардың маңыздылығы әлі ескерілмеген шақтарда түсіндірмелік сипаттағы талдаулар өте маңызды. Бірақ сонымен қатар көрсетілім барысында егер оқушы оған толықтай беріліп кетсе, сөзбен талдау меңгерілмейді— ол жай ғана «құлағының жанынан» өткізе береді. Мұны ым мен мимиканы жақсы үйлестіре білетін ескі әртістер жақсы біледі. Ізінше, шебер көрсетіліп жатқан нәрсеге және оның түсіндірмесіне оқушылар назарын аудару білуі керек. Ары қарай біз көрсетілімнің әдістемелік ерекшеліктеріне жиі тоқталамыз, әсіресе оның тәжірибелік оқытылуына, өйткені ол оқудың маңызды элементі болып табылады.

Психологиялық көзқарас тұрғысынан заттық, суреттік және сөздік көрнекілікті ажыратады.

Заттық көрнекілік кәсіби білім беруде табиғи өндірістік нысандарды (машиналарды, олардың бөлшектерін, өнім үлгілерін,

шикізатты және т.б) , жұмыс тәсілдерін тікелей қабылдауды болжайды.

Суреттік көрнекілік оқу—көрнекілік оқулықтары мен құралдары көмегімен жүзеге асырылады: үлгілер мен макеттер, оқу кестелері, технологиялық карталар, диапозитивтер, диафильмдер, теледидар, видео—және кинофильмдер.

сөздік көрнекілік деп оқушыларда нақты елестетуді туындататын педагогтің айқын, образдық сөзін түсінеді. Сөздік көрнекіліктерді қолдану туралы да ары қарай айтылады.

Ескере кету керек, көрнекілік қағидаларын оңтайлы қолданудың өзі білім алу процесінен сөздерді (ауызша немесе жазбаша) алып тастамайды. Сөздерді, көрнекілік түрлері мен құралдарын дұрыс үйлестіруде көптеген сабақтар жетістігі жатыр.

Жүйелілік және бірізділік қағидасы. Кез келген қызмет жетістігі шешуші образда қойылған мақсатқа жету бойынша жұмыс барысындағы жүйелілікке тәуелді. Әсіресе бұл оқушыларға білім беру барысында маңызды. Жүйелілік қағидасы білім алуда оқушылар бірізділікпен білімді, дағдылар мен қабілеттерді меңгеретін қатаң логиканы сақтауды болжайды. Ол жаңа материалды оқытуға көше алдыңғы материал меңгерілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуын талап етеді. Сипатты түрде, бұл дидактикалық ереже сынып сағаттарын сонымен қатар шебердің сыныптан тыс сағаттарын да қамтиды. Берілген қағида бағдарламаны, оқу және әдістемелік әдебиетті қалыптастырғанда көрініс береді, кәсіби білім беру педагогіне келесі ережелерді ұстанған мақсатты.

1. Бағдарламаның нақты бөлімін оқыту барысында материалдарды сабақтарға, осы «бөліктерді» біркелкі ету мүмкіндіктері бойынша бөлу керек.

2. Оқушылардың жаңа материалмен танысу барысындағы жетістіктің маңызды шарты болып олар жеткен білім деңгейін алдын ала анықтау және осы білімді жүйелі түрде пайдалану табылады.

3. Әрбір сабақта оның маңызды орталығын орнату мен соңғысының мән мәтінінде тәжірибелік әрекеттер жүйесін, өндірістік білімдер мен қабілеттер жүйесін көрсету керек.

4. Мамандық бойынша бірінші сабақтардан бастап оқушыларды өздік жұмысқа араластыру, олар өз білімдерінің жетіспегендігін анықтайтын және оны өздігінен толықтыратын жағдайлар құрастыру керек.

Және соңында, ереже емес, автор өзінің педагогикалық қызметінде ең қатаң ереже ретінде сақтауы тиіс кеңес.

Жаңа материалды түсіндіру барысында бір оқушы оны бірден меңгермей жатқан жағдайлар жиі кездеседі. Барлығы түсінді, ал ол — жоқ. Ал кіріспе нұсқаманың уақыты тығыз, жоспар бойынша ары

қарай жүру керек.

Болмайды! Егер сіз оқушыларда адамдық жеке тұлғалықты көріп тұрсаңыз, оған құрметпен қараңыз, тағы да бір рет басқаша түсіндіріп көріңіз. Қалғандары үшін де пайдалы болады, ең маңыздысы оқушыңызда тәлімгердің осындай қатынасы ескерілетіндігін айтпағанда ары қарай қаланатын білім жеткіліксіз болып қалмайды.

Білім беру мен тәрбиелеу процесіндегі жүйелілік және бірізділік қағидаларының дұрыс жүзеге асуымен байланысты шебердің тағы да бір міндетін атап өту керек.

Ол шеберден сабаққа ең жүйелі дайындықты, әр сабақ тақырыбын дұрыстап саралауды, білім беру нәтижелерін үнемі бақылауды және объективті бағалауды талап етеді. Осындай тәсілді пайдаланғанда жұмыс расымен де жемісті болады.

Қолжетімдік және күш жетерлік қағидасы. Я.А.Коменский материалдың қолжетімділігі көрнекілік сияқты жемісті оқу процесінің маңызды шарты болатындығын атап өткен және келесі ережелерді құрастырған:

1. Білім беруде оқушыға жақын нәрседен оған әлі таныс емес нәрсеге қарай көшу керек.

2. Білім беруде оңайдан қиынға қарай көшу қажет.

Осы дидактикалық ережелерді қатаң сақтау ол жүргізілетін деңгейге қарамастан, кез келген оқу-тәрбие жұмысының жеміс кілті болып табылады. Оқушыларға олардың шамасы келмейтін талаптарды қою олардың өзіне деген сенімділіктерін жоғалтады, оқуға деген құлшынысын төмендетеді, оқу мақсаттарына жету жолында психологиялық тосқауылдар келтіреді. Талаптардың өте төмен деңгейі оқуға деген қызығушылықты жоғалтады, оқушыларды ынталандырмайды.

Міне сондықтан шебер пайда болған қиындық себептерін бағалап, оны жеңуге көмектесу үшін өз оқушыларын жақсы білуі және олардың жұмыс деңгейін бағалауы керек.

3. Білім беру барысында белгілі нәрседен жаңа, белгісіз нәрсеге қарай көшу керек.

Осы жерде ескертпе жасай кету керек. Қарапайым нәрседен күрделіге, белгілі нәрседен белгісіз нәрсеге көшу деген білім беру оңай болуы керек дегенді білдірмейді. Егер оқушылардың даму деңгейі, олардың жастық және жеке ерекшеліктері ескерілетін болса, өзі-ақ оңай болады. Шебер саналы түрде оқу материалын мөлшерлей отырып, жұмыстағы қиындықтарды жоспарлы түрде ұлғайта алады, ізінше оқушыларды оларды жеңуге үйретеді.

4. Білім беру процесінде жеке жұмыс жылдамдықтарының айырмашылығын және оқудағы жеке оқушылардың «ілгерілеуін» ескеру қажет.

Атап өту керек, өкінішке орай, ҒӨҰ мекемелерінде мазмұнды

және білім беру қарқынын жекелендіруді қажет ететін оқушылар пайызы жоғары. Шебер кей оқушыларда қимыл үйлесімділігі бұзылып жатқан және қабылдау қиынға түсіп жатқан жағдайлармен кездесіп жатады. Шешім қайда? Әрбір оқушыға гуманистік жақындауда. Қабілетті оқушыға жетістік болып та саналмайтын жетістік, дамуы баяу оқушы үшін келесі қадамға деген бір саты болуы мүмкін. Мамандықты оқу барысында «жоспарлар» болмауы керек: мақсат болу керек—оқушыға білім беруде мүмкін болатын оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу, оның қабілеттерін ашу. Мұндай қалып кәсіби білім беру бойынша Мемлекеттік стандартпен қарастырылған.

Оқушылардың білім алу процесіне саналы және белсенді қатысу қағидасы.

Заманауи дидактикалық жүйеге осы қағида енгізілген, өйткені оқушылардың оқу процесіне белсенді әрі саналы түрде қатысуы өздік еңбек қызметіндегі белсенді өмір қалыбын қалыптастыру үшін маңызды рөлге ие. Сол уақытта осы белсенділіктің сәйкес бағыттылығына, қойылған мақсатқа жету үшін оның қолданылуына және қоғамның қажеттіліктерін ескеретін білім беру тапсырмаларын шешуде ерекше назар аударылады, сонымен қатар әр оқушының жеке мұқтаждықтарына.

Саналы және белсенді түрде оқушылардың білім алу процесіне қатысуы бірқатар дидактикалық ережелерді анықтады. Біз ерекше назар аудартқандарын ғана келтіріп отырмыз.

1. Шебер оқушылардың жеке әуестіктерін білуі керек және оны көп мөлшерде қоғамның объективті қажеттіліктері ескерілетіндей дамытуы керек.

Осы ережені ескеру бәрінен бұрын оқушының өзімен жеке және жалпы мақсаттарды және білім беру тапсырмаларын түсінуге мүмкіндік береді. Мамандық бойынша сабақ оқушы үшін қызықты болса, ал мәселелердің шешімі олардың өзімен тандалатын болса, оның жетістігіне қажетті оқуға деген құндылықты ынта пайда болады. Нәтижесінде бағдарламалық мақсаттар оқушылар үшін жеке болады, ол жетістікке жетелейді.

2. Шебер оқушыларды олардан сараптауды талап ететін жағдайға қалдыруы керек.

Адамдарды әр қадамда қоршап жатқан техникалық шығармашылық тапсырмалары үшін шешімдердің барлық нұсқаларының толық тізімі жоқ және болуы да мүмкін емес. Ізінше, әрбір жеке жағдайда, әсіресе өндірістік жағдайда жауап іздеу, қалыптасқан тәжірибеге, теориялық білімге сүйенеді. Оқушыларды оларды ойлануға итермелейтін жағдайлар қалыптасқанда өздік шешім қабылдауға үйретуге болады. Бәрінен бұрын бұл жеке мүмкіндіктерді тексеру. Тәжірибе көрсеткендей, оқушының жеткен жетістігінен алған, жеке еңбегінің арқасында жеткен қанағаттанушылығы жан

жақты, мықты және жылдам білім алуға мүмкіндік береді.

3. Шебер оқушының жұмыстың ұжымдық формасына араласуына мүмкіндік беретін жағдай жасауы керек..

Біз ары қарай өндірістік білім беру бойынша өтетін сабақтарда еңбек ұйымдарының формаларымен танысқанда, топтық ұйымдар туралы міндетті түрде сөз болады. Ол болашақ өмірде маңызды болып саналатын бірқатар адами қасиеттерді қалыптастырады. Бәрінен бұрын оқушыларды генератор сарапшы қағидасы бойынша біріктіру мүмкіндігі бар. Тәуелсіз қиялмен өмір сүретін , «шешім қабылдауда жылдам», асығыс нұсқаларды іздестіруге қабілетті оқушылар сыни, қазымырша, есті бағалай алатын, артынан ұсынылған идеяны қабылдау немесе қабылдамауды шешетін негіздемелерді ұстанады. Білім беру барысында шығармашылық ойлауды дамыту маңызды. Ол табиғатта қалыптасқан заттарға деген стандартты емес көзқарасты, бақаларды түсінуге деген ұмтылысты және олардың идеяларына деген қызығушылықты болжайды. Жұмыстың ұжымдық формасы басқалардың пікіріне деген сыйластықты және өз дегенін жүзеге асырудағы табандылықты тәрбиелейді. Әртүрлі тапсырмаларды шешу аясындағы серіктестік кәсіби заманауи кәсіби техникалық мектептердің өте құнды жетістіктерін береді. Адамдар үнемі міндеттерді бөлуге, жеке күшті үйлестіруге , өзі басқаруға және басқаларға бағынуға тура келеді. Білім алу процесінде қалыпты болып саналатын осы дағдылар сабақтардағы жұмыстың ұжымдық формасына қатысуда белгілі бір өнегелі позиция қалыптастырады және қоғамның болашақ мүшелерінің қоғамдық өмірінің нормаларын құрайды.

Және, соңында жоғарыда аталып өткен қағиданы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тағы да бір ереже. Ол өте қарапайым, бірақ мақсатқа жетуде шешуші рөл атқаруы мүмкін: оқушыларды өзінің пікірлесі қылып алу керек. Шебер, егер ол өзі жоғары кәсіпқой болатын болса, оқушыға оның өмірдегі орнын , өзінің амандығы және жақын адамдарының амандығының кәсіпті меңгеру деңгейімен, жақсы табыс табумен, қажетті болумен байланысты екендігін ашық айтуы керек. Егер ол жүзеге асып жатса - оқушылардың саналы және белсенді түрде қатысу қағидасы итермелеусіз және қинаусыз толық жүзеге асады.

Оқушылар білімінің беріктігі қағидасы. Адамның жады талғамалы: біз барлығын есте сақтамаймыз, тек біз үшін қызықты және ерекше маңызды, сонымен қатар үнемі қайталанып отыратын нәрселерді ғана есте сақтаймыз. Атақты психолог және педагог С.Л.Рубинштейн есте сақтау мен елестету тұлғаның материалға деген қатынасына байланысты екендігін айтқан. Негізі, біздің жадымызды жеті тиын ғана салуға болатын әмиянға теңейтін психологтар адам бір ретте қабылдайтын ақпарат көлемін жеті «кесекке» бағалайды. Және

жадының негізгі екі түрі бар-қысқа уақыттық және ұзақ уақыттық. Дәл соңғысы ақпараттық құндылықты бағалай отырып, қысқа мерзімдік жадыдан керектісін іріктеп алады.

Білім беріктілігі қағидасын жүзеге асыру үшін бірқатар дидактикалық ережелерді келтіруге болады: ертеректе зерттелген материалды бекітуге арналған жаттығулар, олардың қайталану жиілігі, жүйелендіруі, тәжірибелі тексеріс-бәрі осылай! Бірақ ақпарат ағындары артып кеткенде, ақпараттық толықтық жағдайларында білім алудың негізгі тапсырмасынан ауытқитын болса-білім беріктігін қамтамасыз ету тәсілдері өзгеруі мүмкін.

Кәсіби білім беру шеберінің қажетті *ақпарат көзін іздестіру және табу* бөліміндегі қабілетті жетілдіру бойынша мақсатты бағытталған қызметі дұрысырақ және өнімді болып табылады. Болашақ жұмысшы бірінші сабақтан бастап ақпараттық кестені қолданатын болса, бұл әдетке, нормаға айналады, және жүре пайда болған қасиет кәсіби сипатқа ие болады.

Білім берудің заманауи процесінің тиімділігінің ең қажетті шарты болып оқушылардың белсенділігін дамыту және оның өндірістік білім беру бойынша сабақтардың барлық кезеңінде сақталуы. Бұл шешімін білім берудегі оңтайлы әдістерді таңдау аясынан табуға болатын қарапайым тапсырма емес.

Білім беру процесінде оқушылардың әрекетін белсендендіру үшін оларға дайын білім берілетін баяндаушы әдістерді зерттеу және эвристикалық әдістердің пайдасына орынды шекке дейін шектеу керек.

Оқушыларды белсендендірудің кейбір формаларын қарастырайық, мақұлданған және сабақта өздерін жақсы ұсынатын. Бұл мәселелі және іздестіру жағдайларын қолдану, шығармашылық мәселелерін шешудің ұжымдық формасы, дидактикалық ойындар, шығармашылық жобалар.

Мәселелі білім беру элементтерін егер шебер оқушыларды білімді пассивті қабылдау қалыбынан оларды белсенді қабылдау қалыбына ауыстырғысы келсе, әрбір сабақта және оның барлық сатыларында қолдануға болады. екі маңызды аспектіні атап өтейік. Біріншіден, тек шеберге, тек оған мәселеліктің білім жүйесіне өтуі тәуелді. Егер өндірістік білім беру сабақтарында мәселелік білім беруді қолдану мүмкін емес деген негізделмеген тұжырымдама жеңетін болса, ешкім жігерсіздікті жеңуге күштей алмайды.

Екіншіден, мәселелік білім беру элементтерін үнемі, эпизодтық емес қолдану керек. Осы жерде атап өтетін жайт, білім алуды мәселелік деп атау себебі бүкіл оқу материалын оқушы мәселелерді өздігінен шешу арқылы меңгеретіндіктен емес. Мұнда шебердің түсініктемесі де, тапсырмаларды ұжымдық шешу де, оқушылардың жаттығуды орындауы да маңызды.

Бір күні мәселелікті өзінің әдеттегі білім беру үлгісі қылып алғаннан кейін, шебер өзі де ескі әдістермен жұмыс істеудің қызықсыз екендігін, сабақтардың қызықсыз екендігін түсінеді. Мәселелік білім берудің маңыздылығын анықтайтын тағы бір жағдай—кәсіптік әдіспен алынған шешімдер жаңа жағдайларға қолдануға келмейді: олар вариативті емес. Әрине, мәселелік деңгейі оқушылардың дайындық деңгейіне байланысты әртүрлі. Әдістемелік әдебиетте төрт деңгейді бөліп көрсетеді, және көбінесе олардың біреуінің немесе басқаларының жетістіктері жүйелік сипатқа ие шебер мен оқушының бірлескен жұмысына байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, берілген бағыттағы жұмыс мақсатты бағытталған бағдарламаны көрсетуі керек.

Мәселелік және іздестіру жағдайларын құрастыруды қолдануға

болатын кезде барлық жағдайларды қарастыру мүмкін еместігі түсінікті: бұл жерде шеберге көмектесетін нәрсе—тәжірибе. Тағы да атап өтейік: берілген әдісті қолданудың жемістілігі шебердің оны сабақта үнемі пайдалануына байланысты. Кәсіби білім беру шеберіне мазмұндама мен материалды таңдауда шектеу қойылмайды. Түнек қызығушылық арқылы терең және мықты білім қалыптасатындығы маңызды.

Күнделікті өндірістік білім беру сабақтарына енгізілуі керек шешімді іздестірудің *ұжымдық әдісі* ежелден белгілі және тиімді. Оның қолданылуын адам үнемі қарым—қатынаста, ұжымда болатындығын, және шешімі талап етілетін тапсырманы бірігіп шешетіндігімен түсіндіруге болады, бұл болашақ үшін маңызды.

Негізгі әдіс болып бірге шешетін мәселе бойынша пікірталас табылады. Дұрыс ұйымдастырылған әдіс тартымды адами қасиеттерді туындатады: басқаларды түсінуге ұмтылу, олардың идеяларына деген қызығушылық, өзгелердің пікірін сыйлау және өз дегенінде тұру. Сабақтарда шешімдерді ұжымдық іздестірудің жеңілрек жүзеге асырылатын әдісі—барлық нұсқалардағы (тура миға шабуыл, кері миға шабуыл) миға шабуыл (кей кездері ағылшынша атауы қолданылады—брейнстормин). Егер шебер ұйымның өте қиын емес ережелерімен және миға шабуылды қолдана отырып сабақ өткізумен танысса, онда сабақтар оқушылар үшін тартымды және қызықтырақ болады. Брейнстормингті классикалық өткізу әдісі топты екіге бөлуді болжайды—идеялар генераторы және шебердің басшылығымен мәселені оңтайлы шешу жолдарын іздейтін талдаушылар. Тәжірибеде мұндай сценарийге ұзақ уақыт қажет етіледі. Сондықтан шебер қарапайымдау әдістерді қолдана алады, онда басында барлық оқушылар—идея генераторлары, артынан олар бірігіп сынайды немесе керісінше таңдалған нұсқаны дәлелдейді. Тек осы жағдайда ғана генерация сатысында мыңға шектеу қою шартын қатаң сақтау керек, сосын—осы немесе басқа идеяны негізделген бұрмалау шарты. Бұл әдісті қолдануда мәселені шешудің оңтайлы әдісін іздестіру ғана маңызды емес. Оқушыларда айтылған дәлелдерді келтіру мен дәлелдеу, өз ойларын логикалық түрде және байланысты білдіру, өз ойларын жеткізу, жеке пікірін көпшілікке айту қабілеттерінің қалыптасуы үлкен маңызға ие. Мұндай қасиеттер болашақ қызмет аясынан басқа да жағдайларда қажет.

Сонымен қатар, оқушыларды мәселені оңтайлы шешуге жақындатуға қабілетті идеялар генерациясы әдістерін *дидактикалық және рөлдік ойындарды* қолдану арқылы жүзеге

асыруға болады. Осындай қызықты білім беру әдістері тәжірибеге шамамен 1960-жылдардың ортасында енді және кең таралымға ие болып келеді. Дәл осы кезде біздің атақты психологіміз және педагог Л.С.Выготский оларды айқын сипаттады: «Ойын-бұл дамудың барлық болашағы көрінетін үлкейткіш әйнек. Адам ойында өзінің өткендегі даму деңгейінен секіреді». Өздерінің толық атауын-дидактикалық-симуляциялық ойындар-ақиқатпен тікелей байланысты болғандықтан алды, ал стимуляция деп олармен бақылауды жеңілдететін қарапайымдалған түрде ақиқаттың белгілі бір үзіндісін түсінеді. Көптеген тәжірибелер іскерлік ойындарын болашақ тәжірибелік әрекетке үйретудің ыңғайлы әдістерінің бірі деп санайды.

Іскерлік ойындар болашақ кәсіби қызметтің пәндік және әлеуметтік мазмұндарының біріккен формасын, осы қызметке тұтас ретінде сипатты қатынастар жүйесінің модельдену формасын көрсетеді. Оқушылар мұны жақсы түсінеді және белсене қатысады. Осындай жолмен жеке алаңдаушылықпен, жолдастарының білімімен салыстыру арқылы бекітілген мықты оперативтік білім қалыптасады. Оқушылардың идеяларымен бөлісуіне мүмкіндік бергеннен басқа, түйсік пен елестетуді дамытқаннан басқа жұмыстың осындай дидактикалық формасы интеллектуалдық ғана емес, эмоциялық тәрбиені де белсендендіреді.

Ойын әдістері білім берудің басқа да әдістерінен оқушыға зерттеліп отырған жүйенің қызмет етуіне жеке қатысуына, бірталай уақыт «шынайы» өмір жағдайларында өмір сүруге мүмкіндік беруінде. Мысалы, оқушы кез келген басқарушының, маманның, жұмысшының және тұтынушының орнына тұра алады және ойша емес «тәжірибеде» (ойын болса да) өз әрекеттерінің нәтижелерін сезіне алады. Ол зерттелетін нысанның және процестің ішкі заңдылықтарын тереңірек түсінуге, өз әрекеттерін бағалауға, жіберілген қателіктерді түсінуге және сараптауға, сонымен қатар ойын барысында басқа да қатысушылар жіберген қателіктерді сараптауға мүмкіндік алады.

Әдістеме бойынша ойын келесідей бөлінеді: пәндік, сюжеттік, рөлдік, іскерлік, еліктеушілік. Ізінше, кәсіби білім мекемелерінде дайындалатын әртүрлі мамандықтар үшін ойын технологиясының өз нұсқасы таңдалып алынады.

Оқушылардың танымдық әрекеттерін белсендендіруде **жобалар** әдісі үлкен рөл атқарады, бұл болашақ мамандарды дайындаудың өнімді формаларының бірі. XX ғасырдың басында

пайда бола отырып, ол қазіргі таңда өңделген және құрылымдық білім беру жүйесінің біріктірілген компоненті болып табылады. Бірақ оның мағынасы бұрынғыдай болып қалады-түсінуі кейбір білімді меңгеруді талап ететін белгілі бір мәселелерге оқушылар қызығушылығын ояту. Бір немесе бірқатар мәселелерді шешуді қарастыруға арналған жобалық әрекет арқылы алынған білімнің тәжірибелік қолданылуын көрсетуге болады.

«Мен өзім танып жатқан нәрселердің барлығының маған не үшін керектігін және оны мен қалай және қашан қолдана алатынымды білемін» —міне академиялық білім мен прагматикалық қабілет арасынан миға қонымды тепе—теңдік табуға тырысқан көптеген білім алу жүйелерін қызықтыратын жобалар әдісінің заманауи түсінігінің негізгі тезисі.

Жобалар әдісімен қолдана алу—оқытушының жоғары біліктілігінің, оның алдыңғы қатарлы білім беру әдістемесінің және оқушылардың дамуының көрсеткіші. Бұл технологияларды индустриядан кейінгі қоғамда адам өмірінің өзгерген жағдайларына бейімделу қабілетін қарастыратын ХХІ ғасыр технологиясына жатқызады.

Жобалар әдісінің негізінде оқушылардың танымдық дағдыларын, өз білімдерін өздігінен қолдану және ақпараттық кеңістікте бағдарлана алу, сыни ойлауының дамуы дағдыларын жетілдіру жатыр. Бұл танымдық процессін ұйымдастыру әдісі. Сондықтан, егер біз жоба әдісі туралы айтатын болсақ, онда біз осы немесе басқаша түрде рәсімделген тәжірибелік нәтижемен сезілетін шынайы болып аяқталуы тиіс мәселенің (технология) бөлшектік өңделуі арқылы дидактикалық мақсатқа жету туралы айтып отырмыз. Педагогтер өздерінің дидактикалық мәселелерін шешу үшін осы әдіске жүгінген. Жоба әдісінің идеясын «жоба» түсінігінің мазмұны, оның прагматикалық бағыттылығы құрайды. Осы нәтижені көруге, ойлауға, шынайы тәжірибелік әрекетте қолдануға болады.

Жобалар әдістері әрқашан оқушылардың өзіндік әрекеттеріне бағдарланған—олар белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыратын жеке, жұптық, топтық. Бұл әдіс шекті түрде оқуға деген топтық тәсілмен (*cooperative learning*) үйлеседі. Жоба әдісі әрқашан қандай да бір бағдарламаны шешуді қарастырады. Ал мәселенің шешілуі бір жағынан әртүрлі әдістер жиынтығын және оқу құралдарын қолдануды, екінші жағынан— білімдер мен ғылымның, техниканың, технология мен шығармашылық аялардың түрлі саласынан жиналған қабілетті үйлестіруді

карастырады. Орындалған жоба нәтижелері көзге түсерлік болуы керек: егер ол теориялық мәселе болса—онда нақты соның шешімі, ал егер тәжірибелік болса—енгізуге дайын нақты нәтиже.

Әрбір жағдай үшін жоба тақырыбын таңдау әртүрлі болуы мүмкін. Бір жағдайларда шеберлер мен оқытушылар тақырыпты өз сабағы бойынша оқу жағдайын, табиғи кәсіби қызығушылықтарды, оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып анықтайды. Басқа жағдайларда—жобаның тақырыбы, әсіресе сабақтан тыс қызметке арналған тақырып жеке қызығушылықтарды бағдарға алады—танымдық қана емес, шығармашылық және қосымша.

Мүмкін, жобалар тақырыбы осы мәселе, білім беру бағдарламасының дифференциациясы бойынша жеке оқушылардың білімін тереңдету мақсатында қандай да бір теориялық мәселесіне қатысты болды.

Көбінесе жоба тақырыптары қандай да бір тәжірибелік мәселеге, күнделікті өмірде өзекті және сонымен қатар оқушылардан тек бір пәннің білімін ғана емес, әртүрлі аялар білімін, олардың шығармашылық ойлауын, зерттеушілік дағдыларын талап ететін мәселелер де. Осылайша, білімдердің табиғи бірігуі жүзеге асады.

Серіктестікте(*cooperative learning*) білім алу мен жобалар әдісі әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім беру жүйесінде кең таралымға ие. Оған көптеген себеп бар. Олардың түпнегізі педагогика аясында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік аяда да жатыр.

Егер кәсіби білім беру мекемесінің түлегі жоғарыда аталып өткен дағдылар мен қабілеттерді меңгерсе, ол өмірге бейімделген, өзгерген жағдайларға бейімделе алатын, кез келген жағдайда, кез келген ұжыммен жұмыс істей алатын болып шығады.

2.5. Білім беру әдісін таңдау қағидасы

Кәсіптік білім беру әдістерінің жүйесі және жеке барлық әдістер ғылымның, техниканың, өндірістік технологияның дамуымен өзгеріп отырады. Қазіргі уақытта әдістерді онтайландырудың объективті алғышарты болып көптеген кәсіп жұмысшыларының еңбек мазмұны мен сипатының өзгеруі табылады, бұл жаңа технологиялардың пайда болуымен, кешендік механикаландыру қарқынының жылдамдауымен және өндірістік процестердің автоматтандырылуымен байланысты.

Осыған байланысты оқу процесін қарқындатуға, мақсатты

түрде кәсіби біліктілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін (онсыз оқушылар білім алудың күрделенген мазмұнын меңгере алмайды) осындай әдістер мен әдістік тәсілдерді қолдануға деген қажеттілік туындайды.

Кәсіптік өндірістегі әдістерді таңдау әртүрлі жағдайларға байланысты. Ол оқу және тәрбиелеу тапсырмаларымен, оқушылар меңгерген оқу материалының мазмұнымен, олардың жастық және жеке ерекшеліктерімен, материалдық—техникалық базамен және т.б. байланысты. Кәсіптік білім беруде мақсаттылықты ескере отырып, көптеген әдістерді қолданған жөн. *Ешқандай әдіс негізгі және әмбебап деп таныла алмайды.* Сонымен қатар тәжірибеде тексеруден өтпеген әдісті қолдануға болмайды.

Кәсіптік білім беру әдісін таңдауда келесі жағдайларды ескерген жөн:

1. Өндірістік білім беру әдістері болашақ мамандардың жоғары кәсіби шеберлікті, жоғары өнімділікті еңбек мәдениеті мен дағдыларын меңгеруге, оларда өз әрекетінің нәтижесіне деген жауапкершілік қатынасын тәрбиелеуге мүмкіндік беруі тиіс.

2. Оқу процесін оқушылардың ойластырылған еңбегі негізінде, олардың кәсіпті белсенді және саналы меңгеруі негізінде құрастыру керек.

3. Өндірістік білім беру әдістері оқушылардың белсенділігін, олардың танымдылығы мен шығармашылық қабілеттерін, технологияларға сыни қатынасты, жұмыстың тиімдірек әдістерін және тәсілдерін іздестіруге ұмтылуды дамытуға арналған.

4. Өндірістік білім беру әдістері оларды үйлестіре отырып, технологиялық процесті жоспарлауды, өз жұмысын және оның нәтижелігін бақылауға болатындай алуан түрлі болуы керек.

5. Өндірістік білім беру әдістері оңтайлы таңдап алынған жүйеге сәйкес болуы керек және оқушылардың жеке тәсілдер мен операцияларды, сонымен қатар кешенді жұмыстардың үйлесімін жемісті меңгеруін қамтамасыз етуі керек.

6. Әдістер оқушыларда осы кәсіпке тән барлық жұмыстарды өздігінен және жоғары өнімділікпен орындау қабілеті мен дағдыларының дамуына мүмкіндік беруі керек.

7. Әдістер өндірістік білім берудің өндірістің ғылыми негіздерімен органикалық байланыстарын жүзеге асыруы, оқу процесінде кәсіби білім беру мен заманауи артықшылықтардың жүзеге асуына мүмкіндік беруі керек.

Қолданылатын әдістерді іріктеу барысында кәсіби білім беру педагогі басшылыққа алатын негізгі қағида—мамандарды дайындаудың бақталас кәсіптегі Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай болуы.

Сабақтың жемісті өтуі оның дайындалуы мен жоспарлануына байланысты екендігі бірнеше рет аталып өтілген. Осындай барлық дайындық жұмыстары кәсіби білім беру шеберіне міндетті болып табылатын құжатта көрініс береді—сабақты өткізу жоспары. Ол қатаң орнатылған формаға ие емес: жұмыс жоспары—бұл шебердің шығармашылығы.

Төменде өндірістік білім беру шеберінің сабақты жүргізуге арналған мүмкін болатын жоспарлар нұсқасы келтірілген.

Сабақ жоспары

Топ № _____ Мамандық _____ Шебер _____
Бағдарлама тақырыбы _____
сабақ тақырыбы _____
сабақ мақсаттары (қажет болған жағдайда —білім беру, тәрбиелеу, дамытуды ерекшелеу) _____
Өткізу әдістері _____
Еңбек нысаны _____
Пәнаралық және пәншілік байланыстар _____
Сабақты материалдық және дидактикалық қамтамасыз ету _____
Сабақты дайындау барысында кәсіби білім беру педагогі қолданған (оқу бағдарламасын міндетті түрде қоса отырып) әдебиет (оқу және әдістемелік). _____
Оқушыларға үй тапсырмасын орындауға және өзін—өзі оқытуға ұсынылатын әдебиет. _____

Сабақ барысы

1. Ұйымдастырушылық бөлім (уақытын көрсету) _____
 - 1.1. Сабаққа келуді және сабаққа дайындықты бақылау (мысалы, арнайы киімі болуы).
 - 1.2. Сабақтың өткізілу барысын және бірізділігін түсіндіру, кезекшілерді тағайындау (қажет болған жағдайда)
 - 1.3. Жұмыс орындарына бөлу (қажет болған жағдайда).
2. кіріспе нұсқама (уақытын көрсету) _____
 - 2.1. Бағдарламаның және сабақтың тақырыбын хабарлау, оның оқулық мәнін түсіндіру.
 - 2.2. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру немесе өткен сабақтағы материалды қайталауды жүргізу (қажет болған жағдайда) —топта, жеке (фамилиясын көрсету).
 - 2.3. жаңа материалды түсіндіру (сабақты өткізу логикасы бойынша келесі қажетті тармақтарды таңдау)
 - Кәсіпті меңгеру үшін берілген жұмыстың маңызы туралы

айту.

- Дайын үлгілерді, эталондық өнімдерді көрсету, олардың тағайындалуын және өндіріс үшін маңызын түсіндіру.

- Жұмыс сызбаларын талдау, ондағы бұдырлықтың, нақтылықтың, беткейдің өзара орналасуының шартты мәндеріне, дайындауға деген техникалық талаптарға назар аудару.

- Теориялық тәртіптегі білімге сүйене отырып, өнім материалының құрамын, дайындамаларды алу әдістерін, қажетті есептеулерді және т.б. (қажет болған жағдайда) талдау.

- Оқушылар назарын негіздеу, өндеу режимдерінің ерекшеліктеріне аударып, өндеудің технологиялық бірізділігін талдау.

- Қолданылатын құралдарды, құрылғыларды қарастыру; жөнеу ерекшелігін және құрылғыны пайдалану ерекшеліктерін талдау (қажет болған жағдайда).

- Жұмыс тәсілдерін көрсету (көрсету ережелеріне сәйкес); жұмысты орындау барысындағы мүмкін болатын қателіктердің алдын алу; Өзін—өзі бақылау тәсілдеріне назар аудару, берілген жағдайдағы өлшеу әдістерін түсіндіру және көрсету.

- Тапсырманы орындау барысындағы жұмыстың алдыңғы әдістерін, тәсілдер мен өндірістік жаңашыл құралдар туралы, өндеудің озық технологияларының ерекшеліктері туралы хабарлау (ондайлар болған жағдайда).

- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізу, оқушылар назарын жұмыс барысында жинақылықты талап ететін қауіпті аймақтарға аудару (жұмыс әдістері).

- оқушыларға (фамилиялар) топ алдында жұмыс тәсілдерін қайталауды ұсыну, түсінгендеріне көз жеткізу.

- Оқушыларға бағалау қағидаларын хабарлау(уақыт нормасы).

3. Оқушылардың өзіндік жұмысы _____ (уақытты көрсету)

Ағымдағы нұсқама — оқушылардың жұмыс орындарының мақсаттық тексерісі..

Бірінші тексеріс: жұмыс орындарының мазмұнын, олардың ұйымдастырылуын тексеру.

Оқушыларға ерекше назар аудару (фамилиялар)

Екінші тексеріс: тәсілдердің дұрыс орындалғандығына назар аудару _____ (қандай, кімде)

Үшінші тексеріс: өнімді дайындаудың технологиялық бірізділігінің сақталуының дұрыстығын тексеру.

Төртінші тексеріс: өз бақылауын жүргізу дұрыстығын тексеру (аралық, операция аралық), жұмыстың техникалық шарттарын сақтау.

Бесінші тексеріс: орындалған жұмыстарды қабылдауды және бағалауды жүргізу. Үлгерімі жақсы оқушыларға қосымша тапсырмалар беру (көрсету).

4. Қорытынды нұсқама _____ (уақытты көрсету)

4.1. Сабақтың қорытындысын шығару.

4.2. Жіберілген қателікті көрсету және олардың пайда болуына әкелген себептерді талдау.

4.3. Оқушылардың жұмысына қойылған бағаны хабарлау (қажет

болған жағдайда) және түсіндіру.

4.4. Үй тапсырмасын беру (нақтырақ: оқулық, беттер, суреттер және т.б.). Оның орындалуының маңызды екендігін түсіндіру (интеллекті, танымдылықты, әдістерді дамыту, дағдыларды жетілдіру және т.б. —ерекшелеу керек).

Өндірістік білім беру шебері _____ (қолы)

Жеке сатыларға кетіретін уақытпен байланысты түсініктемелерді міндетті түрде беру керек. Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, тәжірибелі шеберлер уақытты шамамен келесідей бөледі:

- сабақтың ұйымдастырушылық элементтері — 5 % дейін;
- кіріспе және қорытынды нұсқама —10 % дейін;
- оқушылардың жұмысы (шебердің бақылауында) — 85 — 90 % дейін.

Сонымен бірге шебер сабақтың осы немесе басқа да сатысына қанша уақыт кетіретіндігін өзі таңдайды. Жалғыз және бұлжымайтын шарт—оқушылардың өзіндік жұмыстарына сабақтың көп бөлігі беріледі. Сабақтың дәл осы сатысында барлық қажетті қабілеттер мен дағдылар қалыптасады, шеберлік пен кәсіби біліктілік дамиды. Сондықтан өзіндік жұмыс максималды уақытта аралығын алуы керек.

Жоспар формасын педагог өзі таңдайтынын ескертіп кетейік. М ысалы, атақты әдіскер Н.И.Макиенко кешендік жұмыстарды орындау бойынша өткізген сабағы үшін келесі нұсқаны келтіреді.

Кешенді жұмыстарды орындау бойынша сабақтың мысалдық жоспары.

Сабақтың тақырыбы: өздігінен орталықтандыратын патрондардағы және ортадағы ойықты білдекші түріндегі бөлшектерді өңдеу.

Сабақтың мазмұны: сыртқы цилиндрлік беткейлерді қайрау, кертпештер мен келтектерді ою, кесу.

Сабақтың мақсаты: бөлшектерді өңдеу процесінде дағдыларды жетілдіру: тазартылмаған және таза кескіштерді қайрау; күрделі емес сызбаларды оқу және оларды жұмысқа қолдану; патрондарда және орталарда білдекшілерді орнату және қайрау; қорытынды—өлшеу құралдарымен жұмыс; еңбекті дұрыс ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасын сақтау.

материалдық-техникалық база: әр оқушыға арналған бөлшектер үлгісі; сәйкес диаметрдегі білдекшілер дайындамасы; қамытшылар; өтетін, кесілген, қиылған кескіштер; масштабты сызғыш және штангенциркуль.

Сабақ барысы

Ұйымдастырушылық бөлім (5 мин). Староста баянатын қабылдау, оқушыларды түгендену, жоқ оқушыларды журналға белгілеу. Сабақтың мақсатын хабарлау.

Кіріспе нұсқама (25 мин). Алға қойылған оқу жұмысының мақсатын, мазмұнын және шарттарын хабарлау. Арнайы технология бойынша оқушылардың білімін тексеру. Оқушыларға өңделген бөлшекті көрсету және олардың тағайындалуы туралы әңгімелеу. Сызбаны талдау, берілген өлшемдерді, беткейінің кемшіліктерін анықтау. Өңдеу технологиясын, уақыт нормаларын, кесу режимдерін анықтау. Мүмкін болатын бұзылыс жағдайларын ескерту және оның алдын алу бойынша шаралар қабылдау. Бөлшектерді өңдеу тәсілдері мен әдістерін көрсету. Оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті мәліметтерді хабарлау.

Сұрақ (әңгіме) кіріспе нұсқама мазмұны бойынша (15 мин). Сұрақ барысында оқушыларға келесі тапсырмалар ұсынылуы мүмкін: 1) берілген сызбалар бойынша дайындаманың жарамдылығын тексеру; 2)сызбалар бойынша бөлшектерді өңдеуге қойылатын техникалық шарттарды анықтау; 3) бөлшектерді өңдеу технологияларын түсіндіру; 4) бөлшектерді өңдеу қандай режимде жүретіндігін айту; 5) бөлшектерді өңдеуге қанша уақыт берілетіндігін орнату

Оқушылардың өзіндік жұмысы және ағымдағы нұсқама (30 мин).Орнатылған нормалар шегінде сызба бойынша білікшелерді жону «ағымдағы нұсқама». **Қорытынды нұсқама** (10 мин). Топ жұмысын сараптау, жеке оқушылармен жіберілген қателіктерін көрсету. Оқу үлгерімін бағалау.

(Оқушылардың жұмыстарын бағалай отырып, шебер оқушылардың жұмыс орындарының дұрыс ұйымдастырылғандығын және жұмыс барысында қауіпсіздік техникасының сақталғандығын; орындалған жұмыс сапасын, орнатылған нормалардың сақталуын; еңбекке деген саналы және адал қатынасты ескеруі керек)

Кәсіби білім беру шеберінің өзіне максималды қолайлы жоба жасау барысындағы мүмкіндіктерін көрсету үшін Н.И.Макиенкомен ұсынылған операциялық тақырыпты өтеу бойынша тағы да бір жоспар—конспект мысалын келтірейік.

Жоспар-конспект

шебер сабақтары _____ 200 ж.
(фамилия)

механика құрастыратын жұмыс темір шеберлерінің тобымен
«Ажырамалы байланыстарды жинастыру» тақырыбында

Дайындық сатылары	Мазмұны	Сабақ бойынша шебердің ескертпелері
Сабаққа дайындық (сабақ басталмастан бұрын)	Жұмыс орындарының жағдайын тексеру. Таратуға арналған оқу нысандары мен құралдарын таңдау. Материалдық-техникалық жабдықтау : Құралдар: штангенциркулдер,	

Дайындық сатылары	Мазмұны	Сабак бойынша шебердің ескертпелері
	Құралдар: қол бұрғылары, сомын бұрағыш, бұрандама қысқыш, сүмбіл. Жұмыс нысандары: бұрандалы және винтті байланыстар түйіні, оқу плиткасы. Материалдар: ніл, машина майы, керосин, тотияйын. Оқулықтар мен оқу құралдары: «Өнеркәсіп өнімдерінің жинағы», «Машина құрастыру негіздері» плакаттары, жинақталатын түйін сызбалары, технологиялық карталар, анықтамалық кестелер Ұйымдастыру бөлімі Таңғы жиын өткізу — 8.00. Оқушыларды жұмыс орындарына бөлу және құрастыру өнімдерін, құралдарын және құжатнамаларды тарату— 8.10 — 8.25	
Кіріспе нұсқама	Тақырыптың оқу-тәрбиелік тапсырмаларын түсіндіру және бір күндік жұмыс ретімен таныстыру — 8.25 — 8.35. Алмалы-салмалы байланыстарды құрастыру бойынша оқушылардың білімін тексеру, қосымға түсіндіру (8.35 — 8,50): 1) алмалы —салмалы байланыс құрылғылары мен тағайындалуы; 2) бұрандалы байланыстарды тексеруді қабылдау; 3) құралдарды іріктеу ережелері . Бір уақытта өнімді көрсете отырып, сызбалар мен технологиялық карталарды талдау — 8.50 — 9.20. Машинадағы алмалы-салмалы байланыстардың рөлі туралы еске түсіру (құрастырылымның нақты болмауы машиналар мен механизмдердің ақауын тудырады, апаттарға, машина жұмысының мерзімінің қысқаруына, олардың жұмыс өнімділігінің төмендеуіне әкеледі). Оқушылардың жинақ сапасына жауапты екендіктерін көрсету. Техникалық	

Дайындық сатылары	Мазмұны	Сабак бойынша шебердің ескертпелері
	талаптардан ауытқуға тыйым салынатындығын ескерту. Жинақ әдістерін көрсету Шпилькаларды екі сомын және қырланған сына әдісімен орау тәсілдеріне толығырақ тоқталу. (бөлшектерді бекіту мен көпбұрандалы созу тәсілдері). Құрастырудың алдыңғы қатарлы тәсілдері туралы айту, оларды көрсету, неге еңбек өнімділігін арттыруға тырысу керектігін түсіндіру. Оқушылармен құрастыру ретін талдау. Оқушылар нұсқаманы қалай түсінгендерін тексеру, — сұрақтар қою: 1. Бұрандалы байланыстарды құрастыру қалай жүзеге асады? 2. Мүмкін болатын ақау жағдайлары мен олардың алдын алу шаралары? 3. Көп бұрандалы байланыстарды құрастыру реті қандай? Қауіпсіздік техникасының ережелері мен құралдарды ұқыпты қолдануды еске түсіру.	
Жаттығулар (оқушылардың өзіндік жұмысы)	Оқушылар бұрандалы және винтті байланыстарды ажыратуы және жинастыруы керек— 9.20 — 13.10 (1 сағ 30 мин сайынғы демалыс үзілістерімен): а) бөлшектердің жарамдылығын тексеру; б) бөлшектер мен құралдарды жинастыруға дайындау; в) технологиялық құжатнаманы үйрену; г) бұрандалы және көпбұрандалы байланыстарды жинастыру; д) шпилькалардағы байланыстарды жинастыру; е) винтті байланыстарды жинастыру	
Ағымдағы нұсқама	Бірінші тексеріс: жұмыстың ұйымдастырылуын тексеру (жұмыс орнын, бөлшектерді, құралдарды жинастыруға дайындықты). Екінші тексеріс: шпилькалар мен винттердегі көпбұрандалы байланыстардың жинастырылуының дұрыстығын тексеру. Үшінші тексеріс: тапсырманың орындалу барысын тексеру. Оқушылардың орындаған жұмыстарын қабылдау және тексеру. Үлгерімі жақсы оқушыларға қосымша жұмыстар беру	
Қорытынды нұсқама	Өңгімелесу сызбасы — 13.10 — 13.50. Алмалы-салмалы байланыстарды жинастыру барысындағы оқушылар жіберген қателіктерді талдау.	

Дайындық сатылары	Мазмұны	Сабақ бойынша шебердің ескертпелері
	Біркүндік жұмыс қорытындысы мен әрбір оқушының бағасын хабарлау. Оқушылардың қайсысы үздік сапаға қол жеткізгенін атап өту. Келесі сабақта алынып-салынбайтын байланыстарды жинастыру өтілетіндігін хабарлау. Оқулық бойынша және дәптердегі жазбалар бойынша байланыстар құрылымын, қолданылатын құралдар мен оларды қолдану ережелерін қайталауды ұсыну. Шегеленген байланыстар бойынша бірнеше мысалдар мен тапсырмаларды шешу. Жұмыс орнын жинастыру. Журналды толтыру Келесі күнге арналған жұмыс жоспарын құрастыру. Келесі сабаққа дайындау: 50 оқу плитасын, 200 тойтарманы, 25 балға, 25 сықпа	

Шебер _____


Аға шебер бекітті _____

_____ 200__ ж.

Осылайша, шебердің жұмыс жоспары формасы бойынша да, мазмұны бойынша да әртүрлі болуы мүмкін. Кез келген жағдайда есте сақтау керек, өндірістік білім беру шеберінің оқу жұмысының жоғарғы деңгейінің маңызды шарты— сабақты өткізудің сапалы жоспарын дайындау.

Білім берудің әртүрлі кезеңіндегі сабақ өткізудің әдістемелік тәсілдері

Әрбір сабақ — бұл кәсіби білім беру педагогының шығармашылығы. Жүздеген, мыңдаған сабақтардың жемісті болуы топпен бірінші кездесу қалай өтетіндігіне, бірінші сабақтан кейін оқушылар қандай әсер қалдыратындықтарына байланысты. Сондықтан, сабақ неғұрлым қызықты болған сайын, оқушылар да оған белсене қатысады, сабақтың барлық сатыларының ұйымдастырылу формалары қаншалықты әртүрлі болса, соншалықты өнімді болады.



Сонымен бірге сабақты ұйымдастыру барысында үлгіден бас тартудың мақсаттылығына, әртүрлі дидактикалық әдістерді іздеу мен қолдану қажеттіліктеріне қарамастан, сабақтың объективті орнатылған сатылары бар. Олар өндірістік білім беру сабақтарында ПТО көптеген жылдық тәжірибесімен бекітілген сабақтың үйлесімді жүйесін құрай отырып кездеседі. Сатылардың ұзақтығы, кей кездерде олардың болмауы немесе болуы сабақ түріне байланысты.

Келтірілген сабақ құрылымы—догма емес, және түрлендірмеге ие. айырмашылықтар, бәрінен бұрын сабақтарды ұйымдастыру және жүргізу әдістемелерінің, кәсіпті оқудың әртүрлі кезеңдеріндегі нұсқамалардың ерекшеліктерінде көрініс беретін болады.

Өндірістік білім беру сабақтарының жіктелуін келесідей келтіруге болады:

— *кіріспе сабақ*—болашақ кәсіп мазмұнымен, шеберханалардағы немесе өнеркәсіптегі өзін—өзі ұстау ережелерін, болашақтағы жұмыс ерекшеліктерін бірінші рет таныстыратын танымдық—ақпараттық сипаттағы сабақ. Әдетте оқу кезеңінің басында жүргізіледі.

—*еңбек тәсілдері мен операцияларды зерттеу сабағы*—оқушыларда бастапқы кәсіби қасиеттерді қалыптастыру сабағы;

—*кешенді жұмыстарды орындау сабағы*—кешенді сипаттағы қарапайым және күрделі жұмыстарды жүргізу барысында кәсіпке тән қабілет бекітілетін және жетілдірілетін сабақ;

—оқушылардың білімдерін, дағдылары мен қабілеттерін тексеру сабағы (*бақылау—тексеру*).

3.1. Кіріспе сабақтарын өткізу әдістемесі

Кіріспе сабақтары болып бірінші курстағы бастапқы сабақтар ғана табылмайды, оқу бағдарламаларында ол дәл солай аталады. Әдістемелік тұрғыдан мұндай сабақтарға бағдарламалардың бастапқы жаңа үлкен бөлімдерін, сонымен қатар оқу барысында ұзақ уақыт аралығын алатын тақырып бойынша бірінші сабақтар кіреді. Және топ демалыстан кейін жиналғандағы келесі курстардағы бірінші сабақтарды да кіріспе сабақтарға жатқызуға болады: есейген оқушылар шеберліктің оғары деңгейін талап

ететін жаңа тапсырмаларды шеше бастайды.

Бірінші кіріспе сабақтың тапсырмасы бірінші курста оқушылар алдында таңдап алған кәсібінің қызықтылығын және қажеттілігін баяндау, олардың таңдауларының дұрыс болғандығына көз жеткізу. Асыра айтқанда, осы сабақта оқушылардың болашақ мамандығына деген махаббаттарының алғашқы тасын қалау. Өйткені училищелер мен колледждерге түскен көптеген абитуриенттер таңдап алған мамандығының ерекшеліктері мен маңызы туралы күңгірт түсінікке ие. Біреулерге туыстары кеңес берді, біреулері жақын достарының жанында болғысы келді. Ал кейбіреулері өздері қалаған мамандыққа түспей қалды, сондықтан оқу орнының қабылдаушы комиссиясының ұсынысымен келісуге тура келеді. Өкініштісі, мұның барлығы— шындық, және әрбір педагог—тәжірибелілері де, бастауыштары да —осындай жағдайлармен жиі кездесіп жатады.

Міне сондықтан шебердің кіріспе сабақта алғаш айтқан сөздері шеберханадағы ережелер, немесе киім үлгісіне қойылатын талаптар туралы болмау керек. Ол туралы да айтылуы керек, бірақ кейінірек. Сөзді мысалы, осы мамандықты мадақтаудан бастау керек: қаншама уақыт бойы адамдарға қажетті мамандықтардың бірі болып келеді немесе ғылыми—техникалық ілгерілеу толқынында жақында пайда болды және керемет болашаққа ие. Мамандық туралы бірнеше әсірелеп айтылған сөздерден қорқудың қажеті жоқ: оқушы жасаған таңдауының қателік еместігіне көз жеткізуі керек, берілген мамандықтың болашақта лайықты орынға отыруға көмектесетіндігіне, жоғары жалақы мен отбасына жақсылық әкелетіндігіне сенімділік тудыру керек.

Әдістемелік тұрғыдан, мамандық тарихына осы мамандық бойынша жетістіктерге жеткен шеберлерді мысалға келтіре отырып, шолу жасап өткен жөн. Шебер осы мекемеге еш нәрседен бейхабар болып келген, бірақ өз ісінің шеберіне айналған мамандардың жұмыс үлгілерін көрсете алады. Және бұл осында келген студенттердің барлығының қолынан келеді. Оқушылар алдында болашақта биіктерден көріну мүмкіндіктерін жайып салу: жоғары оқу орындарына түсу, атақты өндіріс орындары мен фирмалардан мамандық бойынша жұмыс табу. Бетпе—бет әңгіме, көптеген сұрақтар, оларға ашық жауап беруі бірінші минуттан топта сенімділік және психологиялық жайлылық атмосферасын

қалыптастырады.

Кіріспе сабақтың осылай басталуы қауіпсіздік техникасы ережелері тізімі мен өрт қауіпсіздігін түсіндіргенге қарағанда жоғары нәтиже береді.

Әдістемелік жоспарда кіріспе сабақта *жаңа үлкен бөлімді, күрделі тақырыпты бастамас бұрын* әңгіме жүргізіледі. Мұнда ең бастысы—мәлімдеме, берілген тақырып—өз ісінде жетістікке жетудегі кезекті саты, шынайы кәсіпқойлыққа басқан тағы бір қадам. Шебер оқушыларға осындай қызмет атқарған нақты адамдардың жетістігін мысалға келтіруі керек. Әрбір мамандықта ондай оқиғалар жетерлік.

Біріншіден, мұндай әңгімелер тәрбиелік тұрғыдан тиімді. Кез—келген жасөспірім өзінің қабілетімен үлкен жетістіктерге жетуге тырысады; бұл олардың өз күшіне деген сенімділіктерін арттырады, өздік бағасын қалыптастырады. Екіншіден, оқушыларға алға қойған мақсаты анық және түсінікті болғанда, олар одан да жоғары мақсаттарға жетуге ынталанады.

Өнеркәсіптегі өндірістік тәжірибеге шықпас бұрын кіріспе сабақтарын жүргізу өзінің әдістемелік ерекшеліктеріне ие. Осы сабақтағы әңгімеде екі бағыт атап көрсетілуі керек.

Біріншіден, көп жағдайда оқу шеберханаларынан ерекшеленетін жаңа өндірістік жағдайларға тез және жемісті бейімделудің маңызын түсіндіру. Бұл жерде шынайы өндіріс жағдайында және маңызды тапсырмаларды орындау барысында ғана әрбір оқушының жеке біліктілігі көрінеді. Оқушылар бұл өзіндік еңбек жолына шығудағы соңғы саты және олар қазір өз істерінде өздерін жетілдіру мүмкіндіктеріне ие екендігін түсінулері керек.

Әңгімедегі екінші бағыт оқушылар алдын ала дайын болуы керек мүмкін болатын жағдайлардың психологиялық тараптарымен байланысты. Үйренбеген ортадағы бірінші әрекеттер сенімсіз, тіпті қате болуы да мүмкін. Ол өндірушілер тарапынан теріс реакция тудыруы мүмкін. Өндірісте өзі қатарлас жұмысшылар мазағына ұшырауы де мүмкін. Барлық тәлімгерлер шыдамды әрі адамгершілікті емес. Міне осы жағдайларға қатысты әңгіме барысында шебер оқушыларды осындай жағдайларға дұрыс жауап беру қажеттігін ескерту керек—балалықпен әдепсіздік көрсетпеу, ұстамдылық танытып, өз—өзіне ие болу. Осындай

әңгіме барысында шебер оқушыға сенімділік танытуы керек және оқушылар өздерінің жалғыз еместігін ,педагогтер ұжымы үнемі көмекке келетіндігін сезінуі керек.

Шебердің білім берудің түрлі сатыларында кіріспе сабақтарын өткізу кезінде әдістемелік аспектілерді ескеруі оң нәтиже береді, тұлға аралық қарым—қатынастың жақсартуына көмектеседі.

3.2. Өндірістік операцияларды зерттеу сабақтарын өткізу

Шебер оқушылардың қандай да бір тәсілдер мен жеке операцияларды меңгеруімен байланысты тақырыптарды зерттеу барысында келесі дидактикалық тапсырмаларды шешуі керек.

Біріншіден, оқушыларды берілген жұмысты жемісті орындап, мүмкін болатын қателіктердің алдын алуға дайындауы және де еңбек жағдайының қауіпсіздігімен қамтамасыз етуі керек.

Екіншіден, күрделі болып табылатын алдағы әрекеттің ерекшеліктерін әрбір оқушының түсінуіне қол жеткізу керек. Және бұған шебердің санасындағы психологиялық тосқауыл кедергі келтіруі мүмкін: «Бұл өте оңай ғой!» . Негізінде әдеттегі жұмысты сан мәрте автоматты түрде орындап жүрген адам оны өзінің алғаш қалай орындағанын есіне түсіре алмауы мүмкін. Бірақ оқушы өзіне таңсық материалмен расымен бірінші рет танысады. Әр оқушының алдыда болатын жұмыс ерекшелігін түсінуі, оны қабылдауы әртүрлі және осы жайтты кәсіби білім беру шебері міндетті түрде ескеруі тиіс.

Сондықтан тәсілдер мен операцияларды зерттеумен байланысты сабақтарды өткізудің негізгі ерекшелігі кіріспе нұсқаманы бүкіл сабақ бойы «созу» болып табылады. Ереже бойынша сабақтың басында жүргізілетін кіріспе нұсқама оқушы жеке жаттығуды өздігінен орындау барысында қайталанып отыруы керек, тіпті шебер «барлығы түсінді» деп ойлаған кезде де. Бұл оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әрқайсысының материалды меңгеру қарқынын анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, қажет болған жағдайда шебер оқушының әрекетіне байланысты оқу-нұсқамалық материалдың кез—келген бөліміне қайта орала алады.

Жұмыс тәсілдерінің дұрысы орындалуын сабырлылықпен қайталап көрсету, оқушыларда туындаған мәселелерді ескеру және уақытында оларға көмек көрсету-осы тапсырмалар бойынша жүргізілетін сабақтағы шебердің мақсатты тексерісінің негізі.

Бағдарлама бойынша еңбек тәсілдерін немесе операцияларды меңгеру қарастырылатын сабақтарды өткізу жоспарларында кіріспе

нұсқамалықтарды өңдеуге ерекше назар аударылады. Материалдардың ерекшеліктеріне байланысты әрбір жеке жағдайда кіріспе нұсқамалық келесідей мазмұндарға ие болуы мүмкін:

- оқушыларды алдыда болатын оқу жұмысының мазмұнымен және оқытылатын мамандықты меңгерудегі оның маңызымен таныстыру;

- алдында оқытылған теориялық материалдардың қайсысы жұмыс барысында сұранысқа ие болатындығын түсіндіру (қажет болған жағдайда оларды қайталау);

- ерекше мезеттерді(жұмысқа дайындық әдістерін, орнату, бекіту ерекшеліктерін) түсіндіре отырып, жұмысты орындау барысында қолданылатын құралдарды, материалдарды, жабдықтарды көрсету;

- осы немесе басқа да тәсілдерді немесе операцияларды орындау ерекшеліктерін көрсету және түсіндіру (ұсынылған көрсетілім әдістемелерін қатаң түрде сақтай отырып);

- оқушылардың назарын қателіктерге, дұрыс емес нәтижеге, ақауларға, сынықтарға әкелуі мүмкін себептерге ерекше аудару;

- оқушыларды қауіпсіздік техникасымен таныстыру, қауіпті аймақтарды ескерту, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру қажеттігі туралы түсіндіру.

Егер сабақ жұмыстың негізгі тәсілдерін меңгерген оқушылармен өткізіліп отырса, онда берілген тақырып бойынша өткізілетін сабақтың кіріспе нұсқамасы қосымша келесі тармақтардан тұрады:

- сабақ тапсырмасын орындаудың оңтайлырақ әдістері мен тәсілдерін көрсету;

- өндірістегі жаңа құралдар мен технологияларды қолдануды , еңбектің үздік әдістерін көрсету.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осындай тармақтарды енгізу оқушылардың қызығушылықтарын және олардың жұмыс белсенділіктерін айтарлықтай арттырады.

Оқушылар технологиялық операцияларды орындау барысында, әсіресе білім алудың бастапқы сатыларында оларды кіріспе нұсқамалықтағы жазбаша материалдарды (карталармен) қолдану ережелерімен таныстыру керек. Осының арқасында әрбір оқушы берілген тапсырманы оның бірізділігін сақтай отырып және өз әрекетіне деген сыни қатынас дағдыларын жетілдіре отырып орындай алады-біз мұны өзін-өзі бақылау деп атаймыз.

Айтып өткеніміздей, осындай сабақтарда оқушылардың өздік жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл жерде шебердің жетекшілігі ағымдағы нұсқамалық түрінде жүзеге асырылады. Ол дегеніміз жұмысты орындап жатқан оқушыларды шебердің мұқият бақылауында жүзеге асатын мақсатты тексерісі. Мақсатты тексеріс деп атау себебіміз оның негізгі мақсаты нақты әрекеттің

орындалуының дұрыстығын тексеру болып табылады. Мысалы, шебер оқушылардың жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастырғандығын, көрсетілген қауіпсіздік ережесінің сақталғандығын тексереді. Және де тексеріс барысында алға қойылған мақсаттан ауытқымауға тырысады-әрине, егер оның араласуын қажет ететін жағдайлар туындап қалмағанда.

Келесі тексерістер әртүрлі мақсатпен жүзеге асырылуы мүмкін және оларды өткізудің бірнеше тәсілдері бар.

Біріншіден, әрбір оқушының жұмысын бақылау барысында қажет болмаса, олардың жұмысына араласып керек емес.

Екіншіден, оқушылар тарапынан қателіктер анықталған жағдайда, шебер оларды бірден түсіндіріп, өзі жөндеуге кірісіп кетпеуі тиіс. Оқушының жұмысын бірге саралау арқылы (шебердің көмегімен) оқушы өз қателігін өзі тауып, оны өзі жөндегені тиімдірек.

Үшіншіден, дұрыс емес әрекеттер анықталған жағдайда ашуланшақтық танытып, оқушыны түсінбегендігі үшін кінәлауға болмайды. Бұл қарым-қатынастың шиеленісуінен басқа еш нәрсе бермейді. Керісінше, шебердің шыдамды және мейірімді қарым-қатынасы және жіберілген қателіктерге қарамастан оқушының тапсырманы орындай алатындығына деген сенімділігі оқушының өз күшіне деген сенімділігін, жұмысқа деген қызығушылығын тудырады.

Егер оқушылардың айтарлықтай бөлігі бірдей қателік жіберсе, қосымша ұжымдық (топтық) нұсқамалық сабақ жүргізу қажет. Яғни, бұл шебердің кінәсі (кіріспе нұсқамалықты дұрыс түсіндірмеген), жай ғана қайталау ойға қонымды емес! Басқа, өнімдірек түсіндіру нұсқасын табу қажет.

Соңғы тексерістердің мақсаты келесі сабақтар қорытындысын жасауға қажетті орындалған операциялық жұмыстарды қабылдау және бағалау (оқушыларға хабарлаусыз).

Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар жұмыс орындарын жинастырады, дайын немесе аяқталмаған өнімдерді, пайдаланылмаған материалдарды, құралдар мен технологиялық құжатнамаларды өткізеді, ал кезекшілер бүкіл шеберхананың тазалық жұмысын жүргізеді.

Қорытынды нұсқамалықты әдетте белсенді әңгіме түрінде жүргізеді. Бұл кезде қорытынды шығарудың дұрыс үндестілігін таңдау маңызды, осы жерде шебердің жеке біреуге тартушылығы көрініс бермеуі тиіс: «Сүйікті оқушылар» мен «аутсайдерлер» жоқ. Үздік оқушыларды мақтау, ынталы оқушылардың жетістіктеріне және аздаған қателіктеріне қанағаттану дұрыс болады. Және де тапсырманы толықтай орындай алмаған оқушыларға олардың қателігінің себебін түсіндіріп, келесі жолы жетістікке жететіндігіне

сенімділік таныту керек.

Аяқталған жұмысты қойылған бағаның не үшін және неліктен қойылып жатқандығын оқушыға түсіндіре отырып бағалау қажет. Және де шебер бәрінен бұрын орындалған жұмыс сапасын негізге алады. Білім алудың осы сатысында теріс бағалар қойылмауы тиіс. Бұл еңбек психологиясын растайды.

Жас шебер өз жұмысында келесі ережені ұстануы тиіс: *топ алдында ешқандай «сөгіссіз»*. Оқушымен оңашада әңгімелесу керек, әңгіме барысында шебер оқушының оқу материалын жеткіліксіз меңгергендігіне мазасыздығын білдіреді, қабілеттілігі жоғары оқушының кәсіпті нашар меңгергендігіне, өз болашағын аз ойлайтындығына өкініш танытады.

Мұндай әңгімелер шебер мен оқушыларды жақындастырады, ал жетекшінің шынайы қатынасы оқушыда жұмысқа бүкіл ниетімен берілу сезімін оятады.

Қорытынды нұсқама кезінде шебер үй тапсырмасын беруі керек. Мұндай тәжірибе жүйе болып қалыптасуы керек, өйткені кәсіпті меңгеру оқу орны қабырғасында өткізілетін уақытпен ғана шектелмеуі тиіс. Оқушының анықтамалықты пайдаланып немесе «Керемет адамдар өмірі» сериясындағы «Жаңашыл» кітабындағы өз мамандығы туралы бөлімді оқи отырып және кітап бойынша келесі сабаққа қажетті материалдарды қайталау арқылы ұмтылысы өнімді әдіс болып табылады.

3.3. Кешенді жұмыстарды орындау бойынша сабақтарды өткізу

Осы текті сабақтардың дидактикалық тапсырмалары оқушыларда кәсіби біліктілікті қалыптастыру бағыттарында айырмашылықтары бар бірнеше мақсатты көздейді. Өндіріске оқыту сабақтарында кешенді жұмыстар тақырыптары бойынша оқушыларда келесі өндірістік дағдылар және икемдер меңгерілулері және бекітілулері қажет:

- Барынша оңтайлы нұсқаны таңдай отырып өнімді өңдеудің технологиялық реттілігін (технологиялық үрдіс) өз бетінше құрастыру қабілеттілігі; өңдеудің дайын реттілігі бар құжатнама болғандағы технологиялық тәртіпті қатаң сақтау;
- Өздігінен құралдарды, жабдықтарды, құрылғыларды және т.б. таңдау, оларды реттеу, орнату және т.б.;
- технологиялық операциялармен байланысты қажетті есептеулерді жүзеге асыру, әртүрлі операциялар мен тәсілдердің сипатты үйлестіру қабілеті;

- бағдарламада орнатылған уақытта өнімділіктің берілген нормаларына жақындау мақсатында жұмысты орындау барысында талап етілетін нақтылық пен жылдамдыққа қол жеткізу қабілеті.

Оқушылардың кешенді жұмыстарды орындаулары бойынша сабақтары олардың осы уақытқа дейін нені үйренгендерінің және осы дағдыларын нақты жұмыста қалай қолдана алатындықтарын көрсететін көрсеткіш болып табылады.

Сондықтан, кешенді жұмыстарды орындауға үйрету барысында оқу жұмыстарының сол элементтері (кіріспе нұсқаулық, оқушылардың өзіндік жұмыстары, ағымды нұсқаулықпен сүйемелдеу, қорытынды нұсқаулық) қолданылатындығына қарамастан, шебер сабақтарды жүргізудің әдістемелік ерекшеліктерін ескеруі керек. Олар сабақтарға дайындалған оқу-технологиялық құжаттамаларға да және кіріспе және ағымдық нұсқаулықтардағы түсініктемелердің белгілі бір ерекшеліктеріне де қатысты.

Егер де операциялық сабақтарда нұсқаулық карталар толық болса, және бе бұл оқу жұмысының ақталған және міндетті шарты болса, кешенді жұмыстар үшін құжаттаманың бұл түрі жарамсыз. Оқушылар технологияның бірқатар сұрақтарын шешуде дербестікке, қиындықтарды жеңуге бейімделулері қажет. Сондықтан, егер де жазбаша нұсқаулық құжаттама қолданылатын болса, ол толымсыз сипатқа ие болғаны дұрыс – бұл оқушыларда технологиялық реттілікті құрастырудың оңтайлы жолдарын іздестіруде шығармашылық амалдарды және бастамаларды дамыту мақсаттары үшін қажет. Бұл кәсіпті меңгерудегі жетілудің аса өнімді тәсілі.

Сәйкесінше өңделетін өнімдер сызбасы мазмұнына деген көзқарас та өзгереді. Егер де оқытудың бірінші сатыларында сызбаларға қарапайым сипат тән болса, кешенді жұмыстарды өту барысында олар бұйымға қойылатын барлық техникалық талаптарды қамтулары қажет. Бұл шартты белгілеулерге де, ары қарай өнім өтетін келесі технологиялық операцияларға қойылатын нұсқауларға да қатысты. Заттардың бұл қалпы нақты өндірісте де ерекше орынға ие, сәйкесінше, оқушылар өздері ұшырысатын өндірістік жағдайларды меңгерулері қажет. Кіріспе нұсқаулықтарды жүргізуде осы мәселелерге міндетті түрде назар аударылады.

Кешенді жұмыстар бойынша сабақтарға арналған кіріспе нұсқаулықтар барлық топтар үшін біркелкі тапсырмаларға сирек қатысты болады. Берілген тақырып бойынша орындалған жұмыстар алдыңғы қатарлы сипатқа ие емес, бұл белгілі бір дәрежеде шебердің жұмысын күрделендіреді. Әдетте оқушылар бір уақытта алуан түрлі, бірақ біртекті тапсырмалармен жұмыс

жасайды. Сондықтан шеберде кіріспе нұсқаулық барысында барлық орындалған жұмыстарды талқылау мүмкіндігі жоқ. Осының салдарынан нұсқамалықты өткізу тактикасы шебер жұмысындағы негізгі назар жеке ағымдағы нұсқаулыққа аударылатындай құрылуы қажет.

Кіріспе нұсқаулықтың бірінші сатысында топтың барлығына түсіндірілуі қажетті сұрақтар талқыланады. Бұл кезде оқушыларға жұмыс барысында жаңадан кездестірілетін операциялар немесе құралдар ғана көрнекіленеді (себебі негізгі дағдылар меңгерілген болулары керек). Сонымен қатар, жұмыстарды түрлендіру және келесіде шебердің жекеше кеңес беруге көңіл бөлуі күшінде, нұсқаулықта ерекше назар оқушылардың жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін сақтау талаптарына аударылуы қажетті.

Оқушылардың өзіндік жұмыстары уақытына ауыстырылған және нақтысында ағымдық болып табылатын кіріспе нұсқаулықтың екінші сатысында шебер нақты жұмыстар бойынша кеңестер береді. Осымен қатар, егер де оқушылардың бір қатарлары біркелкі тапсырмаларды орындаса, кеңес беруді де осындай топ (бригада) үшін жүргізген дұрыс. Жұмыс орындарын барлауды орындай отырып, шебер оқушыларды шамадан тыс бағып-қақпауға тиісті. Жұмыста ақаулар болғанда ғана, немесе оқушыларда тығырықтық жағдайлар туындағанда ғана араласу қажет. Оқушылардың кешенді жұмысты орындаулары дербестігі деңгейі жоғары болған сайын, осы уақытта алынатын икем және дағдылар да негізді болады.

Шебер, кешенді жұмыстар барысында оқушылармен орындалған жұмыстарды қабылдау және бағалауға көп уақыт жұмсауы қажеттілігін есте сақтауы қажет, себебі ерекше назар бұйымның сызба талаптарына және олардың сапаларына аударылады. Сонымен қатар орнатылған тапсырмаларды орындау да ескеріледі (сандық жоспарда).

Мақсаттық барлау уақытында, шебер оқушылар жұмыстарын жалпылауда келесі түсіндірмелер үшін, фактылар таңдауы қажет.

Қорытынды нұсқаулықта әрбірінің жұмысын бағалаудың әдеттегі шарасымен қатар топпен талқылау нысаны ретінде жеке оқушылармен ұсынылатын жұмыс үрдісін оңтайландыру мысалдарын, мәселелердің сәтті шешімдерін талдауды алуға болады. Осындай әңгімелер ерекше оқу қызығушылыққа ие, себебі екі мақсатқа қол жеткізеді. Бір жағынан, мақтаулар жетістікті оқушыларды қанаттандырады, олардың өздерін танытуларына ықпал етеді. Екінші жағынан, бұл олардың топ бойынша жолдастарында келесі сабақтарда ынта танытуларына ықпал етеді.

Осылайша, кешенді жұмыстарды оқыту бойынша сабақтарды жүргізу шеберден оларды дайындауға, сонымен қатар ең алдымен жоғарыда көрсетілген оқу мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тәсілдерін ойластыруды қарастыратын әдістемелік дайындыққа да жауапты қатынасты талап етеді.

Ескере кететін жайт, кешенді жұмыстарды орындау бойынша сабақтарда да қималарға жол берілмейді. Оларды жүргізудің басты мақсаты – өндірістік тәжірибеде нақты өндіріс жағдайларында жұмыстарды тәуелсіз орындауларына дайындау. Сәйкесінше, олардың шеберлік және біліктіліктің қажетті дәрежесіне жетулері шебердің іске ойланып келуіне, оның оқушыларының дербестік танытуға дайындылықтарына, өз жұмыстарындағы шығармашылықтағы және ынталарына ғана тәуелді.

3.4. Өндіріске оқыту сабақтарының арнайы түрлері және оларды жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері

Өндіріске оқыту тәжірибесінде оның түрлі сатыларында сабақтардың басқа да түрлері кеңінен қолданылады:

- Жаттықтырулардағы жаттығулар;
- Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар;

- Оқу-өндірістік ойындар;
- Саяхаттар және басқалары.

Олар жеке топқа оқу әрекеттерінің осы түрінің арнайылығынан емес, шеберді оларды жүргізуге және жоспарларын құруға даярлауда әдістемелік ерекшеліктерін есепке алу қажеттілігінің нәтижесінде бөлінген.

Жаттықтырулардағы жұмыстар жаттығулар түрінде жүргізіледі және келесі мақсаттарға арналынуы мүмкін:

- Әрекеттерінің нақтылығы және сенімділігіне қол жеткізу үшін бастапқы дағдыларды қалыптастыру (мүмкіндігінше қозғалыстық);
- Кәсіби әрекеттер алгоритмін меңгеру;
- Күрделі құрылғыда жұмыс жасауға алдын ала дайындықты.

Жаттықтырушы — оқу-өндірістік үрдісте өндірістік жағдайларды қайталауға мүмкіндік беретін оқытудың техникалық құралдары. Оқытуда жаттықтырушылар дайындықтың жалғыз тиімді құралы болып табылатын кәсіптер қатарлары жетерлік (химиктер-аппаратшылар, бірқатар көлік жүргізушілік кәсіптер және т.б.). жаттықтырушылар қосымша оқу техникалық құралдар ретінде түрлі құралдар, құрылғылар және аппаратуралардың жұмысында

кателіктерді жою үшін іздестіру жағдайларында қолданылады. Оқушылар қауіпке ұшырамайтын технологиялық үрдістерді, апаттық жағдайларды және т.б. нақты және қол жетімді қайталауға мүмкіндік беретін электрондық-есептегіш техниканы қолданулы жаттықтырғыштардағы жаттығулар аса тиімді. Оқытудың бұл түрінің артықшылығы оқушылар әрекеттеріндегі кателіктерді толық жойғанға дейін жағдайды көп реттік үлгілеу мүмкіндігі.

Жаттықтырғыштарда жұмыс жасау әдістемесі жүйелілікті (белгілі бір жағдай нақты әрекеттер үшін үлгіленеді), оқушылардың нақты, біртекті түсінікті нұсқаулықтармен қамтамасыз етілулерін қарастыруы қажет. Себебі оқушыларды алдыңғы қатарлы қамту бұл жерде әрқашан мүмкін бола бермейді, жұмыс жылжудың қатаң ұсталынатын графикасымен жүзеге асырылады.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар оқу бағдарламасының салыстырмалы күрделі бөлімдері бойынша жүргізіледі. Оның маңызы: теориялық және өндіріске оқыту арасындағы байланыстарды орнатуында; тәуелсіз бақылау және талдаулар негізінде технологиялық үрдістің түрлі заңдылықтарын және байланыстарын меңгеруде; тәжірибе нәтижелері бойынша қорытындылардың жүйелілігінде.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар келесілерді қамти алады:

- Бақылау-өлшегіш құралдар және аспаптарды қолдану тәсілдерін зерттеу;

- Машина және механизмдер түйіндерінің өзара әрекеттерін бақылау және талдау, құрылғына және құралдар, аппараттар және т.б. жұмыстарын сипаттау;

- Кателіктер диагностикасын, аппаратураны баптау және реттеуді;

- Материалдар қасиеттерін анықтауды, беткей бұдырлығын, кесу құралдарының геометриясын бағауды және т.б..

Айтарлықтай дидактикалық құндылығымен ерекшелене отырып бағдарламаның жеке тақырыптары бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар белгілі бір дайындықты талап етеді. Шебер жұмыстың мазмұндық және материалдық бөлімін, олар бойынша есептеме түрін құрастырады. Зертханалық-тәжірибелік жұмыс бойынша жазбаша нұсқаулық келесілерді қамтуы мүмкін:

- Кіріспе бөлім (жұмыс тақырыбы және мақсаты, қажетті ақпараттық-теориялық блок, қолданылудағы құрылғы, жабдықтар, құралдар тізімдері);

- Жұмыс барысының мазмұны және оны орындау бойынша әрекеттер реттілігі;

- Нәтижелерді рәсімдеу бойынша ұсыныстар.

Қажеттілік болса жұмыста орындаудың қауіпсіз тәсілдерін сақтау бойынша ережелер қамтылулары қажет.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар фронтальды түрде (барлық оқушылар біртекті жұмыстарды орындауда) немесе практикум

түрінде (материалдық қор фронтальдық оқу мүмкіндігін бермегенде, жұмысты 2-3 адамдық тармақ атқарудың жылжымалы графигі бойынша орындайды) жүргізіле алады.

Бұл жұмыстар тікелей жаңа материалды оқуда (сабақ бөлігі ретінде) немесе тақырыптың сәйкес бөлімін оқудан кейін орындалады. Зертханалық-тәжірибелік жұмыс уақыты және жүргізілу мақсаттылығы жайлы шешімдерді кәсіби оқыту шебері қабылдайды.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды орындауда келесі әдістемелік реттілік қолданыла алады:

1) Ұйымдастыру бөлімі (оқушылардың қатысуларын және олардың жұмысқа дайындықтарын бақылау);

2) Жалпы нұсқаулық жасау (зертханалық-тәжірибелік жұмыс тақырыбын, оның мақсаттарын және мазмұнын хабарлау), берілген жұмысты орындауға қажетті теория сұрақтарын қысқаша қайталау (еске түсіру), еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық;

3) Оқушыларды жұмыс орындары бойынша орналастыру және (қажеттілік болса) оларға қосымша нұсқаулықтар беру;

4) Оқушылардың өзіндік жұмыстары (оларды жұмыспен және оны орындау, атқару тәртібімен таныстыру, шебердің жұмысты бақылауы, ағымдық нұсқаулық, есептемелерді құру, жұмыс орындарын тазалау және құрылғыны және есептемені өткізу);

5) Жұмысты орындау талдамасы (типтік қателіктерді, орындаудағы ағаттықтарды нұсқау).

Оқушылардың келесі зертханалық-тәжірибелік жұмыстар үшін білім, икем және дағдыларды меңгеру шамалары бойынша нұсқаулық карталардан біртіндеп жеке пунктiлер және нұсқаулар шегеріледі де күрделірек тапсырмалар қойылады: өздігінен қажетті құрылғыны таңдау, жұмысты атқару реттілігін анықтау, анықтамалар бойынша қажетті мәліметтерді таңдау және т.б.

Жұмыстарды жүргізудің бұл әдістемесі оқушыларда дербестілікті дамытып қана қоймай, сондай-ақ оқытылатын материалға ынтаны және шығармашылық қатынасты оятады.

Өндіріске оқыту бойынша оқу бағдарламаларының барлығында *өндіріске саяхат* қарастырылмаған. Алайда, оқушылар даярланудағы жұмыстарға арналған қазіргі өндіріс жайлы толық түсінікті беру ол жерлерді барып көрмей мүмкін емес. Көптеген сұрақтар белгілі бір заттармен олардың табиғи орталарында тікелей, оқушыларға көрнекі және түсінікті түрде таныстыру арқылы ғана шешіледі. Себебі оқу шеберханалары жағдайларынд оқушыларды құрылғымен немесе ғылым және техниканың соңғы жетістіктерін бейнелейтін материалдарды өңдеу тәсілдерімен таныстыру әрқашан мүмкін бола бермейді. Сондықтан саяхаттар – оқушыларды заманауи техника, технология және өндірісті ұйымдастыруға кәсіпорын жағдайларында тікелей тартудың жеткілікті тиімді тәсілі.

Осылайша, саяхаттар шебердің басшылығымен цехта, құрылыста, крмеде және т.б, яғни табиғи жағдайларда өндірістік үрдістер немесе

объектілерді ұйымдасқан бақылаулардың бір түрі болып табылады.

Саяхаттар қойылған мақсаттарына байланысты түрлі тағайындалуларға ие бола алады, және *жалпы таныстырулық және мақсаттық та* бола алады. Бірінші жағдайда мәселе өндірістің барлық бөлімдері жайлы, олардың құрылымы және сәйкес элементтер жинақтарының өзара әрекеттері жайлы түсіндірмелер алу мақсатында, қарапайым түсінік алу жайлы. Екінші жағдайда өндірістің жергілікті алаңымен тереңірек танысу орындалады (өндірістік құрылғының нақты түрімен, технологиялық үрдістің берілген сатысымен және т.б.).

Кез келген жағдайда да саяхатты жүргізу әдістемесінде келесі негізгі сұрақтарды ерекшелеуге болады: 1) саяхатқа дайындық;

2) Саяхатты жүргізу және 3) қорытындылар жасау.

Саяхатқа дайындық жету болжанатын оқу мақсаттарын анықтауды, саяхат орнын (нысанын) таңдауды, өндіріс өкілімен бірлестікте цех шекарасы бойынша орын ауыстырулары және цехтың ішінде орналасулары кезіндегі оқушылардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету жайлы міндетті бірлескен шешіммен саяхаттың жүру жолын анықтауды қамтиды. Сәйкесінше, оқушылардың өздері тәртіп ережелерімен саяхат барысында таныстырылулары қажет.

Саяхатты жүргізуде маңызды рөлге саяхат жеткешісі ие. Егер де ол шебердің өзі болса жақсы, алайда кейде ол нақты өндірістің барлық ерекшеліктерін түсіндіруге дайын болмайды, осы уақытта кәсіпорын қызметкері тартылады. Ол кездейсоқ таңдалынбауы қажет. Ол саяхат мақсатын білуге және техникалық мәліметтерді түсіндіру деңгейін анықтау үшін оқушылардың дайындық дәрежелерін ескеруі қажет. Көбінесе саяхаттың дидактикалық қызметтеріне қол жеткізу, оқушыларда қызығушылықтардың туындаулары, олардың политехникалық түсініктерінің кеңеюлері саяхат жетекшісіне байланысты болады.

Саяхат қорытындыларын жасау қорытынды әңгімелесулер, жазбаша есеп берулер түрлерінде, кәсіпорын тарихы бойынша фотосуреттері және материалдары, шағарылатын өнімдер жайлы, кәсіпорын байланыстары жайлы мәліметтері бар техникалық бюллетендер немесе альбомдар шығару түрінде жүзеге асырыла алады. Қорытынды форманы таңдау мақсаттылықпен орындалады.

Оқу-өндірістік ойындарды өткізу (іскерлік ойындардың әртүрліліктерінің бірі болып табылатын) — ортақ қызмет бойынша топтық оқытудың белсенді әдісі. Оның мақсаты нақты жағдайларды максималды қайталайтын жағдайларда нақты өндірістік тапсырмаларды шешудегі оқушылардың тәртіптерін немесе әрекеттерін даярлау. Жеткілікті тиімділігінің арқасында бұл форма кеңінен таралуда, сондай-ақ бастапқы мәліметтер және кіріспе (ойын барысы бойынша) ауызша, жазбаша түрлерде немесе жаттықтырушы құралдар бойынша ұсыныла алады.

Оқу-өндірістік ойындарды жүргізу барысында шешілетін

тапсырмалар әртүрлі болулары мүмкін – үрдістің нормадан түрлі ауытқулары жағдайларында орындаушы қызметтерінің сипатын анықтаудан мәселелерді шешуге арналған әдістерді іздеу және жинақтауға дейінгі. Шебер іскерлік ойындарды жүргізу нәтижесінде мүмкіндігінше жүзеге асырылатын мақсаттар және тапсырмаларды нақты ойластыруға міндетті. Жетістікке жету үшін ойынды өткізу уақытын анықтау (оқушылардың білім «қоржыны» жеткілікті ме), қажетті бейімделуді құру маңызды.

Осындай сабақты өткізу әдістемесі бірқатар жағдайларды сақтауды болжамдайды, оларды қамтамасыз етудің қағидалық маңызы бар:

- Оқушалар тәртіп ережелерін білулері қажет (оқушылардың барлықтары тең және тең құқылы; ұсынылған ойдың кез келген түріндегі сынға жол жоқ);

- Ойын алдын ала дайындалған сценарий бойынша жүргізілуі керек;

- Топ құрамындағы рөлдер алдын ала бөлінген болулары қажет;

- Ойын басында ширату өткізуге болады, ал мәселеге ену біртіндеп орындалады.

Тәжірибенің көрсетуінше, берілген жағдайдың шынайылығын, ойын қатысушыларының сәйкес баптарын құруда, жеткешінің сценарий барысы бойынша икемді әрекеттерінде сабақ жетістікке жетеді.

Осылайша, шебердің қол астында сабақтардың әртүрлері бар, оларды өткізу оқушылар үшін айқын танымдық қызығушылық түрі болуы мүмкін, ал бұл кездегі өзіндік жұмыс – интеллекті қалыптастыратын терең өнімді үрдіс. Сәйкесінше, тек тәжірибе және нақты жағдайлар жайлы білімдер шеберге жағдайға байланысты сабақтың қандай нұсқасын таңдау мақсатты екендігіне сілтеме бере алады.

3.5. Оқушылардың біліктілік дәрежелерін бақылау және бағалау әдістемесі (жетістіктің түрлі дәрежелерінде)

Дайындық сапасы — бұл өндірісшілердің жас жұмысшылармен алғашқы кездесулеріндегі өз күтөндерін байланыстыратын басты көрсеткіш. Сапалы және өндірістік қайтарым кәсіпорынға бүгін, жедел қажет. Өнеркәсіп жұмысшының талап етілетін біліктілік деңгейіне жетуін және өз ісін мүлтіксіз орындауын күте алмайды. Барлығы да шынайы өмірде жас жұмысшыға жаңа жағдайларға бейімделуі, белгілі бір уақыттарда өндірістік үрдіске «енуі» қажеттілігін түсінсе де, жұмысшы разрядқа FKO мектебін аяқтау жайлы құжатта

орнатылған талаптар алынбайды. Дәл осы жағдайлар мамандыққа, мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар нақты анықталынған, мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу қажеттіліктерін туындатты.


3.5.1. Өндіріске оқытудың әртүрлі сатыларында оқушылардың білімдерін бақылау әдістері

Шеберлілікке жету — ұзақ және сатылы үрдіс. Бастапқы қадамдарда баяу және қолайсыз орындалынатындардың көпшілігі, істі игеру шамасына қарай жедел және қатесіз, автоматты түрде жүзеге асырылады. Бұл іс жүзінде кез келген мамандыққа қатысты және де барлық оқушыларға жақсы белгілі.

Сәйкесінше, шебер оқу қалай жүріп жатқандығын, білім, икем және дағдыларды оның әр оқушысы қалай меңгеріп жатқандығын қадағалауы қажет. Жүйелік бақылау тек кемшіліктерді анықтау, нақты жағдайды констатациялау дегенді білдірмейді (алайда оны білу де маңызды). Оқу үрдісін бақылау – бұл, ең алдымен, оның нәтижелеріне ықпал ету мүмкіндігі. Шебер өзінің тәрбиеленушілерінің әрқайсысының жеке қабілеттіліктерін біле және олардың жұмыстарына ықпал етудің нәтижелі әдістерін игере отырып, іс қалпын уақытылы жөндей, мамандықты меңгеру ісінде ілгерілеу ырғағын түзете алады.

Оқушыларды даярлықтың қажетті дәрежесіне жету деңгейін қадағалаусыз оқыту – өнімсіз үрдіс екендігі жайлы жоғарыда айтқанбыз. Бақылаудың тиімді шарасы 6-сызба түрінде берілген. Кәсіби даярлық сапасын бақылау мәні ҒӨБ Мемлекеттік стандарттарына сәйкестілікте мазмұнының міндетті минимумына сәйкес,

6-сызба



оқу жүктемесінің бекітілген көлемін және дәрежеге қойылатын талаптарын орындаудың іс жүзіндегі жағдайын бағалауға негізделеді.

Дидактикалық мақсаттар бойынша бақылаудың екі түрін ажыратады — түзетушілік және констатирлеуші.

Түзетушілік бақылау — оқушыларды нақты тапсырмаларды шешуге бағдарлай отырып, шебер (оқытушы) оларда бар білімдерді өзектендіреді. Тапсырмаларды орындауларында оқушыларды сұрастырып немесе олардың әрекеттерін бақылап түсіну деңгейлерін анықтап, кәсібилікке оқыту ұстазы өзінің түзетушілік әрекеттерінің қажеттілігін оперативті анықтай алады. Жиі осындай бақылау жаппай сұрастыруда, кіріспе нұсқаулықта және мақсатты тексерулерде орындалады. Осымен қатар объективті бағалау жүргізілмейді, осындай бақылаудың мақсаты — оқушылардың оқу әрекеттерін мотивациялау, белсендендіру.

Констатирлеуші бақылау бағалаудың сенімді нәтижелерін алу мақсатында жүргізіледі. Оқу мерзімдерімен сай келетін өткізу кезеңдері бойынша ол алдын-ала, ағымдық, тақырыптық және қорытынды болуы мүмкін.

Алдын-ала тестілеу арқылы жүргізілетін даярлылық нәтижесі (жиі бастапқы кезеңде), оқушылардың әрі қарайғы білімдерінің «жетілуін» - кейінгі кезеңдер нәтижелерін осы алғашқымен салыстыру жолымен қадағалауға мүмкіндік береді.

Ағымдық бақылау қол жеткізілген дәрежені бағалауға және оны жоспарланғанмен (біздің жағдайда — Мемл.стандартпен анықталғанмен) салыстыруға қажет. Оның нәтижелері бойынша оқу үрдісіне енгізілетін нақты түзетулерді оперативті анықтау үшін аралықтар мен жетімсіздіктер анықталынады. Ағымдық бақылау тәсілдері әртүрлі болулары мүмкін: тестілеу, машиналық немесе машиналық емес сауалнамалар; жұмысты орындау сапасы деңгейіне, оны орындау уақыты нормативтеріне тапсырмалар және т.б.

Тақырыптық бақылау білімдегі жүйелілікті анықтау мақсатын ұстанады, мұнда оқушылардың бағдарлама тақырыптарының жеке элементтерін түсініп қою ғана емес, сондай-ақ оларды кешенді біріктіре алулары да маңызды. Өндіріске оқытуда нәтижелерді объективті бағалау тәсілдері кешендік жұмыстар, ал теориялық дисциплиналарда — тестілердің тақырыптық батареялары (бір ғана деңгей тестілерінің жиынтықтарын анықтау).

Қорытынды бақылау — бұл мамандық бойынша жұмыс дәрежесіне тексеру жұмыстарының жиынтығы (өндіріске оқытуда), сондай-ақ теориялық даярлықта сынақ және эмитхандар жүйелері, бітіру жұмыстарын қорғау.

Осылайша, кәсіби оқыту ұстазының бақылау мүмкіндіктері жеткілікті көп, және де негізгі мәселе — оның объективтілігінде.

Объективті бақылау нәтижелері дәстүрлі әдістерден жаңғыртылынуларымен, қайталана алатындықтарымен ажыратылады. Бұл аса маңызды, себебі білімді бағалауда ұстаздың субъективтік және «көз өлшеміндегі» пікірлерінен алыстауды білдіреді.

Айтарлықтай кең таралған болып бүгінде де оқушыларды ауызша сұрастырулар болып қала бермек. Бұл әдісті қолдануда қалай оны аса тиімді, ал нәтижесін – объективті етуге болады? «Оқу сабақтарын жобалау» әдістемелік нұсқаулығының авторлары Т.А.Сергеев және Н.М.Уваров келесілерді ұсынады:

1) Тақырыптың мәні бекітілген түйіндік оқу элементтерін ерекшелеу;

2) Бұл элементтерді меңгеру деңгейін орнату (тағайындау);

3) Тапсырманы нақты қалыптастыру;

4) Әр сұрақ бойынша жауаптарда маңызды операциялар сандарын анықтау.

Іс жүзінде әңгіме эталон жайында, яғни онымен салыстыра отырып оқушының білім және дағдыларының сапасын объективті бағалауға болады. Өндіріске оқытуда бұл шебермен орындалған бұйымның нақты үлгісі болуы мүмкін. Эталонның сыртқы белгілерінің сапа көрсеткіштерін тексерілетін бөлшекпен безбендей, іс жүзіндегі өлшемдердің белгіленгендерге жуықтауын салыстыра, бекітілген уақыт нормасын іс жүзінде жұмсалғандармен бағалай отырып - оқушының даярлық сапасы жайлы анық нәтиже алуға болады. Бұл кезде негізгі, маңызды операцияларды, шешуші мәнді факторларды ерекшелеп алу керек, оларды оқушылардың білулері ұстазға олардың компетенттіліктері жайлы біз жақты және нақты қорытынды жасауына мүмкіндік береді.

Сәйкесінше, әңгіме нақты және объективті бақылау жүйесін құрастыра алатын, нақты және объективті бақылау жүйесін құра алатын «өлшеуіштерді» қолдану жайында. Бүгінгі күнде өндіріске оқыту сапасын тестілеу негізінде диагностикалауды ақталған дерек деуге болады.

3.5.2. Тестілеуді қолдану

Бастапқыда мәтіннің мүмкін болатын бұрмалануын болдырмау үшін қолданылатын терминдерді анықтап алайық(В.А.Сканун мен О.Н.Григорьев бойынша).

Тестілеу-білім сапасын тексеру мен оны тәжірибеде қолдануды тексеру әдісі.

Тест тапсырмадан және оның дұрыстығын көрсететін эталондардан тұрады.

Тесттерді өңдеу алгоритмі

№	Өңдеу реті	Тесттерді өңдеушілергі нұсқамалық сілтеме және түсініктеме
1	Тестілеу нысанын анықтау	Өндірістік білім беру процесіндегі қызметті түсіну сапасын тестілеу нысаны болып табылады: Еңбек тәсілдерін орындау дұрыстығы; еңбек операцияларын меңгерудің толықтылығы мен дұрыстығы (жұмыс түрлері); кешенді сипаттағы жұмысты орындау әдісінің оңтайлылығы және сапасы, құрылғы қызметі, процесті басқару және т.б.
2	Тест деңгейін анықтау (тесттің көмегімен бақыланатын қызметті түсіну деңгейі)	1- деңгей — қарапайым кешенді жұмыстарды орындаудың бастапқы тәсілдері мен операцияларын меңгеру (I курс); 2- деңгей- меңгерілген және бекітілген еңбек тәмілдері мен операциялары негізінде орташа қиындықтағы кешенді жұмыстарды орындау; жаңа құралдарды, құрылғыларды, жабдықтарды қолдану; жаңа технологияларды меңгеру (II—III курс). 3 —4-деңгей — кәсіби шеберлікте жетістікке жетуді тексеру (оқушыларды біліктіліктің жоғары деңгейіне тексергенде қолданылады).
3	Тапсырманы құрастыру	Тапсырма талаптары: кәсіпке тән болуы; тестті орындау уақытының шектеулілігі (1 —1,5 сағ артық емес); Сәйкес білім алу сатысында орындауға болатын; Тесттің орындалу эталонының бір мағыналылығы; құрастыру мен белгілеу шарттарының нақтылығы және анықталғандығы.
4	Тесттің орындалу шартын анықтау	Көрсетіледі: Тестті өткізуге арналған орын, құрылғы және жабдық; дайындама сипаты; қолданылатын материалдар және басқа да бастапқы мәліметтер; сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша тесттің орындалу нәтижесіне қойылатын талаптар; оқу—техникалық құжатнама.
5	Тест эталонын жасау	Тәсілдер мен операциялардың орындалу дұрыстығын бақылауға арналған тесттер үшін — ережелердің, әдістердің, сандық параметрлердің және басқаларының тізімі мен сипаттамасы, тесттің орындалу сапасына қойылатын талаптар. Процестер бойынша тесттер үшін—технологиялық операциялар сипаттамасы және олардың оңтайлы бірізділікке көшуінің.

№	Өңдеу реті	Тесттерді өңдеушілергі нұсқамалық сілтеме және түсініктеме
6	Эталонның маңызды операцияларын анықтау	Эталонның маңызды операциялары болып тапсырманың орындалуының жемістілігін, толықтылығын, дұрыстылығын, сапасын анықтайтын операциялар табылады және берілген тест бойынша жүзеге асатын бақылаудың мақсаты болып табылады.
7	Тест мазмұнын сараптамалық бағалау және мазмұнын өңдеу.	Сарапшылар ретінде өндірістік білім берудің тәжірибелі шеберлері мен әдіскерлерін шақыру керек.

Тестілеудің мазмұны –эталонмен нақты орындалған тапсырманың әрбір операциясының салыстырылуы.

Тестті жасаудың негізгі құжаты болып өндірістік білім беру бағдарламасы табылады. Төменде өндірістік білім беру процесінде білім алушылардың қызмет сапасын тексеруге арналған *тесттерді өңдеу алгоритмі* келтірілген. «Атақты формуладағы кесу жылдамдығы қандай факторға тәуелді?» деген сұраққа жауаптағы маңызды операция Р болып $P = 2$ (айналу жиілігі және өңдеу диаметрі) табылады. Оқушылардың осы сәтті түсінуі олардың оқу материалын меңгергендігін көрсетеді.

Тестілеуде маңызды операция Р тесттің орындалу сапасы туралы айтуға болатын бірге тең мін деп қабылданады. Сонымен қатар меңгеру коэффициентін қолданады K_y :

$$K_y = \frac{P}{C},$$

мұндағы Р — дұрыс орындалған операциялар саны; С — оқушылар дайындығының тексерілетін деңгейін сипаттайтын маңызды операциялар саны.

$K_y < 0,7$ болғанда, материал меңгерілмеген, оқушылар жүйелі түрде қателіктер жасайды, онда бастапқы тәжірибе қалыптаспаған.

$K_y > 0,7$ болғанда талап етілетін дағдылардың қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Ю.А.Якуба келесідей жасауды ұсынылды. 1 деген балл сирек қойылатындығын ескере отырып, бірінші деңгей мысалында келесідей бағалауға болады:

K_y 0,7 аз болғанда, балл 2 ;

K_y 0,7 — 0,8 болғанда баға 3 балл;

K_y 0,8 — 0,9 болғанда 4 балл;

K_y 0,9 — 1,0 болғанда 5 балл.

Сәйкесінше, K_y 0,7 кем болғандағы екінші деңгей бойынша

тестілеу барысында баға қойылмайды, тестілеу бірінші деңгей бойынша жүргізіледі, ал басқалары — жоғарыда көрсетілгендей, бірақ екінші деңгей үшін.

Жоғарырақ деңгейлер бойынша тесттерді қолдану жағдайында да осылай жасайды.

Тесттік тапсырмаларға сақталуы қолданыстың сенімділігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптар қойылады.

Тест *анықтық* талаптарына сай келуі керек, яғни, білім деңгейі бойынша да, әрекет деңгейі бойынша да жартылай—дидактикалық мақсатқа нақты сай болуы тиіс.

Қарапайымдылық талабы берілген деңгей әрекеті тапсырмаларының құрастырылу айқындылығымен анықталады.

Бір мағыналылық талабының мәні тесттің орындалу сапасы әртүрлі сарапшылармен бірдей бағалуы керектігінде.

Тест оны оқу барысында оқушы қандай жұмысты орындау керектігін анық біле алатындай *жалпыға түсінікті*(*анықталған*) болуы керек.

Сенімділік талабы тесттер жинағына қойылады және бақылаудың толық объективтілігі барысында тексерілетін білім деңгейін толық қамтығандығын бағалау үшін оқушылар орындау керек тесттер санын анықтайды.

Осылайша, кәсіби білім беру педагогінің білім берудің әртүрлі сатыларында бақылау өткізуге арналған сенімді оқу құралдарын жасау мүмкіндігі бар. Алайда келтірілген жүйе жалғыз емес. Аймақтың, өндірістің, оқытылатын мамандықтың және басқа да объективті факторларды ескере отырып, педагог басқа да қосымша өндірістік білім беруді саралау әдістерін жасауы мүмкін. Ең қолайлы әдістердің бірі болып білімді машиналық немесе машиналық емес бақылау үшін карточкалар түріндегі алуантүрлі тапсырмаларлы қолдану саналады. Олардың артықшылығы жасалу қаарпайымдылығы, сонымен қатар оларды қолдану арқылы шебердің оқушылардың жаңа материалды меңгергендігі немесе өткен тақырыптар бойынша білім сапасы туралы ақпаратты жылдам алуында болып табылады. Карточкалық тапсырмаларды қолдану білім алу уақытын үнемдеу тарапынан да тиімді болып саналады. Топ карточкаларға жауап беріп жатқанда, педагогтің жеке бір оқушыны білім деңгейін тексеру мақсатында терендетіп, ауызша сұрастыруға мүмкіндігі бар.

Кәсіби білім беру педагогі тесттік тапсырмаларды немесе карточкаларды қолдану барысында келесі ережелерді ұстануға міндетті: карточкадағы тапсырмаларға жауап беруші немесе тесттерді орындаушы оқушыларға қойылатын бағалар қағидасы бірдей болуы керек.

Осылайша, стандартты (тесттік) және дәстүрлі бақылауларды алып тастамау керек, керісінше олар бір-бірін толықтыру керек екендігін белгілеуге болады. Бұл білім беру стандартының талабы,

және де бұл кәсіби білім беру құрамасының екі тарабына да қатысты-теориялық дайындыққа және оқушыларға өндірістік білім беруге де.

3.5.3. Өлшенетін көрсеткіштер бойынша дайындық сапасын бағалау

ҒӨҰ Гостандарттарының талаптарына сәйкес өндірістік білім беру(тәжірибелік кәсіби) сапасының негізгі сыни (нақты өлшенетін) көрсеткіштерінің жүйесі жасалынған. Ол тұрақты, өзгермейтін белгілер түрінде берілген. Солардың сараптамасы негізінде объективті бағалау жүргізіледі.

Бұл сұрақта Ю.А.Якуба бірқатар аспектілерді ерекшелейді «...Оқушыларды тесттің көмегімен бағалау-өте жауапты педагогикалық қызмет. Ол белгілі бір шеберлікті, педагогикалық этика мен әдепті сақтауды талап етеді. Өйткені олардың есептік—бақылаулық, оқыту мен тәрбиелік мәні бақылау мен бағалаудың қандай жағдайда өткізілетіндігіне, оқушыларға бағаны білдіретін сандық символдың қалай жеткізілетіндігіне, олардың қандай тонмен, қандай екпінмен айтылатындығына байланысты.

Тәжірибе негізінде бағалаудың бірнеше ережелерін атап көрсетуге болады. Осы ережелерді сақтау оқу—тәрбиелік үрдістің осы маңызды элементінің оқу—тәрбиелілік тиімділігін арттырады:

- бақылау және бағалау барысында әрқашан сенімділік, ізгі ниеттілік, әділеттілік атмосферасы орын алуы тиіс;
- оқушыға және топқа қойылған бағаны түсіндіріп, талдау керек;
- «әлсіз» оқушыны бақылау мен бағалау барысында дұрыс емес жауаптарға немесе әрекеттерге бірден теріс реакция танытуға болмайды. Оқушы қандай әлсіз болса да, оның өзін—өзі жөндеу мүмкіндігін шектемеу керек; оқушылардың жақсы жұмысын бүкіл топ білетіндей бағалау керек. Мұндай мадақтау—босаңсыған, сылбыр жұмыс істейтін «орташа» оқушылар үшін үлгі.
- бір оқушыны қайта—қайта мадақтап керек емес, әсіресе, жоғары жетістіктерге ерекше еңбексіз жететін оқушыларды. Бұл топ ұжымын бір—біріне қарама—қайшы қоюы мүмкін. Тек жақсы оқығандығы үшін ғана емес, жақсырақ оқуға тырысқандығы, жоғары нәтижеге қол жеткізгендігі үшін де мадақтап отырған дұрыс.

Баға—белгінің қойылуы ғана емес, оқушылардың жетістігі туралы бағалық пайымдама».

Нәтижелерді бағалау тек шебердің көмегімен ғана жүзеге аспауы тиіс. Оқу үрдісі үшін оқушылардың өз—өздерін бағалаулары да тиімді болып табылады.

Өндірістік білім беру сапасының көрсеткіштер жүйесі

Кесте 2

№ п	Сыни көрсеткіштер атауы	Негізгі өлшеуіштер мен үлгілер	Саралау әдістері мен формаларының мысалдары
1	Өндірістік жұмыстың (оқу—өндірістік) орындалу сапасы	Жұмыс сапасына қойылатын техникалық немесе	Сынамалық, тексеру және басқа да бақылау жұмыстары
2	Еңбектің өнімділігі	Орнатылған уақыт нормалары (өнімділік)	Сынамалық, тексеру және басқа да бақылау жұмыстары
3	Өндірістік қызметте кәсіби білімді(оқу қолдану (оқу— өндірістік)	Кәсіби білімді менгері деңгейі және оларды тәжірибеде қолдану	Теориялық және тәжірибелік сипаттағы арнайы тест тапсырмалары . Зертханалық — тәжірибелік жұмыстар
4	Үрдісті бақылау мен еңбек нәтижелерін қоса отырып, өндірістік (оқу— өндірістік) жұмыстарды орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру	Жұмысты орындау тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейлері	Теориялық және тәжірибелік сипаттағы арнайы тест тапсырмалары. Жұмысты орындау тәсілдері мен әдістерін көрсету.
5	Еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыру	Еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері, нормативтері мен талаптары.	Арнайы тест тапсырмалары
6	Еңбек қауіпсіздігі, өндірістік саниатрия мен гигиена , экологиялық талаптар ережелері мен нормаларын сақтау.	Кәсіпке қатысты еңбек қауіпсіздігі, өндірістік саниатрия мен гигиена , экологиялық талаптар ережелері мен нормалары	Арнайы тест тапсырмалары

Тәжірибе көрсеткендей, оқушының жетістігі, шебердің қойған оң бағасы оқушы үшін кәсіпті меңгерудегі маңызды ынталандырма болып табылады. Аттестация оқудың жемістілігінің қорытынды бағасы болып табылады, бірақ оқушылардың нәтижелерін бағалаудағы қателіктер салдарынан жетістікке деген әрекет көп жағдайда баяулап қалады. Міне, сондықтан оқыту барысында кәсіби білім сапасын дұрыс саралаудың маңызы зор.

Сыни көрсеткіштерді қолдана отырып сабақты өткізудің әдістемелік аспектілерін суреттеу үшін Курс мемлекеттік кәсіби технологиялар, басқару мен құқық колледжінің педагогтері өткізген сабақтар үзінділерін қарастырайық.

Төменде «Шашты 2-топ бояуымен бояу» тақырыбына арналған «Шаштараз қызметінің технологиясы» дисциплинасы бойынша оқытушы О.М.Казанцева өткізген сабақтың үзіндісі келтірілген.

2-топ бояғыштары жүйесі «Лондо» фирмасының препараттары мысалында зерттелді. Сонымен қатар 2-топ бояғыштарымен жұмыс істеудің негізгі қағидалары, бояуларды тотықтырғыштармен араластыру үлестері, тотықтырғышты таңдау ережесі, микстонды қолдану қарастырылды.

Берілген сабақ мақсаты шашты 2-топ бояғыштарымен бояу барысындағы дайындық жұмыстарын меңгеру болды. Сабақта алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі арнайы дағдыларды меңгеру керек болды:

- шаштарды саралау;
- саралау негізінде бояу үшін рецептура құрастыру.

Клиенттерге қызмет көрсету барысындағы жалпы дайындық жұмыстарының дағдыларын студенттер бірінші семестрде меңгерген болатын. Сондықтан сабақ барысында клиентке қызмет көрсету кезіндегі дайындық жұмысын толық көрсету мақсаты қойылмады.

Сабақта оқытушы мәселелі әдісті қолданды. Топ алдына мәселе қойылды: саралау жүргізу және нақты клиент үшін бояу рецептурасын жасау. Саралау әр студентпен өздігінен жүргізілді және соның негізінде бояу рецепті құрастырылды. Сосын барлығының пікірі тыңдалуы үшін студенттердің әрқайсысы мәселенің шешімін хабарлады. Әртүрлі шешімдер айтылды, бірақ тек біреуі ғана дұрыс болып шықты. Сосын шешімдері ұқсас оқушылар өз шешімдерінің дұрыстығын дәлелдеу үшін бір жұмыс тобына бірікті. Талқылау нәтижесінде рецептураның қайта қаралуы мүмкін. Әрбір топ өкілі өз әдісін қорғау мақсатында дәлелдер келтіреді, ал басқа топтардағы олардың қарсы пікір білдірушілері сұрақтар қойды. Талқылау барысында оқушылар ұсынылған шешімді дұрыс деп таныды немесе ол дұрыс емес деген пікірге келді. Іздестіру нәтижесінде болашақ шаштаразшылардың күш салуымен жалғыз дұрыс шешім табылды. Барлығы осы шешіммен келісті. Мәселелі жағдай шешімін тапты.

Сабақта ноутбук, мультимедиялық қордырғы қолданылды, бұл көрнекілік қағидасын жүзеге асырып, дағдыларды меңгеру үрдісін құрылымдырақ етуге көмектесті.

Зертханалық- тәжірибелік сабаққа қатысу үшін студенттер 8 сұрақтан тұратын шағын тест жұмысын орындады:

1. Күлгін түс бейтараптайды:

- а) сары
- б) қызыл
- с) жасыл

- д) көк
- 2. Шаштың қарақоңырлығына байланысты бөледі:
 - а) 12 деңгейді
 - б) 10 деңгейді
 - с) 8 деңгейді
 - д) 2 деңгейді
- 3. Бояу нөміріндегі бөлшектен кейінгі бірінші сан білдіреді:
 - а) түстік бағытты
 - б) түстік ерекшелік
 - с) тонның тереңдік деңгейін
 - д) қарақоңырлық деңгейін
- 4. Табиғи реңнің $\frac{1}{2}$ бөлігі қанша ақ бар шашты бояғанда қосылады (пайыздық қатынаста):
 - а) 0 — 30 %
 - б) 30 — 50%
 - в) 50—100%.
- 5. Шаш бояу кезіндегі жоғары жылдамдық:
 - а) қалың
 - б) калыпты
 - с) жұқа
 - д) бояу жылдамдығы шаштың қалыңдығына байланысты емес.
- 6. Табиғи шашпен жұмыс істегенде 2-топ бояуымен 9%- тотықтырғыш шашқа ашық рең бере алады:
 - а) 1 тонға
 - б) 2 тонға
 - с) 3 тонға
 - д) 4 тонға
- 7. 2- топ бояуы жағылады:
 - а) таза шашқа
 - б) кір шашқа
 - с) шаштың кірленуі маңызды емес
- 8. Микстонды қолдану ережені анықтайды:
 - а) бояу бояуды ашық реңге келтірмейді
 - б) 9 ереже
 - с) 11 ереже
 - д) микстонды қолдану барысында ереже қарастырылмаған

Зертханалық—тәжірибелік жұмысқа 5 сұрақтан кем емес тест сұрақтарына дұрыс жауап берген оқушылар қатыстырылды.

Сабакқа халықаралық класс шебері Т.Е.Баркова кәсіби кеңесші және клиенті ретінде қатысты. Оқушылар клиентке шашты бояу бойынша рецептура жасауы керек болатын.

Алдыңғы кезеңде—шашты саралауды жүзеге асыруда—жұмыстың ретінен кателеспеу үшін барлық студенттер клиенттің карточкасын алды. Осы карточкамен әрбір студент өз клиентіне келіп саралауды жүзеге асырды (кезектілік келісіп шешілді). Бұл сатыға 10 минут жұмсалды. Клиент карточкасының нұсқасы төменде келтірілген.

КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКА – ӨЗГЕРІСТЕР ШАШ

Аты—жөні

Күні

Негізгі тон: түбінде_

Ұзындығы
бойынша

ұштарында

Ақ шаш үлесі: 0 — 50 % ☐

50 —70 % ☐

70 % көп ☐

Шаш құрылымы: Қатты ☐

Қалыпты ☐

Жіңішке ☐

Қағидалар	Баға«5»	Баға «4»	Баға «3»	Баға «2»
1. Шаштың зақымдануы	Шаш минималды түрде зақымдалған	Шаштың көп бөлігі зақымдалған	Шаш қатты зақымдалған	Шаш сынғыш
2. үнемдік мақсаттылығы	Барлық сатылар күту уақытын есепке ала отырып, ең аз уақыт шығынымен жүргізілген, жұмыстың мақсатсыз	Барлық сатылар күту уақытын есепке ала отырып, ең аз уақыт шығынымен жүргізілген, жұмыстың мақсатсыз сатылары бар	Барлық сатылар күту уақытын есепке алмай, үлкен уақыт шығынымен жүргізілген, жұмыстың мақсатсыз сатылары бар	Жұмыс сатылары ойластырылмаған, көп уақыт кетеді.
3. Қалаған нәтижеге жету	Нәтижеге мүмкіндіктің үлкен бөлігімен қол жеткізілді, ақ шаш ескерілді (бар болса), тотықтырғыштар дұрыс таңдалып алынды	Нәтижеге мүмкіндіктің үлкен бөлігімен қол жеткізілді, ақ шаш ескерілмеді (бар болса), тотықтырғыштар дұрыс таңдалып алынды	Нәтижеге мүмкіндіктің үлкен бөлігімен қол жеткізілді, ақ шаш ескерілмеді (бар болса), тотықтырғыштар дұрыс таңдалмады	Нәтижеге қол жеткізілмеді
4. саралау сапасы	Тон тереңдігі және ақ шаш пайызы дұрыс анықталды, шаш түбі мен ұштарындағы тон деңгейлерінің айырмашылықтары ескерілді, шаш құрылымы анықталды.	Тон тереңдігі және ақ шаш пайызы дұрыс анықталды, шаш түбі мен ұштарындағы тон деңгейлерінің айырмашылықтары ескерілмеді, шаш құрылымы анықталмады.	Тон тереңдігі және ақ шаш пайызы дұрыс анықталды, ақ шаш ескерілмеді, шаш түбі мен ұштарындағы тон деңгейлерінің айырмашылықтары ескерілмеді, шаш құрылымы анықталмады.	Тон тереңдігі және ақ шаш пайызы дұрыс анықталмады, ақ шаш ескерілмеді, шаш түбі мен ұштарындағы тон деңгейлерінің айырмашылықтары ескерілмеді, шаш құрылымы

Бағалау қағидалары мен саралау нәтижелеріне сүйене отырып, оқушылар рецептураны құрастыру барысында кездесуі мүмкін мәселелерді анықтады:

- шаш түбі мен ұзындығы деңгейлерінің айырмашылығы;
- ақ шаштың болуы;
- табиғи және боялған шаштың болуы;
- тон деңгейлерінің жоғары сандарына көтерілу қажеттілігі.

Осыдан кейін рецептураны және жұмысты орындау реттілігін жасау үшін

10 минут бөлінді. Рецепттураны талдау үшін топтық жұмысқа 5 минут жұмсалды. Барлық рецептураларды қорғау мен талдау 15 минутты құрады.

Педагогтың қорытындысы

Сабақтың мақсатына қол жеткізілді, шаш саралауын жүзеге асыру және оларды бояу бойынша рецептураны құрастыру дағдылары орындалды. Студенттер сабақта жеке және топпен белсенді жұмыс жасады. Әрқайсысымен өздігінен клиент үшін саралау мен рецептураны құрастыру жүзеге асырылды. Барлық рецептуралар тыңдалды, олар бойынша студенттің өздерімен сұрақтар қойылды және қателіктер жойылды. Сабақтың негізгі сәті ұсынылған рецептуралар негізінде дұрыс шешімді іздестіру. Нәтижесінде дұрыс шешімді оқушылар өздері, оқытушының көмегінсіз тапты. Сабақтағы жағдай білім алуға қолайлы болды, тапсырманың дұрыс шешімін іздестіру барысында талқылаулар жүргізгенде шиеленістіктер орын алмады. Студенттер бір—бірімен кедергісіз араласу үшін орындықтар жартылай шеңбер түрінде орналастырылды, бұл жұмысқа қосымша жайлылық сыйлады.

Жоғарыда қарастырылған сабақты жүргізу мысалдарына байланысты дайындық деңге

йін бағалау үшін нақты қағидалар қолданылғандығына назар аудару керек, және бұл—маңызды.

Жоғары квалификациялық санатты оқытушы Р.В.Болдыревамен (мамандық «Электрондық —есептеу машинасының операторы», дисциплина «ЭЕМ бағдарламалық қамтамасыз ету») өткізілген сабақ мысалына, біліктілікке негізделген модульдік білім беруді ұйымдастырудың тағы бір нұсқасын көрсетейік.

Құрастырылатын біліктіліктер (қабілеттер):

• операциялық жүйелердегі және бағдарлама—қабықшалардағы жұмыс.

- әртүрлі қиындық деңгейіндегі мәтіндік құжаттарды құрастыру;
- электронды кестелерді құрастыру;
- мәліметтер базасын құрастыру және солармен жұмыс жасау;
- презентациялар құрастыру;
- нысандарды қосымшаға енгізу;

- желілік технологияларды қолдану;
- сызбалық редактормен жұмыс;
- компьютер қызметі бойынша бағдарламаларды қолдану.

Сабақ түрі — зертханалық—тәжірибелік жұмыс.

Сабақ тақырыбы — **MS Word** мәтіндік процессорының тұтынушылық интерфейсін баптау.

Сабақтың мақсаты — оқушыларда **MS Word** мәтіндік процессорының тұтынушылық интерфейсін баптау дағдысын қалыптастыру.

1. Құралдар тақтасын құру.
2. Құралдар тақтасында батырмаларды құрау.
3. Стандартты құралдар тақтасын іске қосу.

Сабақты өткізу үшін презентациялар дайындалды. Олар сабақ тақырыбынан, мақсатынан, барысынан, бағалау қағидаларынан, «Сабақ мәселесі», «Қауіпсіздік ережесі» тақырыптарындағы мәселелі видеороликтерден тұрды. Бұл құралдар қойылған сабақ мақсатын жүзеге асыру үшін ынталандыруға мүмкіндік берді.

Оқытушылар нақты оқу тапсырмаларының жетістіктері мен орындалған жұмыс үшін бағалау қағидалары үшін алгоритмдер үлгісін жасады.

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН АЛГОРИТМДЕР (ҮЛГІ)

Құралдар тақтасын құру

№	Алгоритм реті
1	Бас мәзір тармағы Түр
2	Мәзірден Құралдар Тақтасын таңдау
3	Баптауды таңдау
4	Құралдар тақтасы қосымшасын таңдау
5	Құралдар тақтасы атауын енгізу
6	Берілген құралдар тақтасы Normal Үлгісі үшін қолжетімді болатындығын көрсету.
7	Құралдар тақтасын бағдарламалар терезесінің кез келген ыңғайлы жеріне орналастыру

Құралдар тақтасын іске қосу

№	Алгоритм реті
1	Бас мәзір тармағы Түр
2	Мәзірден Құралдар Тақтасын таңдау
3	Нақты жағдайдағы қажетті тақтаны таңдау

Батырмаларды құралдар тақтасына орналастыру

№	Алгоритм реті
1	Бас мәзір тармағы Түр
2	Мәзірден Құралдар Тақтасын таңдау

Кестенің жалғасы

№	Алгоритм реті
3	Баптауды таңдау
4	Пәрмендер қосымшасын таңдау
5	Қажетті Санатты таңдау
6	Қажетті Пәрменді таңдау
7	Қажетті батырманы сәйкес пәрменде қажетті құралдар тақтасына орналастыру

Сабақ тақырыбы: **MS Word** мәтіндік процессорының тұтынушылық интерфейсін баптау.

Талдауға арналған алгоритмдер.

1.1. Құралдар тақтасын құрастыру.

№	Әрекеттер реті	Алгоритм
1	Баптауды таңдау	
2	Мәзірден Құралдар тақтасын таңдау	
3	Бас мәзір тармағы Түр	
4	Құралдар тақтасы қосымшасын таңдау	
5	Берілген құралдар тақтасы Normal Үлгісі үшін қолжетімді болатындығын көрсету	
6	Құралдар тақтасы атауын енгізу	
7	Берілген жағдайға қажетті Құралдар тақтасын таңдау	
8	Құралдар тақтасын бағдарламалар терезесінің кез келген ыңғайлы жеріне орналастыру	

1.2. Құралдар тақтасын іске қосу

№	Алгоритм реті	Алгоритм
1	Баптауды таңдау	
2	Мәзірден Құралдар тақтасын таңдау	
3	Бас мәзір тармағы Түр	
4	Құралдар тақтасы қосымшасын таңдау	
5	Құралдар тақтасы атауын енгізу	

Кестенің жалғасы

№	Алгоритм реті	Алгоритм
6	Құралдар тақтасын бағдарламалар терезесінің кез келген ыңғайлы жеріне орналастыру	
7	Берілген құралдар тақтасы Normal Үлгісі үшін қолжетімді болатындығын көрсету	

1.3. Батырмаларды құралдар тақтасына орналастыру.


№ п/п	Алгоритм реті	Алгоритм
1	Баптауды таңдау	
2	Пәрмендер қосымшасын таңдау	
3	Бас мәзір тармағы Түр	
4	Құралдар тақтасы мәзірін таңдау	
5	Берілген құралдар тақтасы Normal Үлгісі үшін қолжетімді болатындығын көрсету	
6	Құралдар тақтасы атауын енгізу	
7	Қажетті санатты таңдау	
8	Қажетті пәрменді таңдау	
9	Тізімнен қажетті пәрменді таңдау	

2. Тапсырмалар үлгісі.

2.1. Келесі мазмұнды мәтіндік құжатты құрастыру үшін тұтынушылық ортаны дайындау:

1) $a^2 + b^2 - c_x = 1$;

2) $V = \frac{4}{3} \pi R_3$;



2.2. Экран ішіндегісін суретке түсіру, алынған суретті өз атымен *.jpg пішімінде «K-2801 компьютеріндегі тапсырма» атауымен желілік папкада сақтау.

Сабақты бағалау қағидасы

Өрекет атауы	Баға «5»	Баға «4»	Баға «3»	Баға «2»
Құралдар жинақтамасын құру	Құралдар жинақтамасы құрылды	Құралдар жинақтамасы болмашы ескертулермен құрылды	Құралдар жинақтамасы оқытушының көмегімен құрылды	Құралдар жинақтамасы құрылмады

Әрекет атауы	Баға «5»	Баға «4»	Баға «3»	Баға «2»
Құралдар жинақтамасында батырманың құрылуы	Тапсырмаға сәйкес құралдар жинақтамасында барлық батырмалар құрылды	Құралдар жинақтамасында қажетті бір батырма жоқ	Құралдар жинақтамасында қажетті екі батырма жоқ	Құралдар жинақтамасында батырмалар жоқ
Үлгіге сәйкес тапсырмаларды орындау	Тапсырмалар үлгіге сәйкес орындалды	80% дұрыс орындалған тапсырма	60% дұрыс орындалған тапсырма	Тапсырма қате орындалды
Құралдар жинақтамасының оңтайлы орналасуы	Құралдар жинақтамасы оңтайлы орналасқан, қажетті жинақтамалар ғана қосылған	Жинақтама оңтайлы орналасқан, қажет емес жинақтамалар да қосылған	Жинақтама оңтайлы емес орналасқан, қажетті емес жинақтамалар қосылған	Құралдар жинақтамасы жоқ
ЭЕМ жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын сақтау	Тапсырманы орындау барысында қауіпсіздік техникасы сақталған	ҚТ аздаған бұзылыстары	ҚТ бірнеше аздаған бұзылыстары бар	ҚТ қатаң бұзылыстары орын алған

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру — 5 минут.

Кіріспе сөз, тақырып пен мәселені хабарлау. Сабақтың мақсаты (тақырыппен презентацияны көрсету)

2. Жұмысты орындауға рұқсат. Алдында меңгерген білімді қайталау — 15 минут.

- «Тест 1» презентациясын қарау және презентациядағы тест сұрақтарына жауап беру.

- «Курск қаласы » презентациясын қарау, көрсету режимін анықтау.,.

3. Қауіпсіздік техникасын қайталау. Видеоүзіндіні көру және мүмкін болатын бұзылыстарды анықтау.

4. Мәселені алға қою — 10 минут. Нұсқамалық карта бойынша тапсырмалардың орындалуын талдау, орталық ЖК көрсету.

Зертханалық-тәжірибелік жұмыс тапсырмаларын №7 орындауға арналған

Нұсқамалық карта

Сабақтың тақырыбы: презентацияны көрсетуді баптау.

Сабақтың мақсаты: презентацияны көрсетудің қолдық, автоматты, үздіксіз режимдерінің баптау дағдылары жетілдіру.

Құрылғы: компьютерлер, *MS PowerPoint*, нұсқамалық карталар, жергілікті желі

Презентацияны көрсетпес бұрын:


- 1) оқушылар санын анықтау, шақырулар дайындау;
- 2) презентация ұзақтығын, сұрақтарға жауап беру уақытын және қорытынды уақыттарын жоаспарлау
- 3) аудиторияның жабдықталуын, орындықтардың болуын тексеру;
- 4) компьютер мен проректор параметрлерін, мультимедиа компоненттерінің болуын, микрофонды, динамиктерді тексеру;
- 5) қорытынды рсеми емес қатынасты ұйымдастыру.

Жаттығу 1. Слайдтарды ауыстыру

Осы тармақты таңдау мәзірге презентацияны қол режимінде басқаруға мүмкіндік береді. Басу арқылы немесе автоматты Автоматты алаң арқылы слайдтың уақытын секундпен көрсету. Осы терезеде ауысу жылдамдығы, ауысуға арналған дыбыс пен эффектерді қолдану бапталады. Таңдалған режимді барлық слайдтарға қолдануға болады немесе ауысуларды әр слайд үшін жеке баптауға болады. Слайдтарды көресту Режимі алдын ала көрсетілімде баптаманы көруге мүмкіндік береді.

Жаттығу 2. Уақытты баптау

слайдтарды көрсету терезесінде уақытты баптау режимі бар, оның көмегімен презентацияны көрсетудің дәл уақытын оператордың қатысуынсыз баптауға болады.



сурет . 1 жаттығуға

Атап өту керек, бұл жерде кадрлардағы бөгелістер көрсетіледі, слайдтардағы анимациялар эффектерінің жылдамдығы емес. уақытты баптау тақтасы Алдыға және Тоқта батырмаларынан тұрады, ағымдағы слайд уақыты және презентацияның жалпы уақыты (оң жақтағы соңғы). Уақытты баптау қолдық режимде жүзеге асады, берілген слайд эффектері қосылып біткеннен кейін презентация тоқтайды және Алдыға батырмасын басуды күтеді. Соңғы слайдтың баптамасынан кейін презентацияның жалпы уақыты көрінетін терезе пайда болады, бұл баптамаларды сақтап қоюға немесе бас тартуға болады.


Егер презентацияда мәтіндер көп болса, оны баяу қылып жасаған дұрыс.

Эффект пен дыбысты қолдану үшін оларды ұсынылған тізімнен таңдау керек және бір немесе барлық слайдқа қолдану керек. Дыбыссыз, Эффектсіз параметрін таңдау арқылы дыбыс пен эффектті қолданбаса да болады.


Жаттығу 3. презентацияларды баптау

Презентацияны безендіру бойынша, слайдтардың ауысу баптамасы бойынша жұмыс аяқталғанда, презентацияны көрсету режимін таңдау керек. Слайдтарды көрсету терезесінен презентацияның Баптамасы тармағын табыңдар және слайдтарды көрсету параметрлерін көрсетіндер:

- қолмен көрсету режимі — баяндаушымен басқарылатын ;



Сур. 2 жаттығуға



Сурет. 3 жаттығуға

- автоматты режим;
- <Esc>. батырмасын басқанға дейінгі үздіксіз режим

тапсырма :

- жаттығуды орындандар;
- презентацияны көрсетуді баптаңыз;
- қағидалар бойынша презентацияны бағалаңыз.

Сұрақ: Презентацияны көрсетудің қандай режимдерін білесіз?

Шарттар мен презентация режимін таңдау тапсырмалары бар кестені толтырыңыз—5 минут. Альтернативті орындау (мәнмәтіндік мәзір, басқарушы батырмалар, гиперсілтемелер).

Шығармашылық топтарға бөліну. ЖК жұмыс — 10 минут.

Тапсырманы орындау: (күміс түсі — қабылдау комиссиясы, таңқурай — тәрбие бөлімі, көгілдір — оқу бөлімі) — колледж презентациясының көрсетілу режимін анықтау және баптау.

Бағалау қағазындағы қағидалар бойынша презентацияларды көрсету және бағалау— 30 минут.

5. Қорытынды сөз, қорытынды шығару, сабаққа қойылатын баға, сабаққа қатысуы (©©©) — 5 минут.

презентацияны бағалау қағидасы

№	Қағидалар	Максимум балл	1	2	3	4	5	6	7	8	9	Оқытушы
1	Слайдтар саны (5 аз)	1										

№	Қағидалар	Максимум балл	1	2	3	4	5	6	7	8	9	Оқытушы
2	Негізгі беттің безендірілуі (тақырып, автор, колон-титулдер)	1										
3	Мәтінмен жұмыс (сауаттылығы, орналасуы, фонда оқытылуы, түпнұскалығы, негізгіні ерекшелеу үшін анимацияның)	5										
4	Слайдтардың безендірілуі (фонды құю әдісі, үлгілерді қолдану, басқа)	3										
5	Нысандар анимациясының әсерін баптау	1										
6	Слайдтар ауысымын баптау (бірізділік логикасы)	3										
7	Көрсету режимін таңдау	1										
	Жалпы балдар	15										
	Баға											

15 балл — баға «5»;
13 — 14 балл — баға «4»;
11 — 12 балл — баға «3».

Педагогтің қорытындысы

Сабақ 1.9-23 топтарының базасында дайындалған.

Сабақ түрі — зертханалық—тәжірибелік жұмыс, сабақтың тақырыбы «Презентация көрсетілімінің баптамасы». Сабақтың мақсаты—қол, автоматты және үздіксіз режимдерде презентацияны көрсету баптамасының дағдыларын жетілдіру.

Сабақты өткізу үшін тақырыппен және сабақ мақсатымен (автоматты режим), тесттік тапсырмалармен (қол режимі), үздіксіз көрсетілім мысалымен (Курск қаласы), «Қауіпсіздік техникасы» видеосуретімен презентация жасалынған. Бұл құралдар сабақ тапсырмасының орындалуына мүмкіндік береді.

Сабақта нұсқамалық карталарды пайдалану материалды ңтайлы есте сақтауға, орталық компьютерде мультимедиапротектор арқылы слайдтарды ауыстыру баптамасы бойынша жаттығуларды орындау

жолдарын көрсетуге мүмкіндік берді. Студенттер тапсырманы жылдам әрі дұрыс орындады.

Жасалынған кесте «миға шабуылды» өткізуге және қандай презентациялар үздіксіз, автоматты немесе көрсетілімнің қолдық режимін талап ететіндігін анықтауға мүмкіндік берді.

Тапсырмаларды бөлу үшін алдын ала дайындалған күміс түстес, таңқурай түсті және көгілдір түсті түрлі—түсті суреттер қолданылды. Әр түс белгілі бір тапсырмаға сәйкес келді: күміс түсі—қабылдау комиссиясы, таңқурай—тәрбие бөлімі, көгілдір—оқу бөлімі.

Презентацияны көрсету режимін баптағаннан кейін студенттер кезек бойынша өз презентацияларын көрсетті.

Презентацияны бағалау қағидалары көмегімен әр студенттің жұмысты орындауын бағалады.

Қорытынды шығару барысында студенттерге смайликтер (©©©) көмегімен өздерінің сабаққа деген қатынасын білдіру ұсынылды. Сабақты өткізу қорытындысы бойынша студенттер презентация көрсетілімі баптамасының дағдыларын қол, автоматты және үздіксіз режимдерде жетілдірді. Слайдтарды ауыстыру үшін эффекттерді қолдана отырып, слайдтарды ауыстыру баптамасы, әрбір слайдты және бүкіл презентацияны көрсету уақытының баптамасы, тапсарма шартына сәйкес көрсетілім баптамасының режимін таңдау дағдылары бекітілді.

Презентацияның көрсетілімі барысында фонды көркемдеу мен мәтінді құю бойынша, көрсетілген экран мен компьютер дисплейі экранындағы түстер сәйкессіздігі, экрандағы слайдтардың кідіру уақытының баптамасындағы кемшіліктер анықталды. Олар біліктілікті қалыптастырудағы ары қарайғы жетілдіру тақырыбы болады.

Қолданылған дидактикалық құралдар **MS PowerPoint** бағдарламасында студенттер жұмысының дағдыларын қалыптастыруға және сабақта қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік берді.

Келесі мысал оқытушы Е.А.Шпирновамен «Түйреуіштер әдісін қолдану арқылы жеке өнімдерді дайындау» тақырыбы бойынша білім берудің тәжірибелік—бағдарлық (біліктілік) тұжырымдамасын қолдану арқылы өткізілетін сабақтарға қатысты.

Практикаға негізделген оқытудың негізгі мақсаты - болашақ маманның күндізгі мамандығын қалыптастыру, кәсіптік оқытуда шығармашылық қағидаларды күшейту және нәтижесінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады. Өйткені, ол маман болуда үлкен рөл атқарады.

Өз кезегінде, кәсіби құзыреттілік жеке маңызды қасиеттерді дамытуға бағытталған, ол қызметтің өнімділігі деңгейін көтеруге, кәсіптік қызметтің пәнін меңгеруге, білімді жетілдіруге, кәсіптік дағдыларды жетілдіруге, мамандықтың негізгі әдістері мен технологияларын меңгеруге, студенттердің кәсіби шеберлігін

калыптастыруға негіз болады.

Зертханалық сабақтар студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ең қолайлы білім беру нысандарының бірі болып табылады, себебі тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған.

Осы зертханалық жұмыс, ең алдымен, татуировкалар әдісімен көлемді форманы құру дағдыларына, сондай-ақ шығармашылық кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Соңғы сапа болашақ модельер-құрушылардың кәсіптік біліктілігінің қажетті компоненті болып табылады. Шындығында, заманауи сән индустриясы жағдайында, қызықты шығармашылық шешімдерді шығаруға қабілетті мамандардың құны анық болып табылады.

Төменде осы сабақтың үзіндісі келтірілген.

1. Шығармашылық модельдерді құру кезінде түйреу әдісін енгізудің негізгі ерекшеліктері мен шарттары

Түйреу әдісі — киім үлгілерін модельдеу әдісі болып табылады, ол күлгін немесе адам суретіндегі көлемді пішінді шығармашылық іздестіруге негізделген. Әдіс белгілі бір фигураның барлық жеке ерекшеліктерін ескереді. Ол жаңа авангардтық үлгілерді іздеу кезінде киімнің қарапайым формаларын ғана емес, сондай-ақ кешкі тазарту кешендерінің күрделі нысандарын бояуға арналған.

Түйреу кезінің үш түрлі тәсілі бар:

- *S* негізгі немесе макетті матаның барлық бөлігінен қажетті жаңа пішін жасалады. Мұндай түйреу адамның суретін білуді, тәжірибе мен білімді талап етеді;

- *S* түйірін жасау үшін үлгі матасынан тіктөртбұрышты не текшелі бөліктер кесіліп алынады. Ол болашақ лиф, жең, юбка және т.б. ара қатынасынан алынады (ұзындығы мен ені). Нәтижесінде түйір іздерін одан әрі аудару және үлгілерді жасау жұмысы жеңілдетілді, жоспарлау материалы сақталды;

- *S* пішін (дайын негіз) белгілі бөлігінде мода журналындағы модель, эскиз бойынша фрагменттелген күйде өзгереді.

Түйреу әдісі көрнекі түрде және бейнелі түрде модельдеуге мүмкіндік береді: оның көлемі, пішіні, жекелеген бөліктердің қатынасы, конструктивті сызықтарды орналастыру, тігу және т.б.

Модельдік жобаны жасау барысында, түйреу жасау мақсаты суретшінің жалпы мақсатын және материалдың қасиеттерін ескере отырып, кескінді табу, өнім кесу болып табылады.

Бүкіл бөліктің матадан жасалған бұйымы ұзындыққа байланысты және барлық қалған матаны манекен артына қоюға мүмкіндік береді..

Тіндердің қаптамасын анықтаңыз, жұмсақ, тегіс және дөңгелектелген, өткір және созылмалы, созылғыш, икемді және бүгілу кезінде қабаттардың табиғаты матаға төзімді болуы мүмкін.

Манекеннен алынған мата алынып тасталады және сәндік иірілген жіптің басқа орналасуымен, мысалы, 90 немесе 45 ° бұрышта тік жақтың тік сызығына қайтадан тесіледі. Түрлі пластикалық қасиеттері бар маталар әртүрлі түрде әрекет етіп, нешетүрлі беткі пішіндерді жасайды..

Дайын өнімнің жетістігі, негізінен, суретшінің өз үлгісіндегі материалды (матаны) қасиеттерін қалай ұтымды пайдаланатынын анықтайды. Бұдан шығатын болсақ, өнімнің пішінінің ықтимал нұсқалары айқындалады және олардан оңтайлы түрі таңдалып, матаның үстіне тесіп, оны жоғарыда көрсетілгендей орналастырады немесе оның ені шамамен сөренің ені және жеңнің ұзындығымен бірдей болатындай етіп жіппен қосымша иіледі..

Өнімнің алдын тесіп, алдының ортасына (мойынның, кеуде мен белдің сызығына) және кеуденің ең жоғарғы нүктесіне қойыңыз. Бұл жағдайда, тікбұрышты вертикал тік болуы тиіс, ал үйрек жіп көлденеңінен болады (егер үлгі басқа позицияны бермесе).

Содан кейін қажетті көлемді қалыптастырып, өнімнің пішінін жасаңыз, мойынның үстіне тігіліп, шұңқырды тесікке келтіріп, белдікті және жамбас бойымен матаны тесуге тырысыңыз. Жеңіл целинокрозды болса, жеңдер үшін қол аймағында орналасқан маталарды пайдаланыңыз. Тесуге арналған қондырылғанды немесе рагланы байлау үшін, манекеннің артында орналасқан матаны пайдаланыңыз.

Түйреудің тәртібі әртүрлі болады және өнімнің пішіні мен кесіліне байланысты бірқатар әдістермен толықтырылуы мүмкін.

Алынған пішінді сызып тастаңыз, мата және түйреуіштер манекеннен алынып тасталады.

1. Күрделі суретті маталардан түйреуіштер жасау

Шақпақтардан немесе сызықтардан құралған суреті бар маталардан үлгілер жасау ерекше назарды талап етеді. Осындай маталардан үлгілерді жасағанда мата айқын және өнім формасымен үйлесетіндей болу үшін суретті қандай қандай бағытта орналастыру керектігін шешу керек. Ол үшін матаны манекенге түйрейміз, суретті біресе осы бағытта, біресе басқа бағытта ауыстырамыз.

Шақпақты немесе сызықтары бар суретті матадан киім үлгісін жасаған кезде шақпақтар мен сызықтардың орналасу қалыбын анықтайды. Ол үшін манекендегі матаны бірінші бір бағытта түйрейді, сосын оның артқа тасталған еркін ұшын басқа бағытқа қарай бұрады және ертеректе түйрелген матаны жаба отырып, қайтадан маникенге жабады. Осы кезде сызықтар мен шақпақтардың бөлшек шеттерінде және ортада орналасуын анықтайды, бүрмелердің бірнеше түрлерін жасайды. Бүрмелердің сызық раппортына немесе сызық раппортына қатысты орналасуын шешу маңызды. Бүрмелер

арақашықтығы сызық пен шақпақтар кеңдігімен сәйкес орналастырады. Бүрмелер, сызықтар ырғағы, олардың әртүрлі бұрыштармен қиыстырылады, және ол барлық өнім композициясының негізі болады.

2. Студенттер жұмысын бағалау қағидалары

Студент бағаланады:

- «үздік», егер олар орындаған кешкі көйлек түйреуіші түпнұсқасынан формасы, сұлбасы, сызықтары бойынша ерекшеленсе (макет материалды мақсатты түрде түрлендіру арқылы алынған); жұмыс тиянақты және сапалы орындалған;

- «жақсы», егер олар орындаған кешкі көйлек түйреуіші түпнұсқасынан формасы, сұлбасы, сызықтары бойынша бірегей болса (макет материалды мақсатты түрде түрлендіру арқылы алынған); жұмыс тиянақты, бірақ біраз кемшіліктермен орындалған;

- «қанағаттанарлық», егер олар орындаған кешкі көйлек түйреуіші түпнұсқасынан формасы, сұлбасы, сызықтары бойынша түпнұсқадан айырмашылығы жоқ, ақпаратты емес (макет мағынасыз және сауатсыз әрекеттер салдарынан алынған); жұмыс тиянақты емес орындалған;

- «қанағаттанарлық емес», егер студент тапсырманы орындай алмады, және кешкі көйлек түйреуішін талаптарға сай емес қылып жасады.

Кәсіби дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру әдістемесі

Білікті жұмысшыларды дайындау үнемі маңызды тапсырма болатын, өйткені өндірістің шынайы жетістік деңгейі олардың біліктілік деңгейлеріне тәуелді болды. Сонымен қатар еңбек мазмұнының сараптамасы өнеркәсіптік дамыған көптеген елдерге тән тұрақты тенденцияны көрсетті: біртүрдегі және бірқалыпты жұмыспен, зиянды немесе қауіпті жағдайлардағы өндіріспен байланысты біліктілігі аз еңбек күннен күнге машиналарға және олардың интеллектуалды түрі-роботтарға арқа сүйейді. Аз біліктілікті, айтарлықтай физикалық ауыр жұмысты орындау беделді емес. Еңбек қызметін өзгерту жастар үшін жұмыс түрлерінің тартымдылық қағидаларын нақты ажыратты.

Бірінші орынға *жастардың орындау қызығушылығын, өз күштерін шығармашылық жұмсау мүмкіндіктерін тударытан қызмет шығады.* Бұл еңбек қызметінің ең алуан түрлі бағыттарының қатарына жатады-қызмет көрсету аясынан бастап өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісіне дейін. Қазіргі таңдағы қалыпты өндірістік процестер ,айыпқа жоғалады, толықтай өзгереді. Ізінше, заманауи жұмысшы тез өзгертін технологиялық процестерге, жаңа құрылғылар мен құралдардың пайда болуына жеткілікті жұмысшылыққа ие болуы керек және оларды меңгеруі тиіс. Қажетті болып қалу үшін өмір бойы оқу керек.

4.1. Оқушыларда кәсіби-еңбек қасиеттерін қалыптастыру

Қазіргі таңда еліміздің өндірісі үшін білікті мамандарды дайындаудың маңызды тапсырмасы болып бәрінен бұрын жастарға кәсіби білім берудің жаңа тәсілдерін ойластыру табылады. Бұл оқушыларда барлық уақытта қажетті және өндірістің болашақ талаптарын ескеретін қасиеттер қатарын қалыптастырудан бас тартуды білдірмейді. Оларға жатады:

- өндірістік және технологиялық тәртіп;
- құрылғылар мен құралдарға ұқыпты қарау;

- алынған теориялық білімді тәжірибеде қолдана алу;
- өндіріс техникасы мен технологиясы негіздері туралы, кәсіпті меңгеру мен өндірістік біліктіліктің ары қарайғы дамуына қажетті көлемде еңбекті ұйымдастырудың терең және мықты білімінің болуы. Алайда қазіргі таңда тек осы қасиеттер ғана жеткіліксіз. Жұмыс берушілер сонымен қатар қызметкердің шығармашылық, белсенді әрекет ететін және өндірістің өзгеріс жағдайларына тез бейімделетін тұлға болғандығын қалайды. Басқа сөзбен айтқанда, өз тағайындамасын тапқан, кәсіби қызметтің жоғары деңгейіне ие, еңбекті жүзеге асыру барысында өзгертін және дамып отыратын, кәсіпке өзінің жеке шығармашылық үлесін тигізетін кәсіпқой-адамның қасиеттері талап етіледі.

Осылайша, білікті мамандарды дайындаудың негізгі бағыты болып жастарды оқыту ғана табылмайды, сонымен қатар өмірдің өзімен белгіленген артықшылықтарды жүзеге асыру. Яғни, қоғам оның жас мүшелерінің қаншалықты көп бөлігі кәсіби білім ала отырып, уақытпен талап етілетін жеке қасиеттердің қажетті жинағымен арнайы дайындықтан өте отырып білікті маманға айналатындығына қызығушылық танытады.

Кәсіби білім берудің жаңа мазмұнында келесі қағидалар ескерілуі тиіс:

- адам кәсіби талаптарға қаншалықты сәйкес келеді және кәсіп адамның болжалына, ынтасына, икемділігіне қаншалықты сәйкес келеді;

- адам кәсіп нормалары мен ережелерін қаншалықты деңгейде меңгерді және ол өзінің ерекшелігін көрсетуге, өзін кәсіп арқылы дамытуға тырысады ма;

- адам мансаптық өсуге қол жеткізді ме және өсуге ұмтылады ма, басқа адамдардың кәсіби сындарын қабылдауға дайын ба;

- адам өз жетістігін сандық және сапалық бағалауға қабілетті және дайын ба, және оларды объективті түрде балмен, санатпен анықтай алады ма.

Көріп отырғанымыздай, өзінің өндірістік міндеттерін кәсіби орындау үшін маманға қажетті жеке қасиеттер кешені ұйымдастырылған білім беру жағдайында қалыптасуы мүмкін. Қорытынды мақсатқа бағытталған артықшылықтардың дұрыс таңдалуы маңызды-жаңа көзқарасты жұмысшыны дайындау. Бұл сөздердің астарында өндірушіге қойылатын негізгі талап жатыр: ол (адал болса да) орындаушыға бейжпай қарамауы тиіс, тапсырылған іске өз өміріндегі маңызды іс ретінде қарауы керек.

Оқушыларда кәсіби-еңбектік қасиеттердің қалыптасуы жоғарыда атап өтілген қағидалар бойынша жүзеге асуы үшін оларды тәрбиелеудің әдістемелік тәсілдері келесі мақсаттарға

бағдарлану керек.

1. Қоғамның болашақ жас мүшесі өзін, өз қасиеттірін, аңқты сатыдағы өз шамасын тануы, өз қажеттіліктерін, күшті және әлсіз жақтарын анықтауы, өзінің құндылықтар, адамдарға деген қатынастар жүйесін қалыптастыруы керек. Бұл нақты, сонымен қатар еңбектік сипаттағы тапсырмаларды шешу арқылы өз күшін тәжірибелік қолдану процесінде мүмкін болады. Бұл мақсатқа өндірістік білім беру сабақтарында жетеді.

2. Мамандықты меңгеру бойынша бірінші сабақтан бастап оқушылардың отбасыға, қоғамға, жұмысқа қатысты болжалы мен ұстанымы анықталуы керек. Осы ұстанымнан көп жағдайда адамның жеке тағдыры шешіледі. Осы тапсырманы жүзеге асыру оқушыларда кәсіби біліктіліктің талап етілетін деңгейін қалыптастыру арқылы мүмкін болады.

3. Оқушы өзі үшін қоғамдағы немесе үйдегі төленетін және төленбейтін жұмыста өз күшінің қолданылу қағидасын қалыптастыруы маңызды. Жағдайға байланысты прагматик пен альтруисттің органикалық үйлесімі адамгершілік бағдарын анықтайды. Кәсіби білім беру педагогтерінің міндеттеріне оқушыларда осындай қасиеттерді тәрбиелеу кіреді.

4. Белсенді өмірлік ұстаным жеке мәнсаппен тікелей байланысты-өмір бойы иеленетін қызметтер бірізділігімен және жеке жетістікпен, олар әкелетін марапаттаумен және қанағаттанумен. Осы аспектіні жеке тұлғаның қалыптасуында өрескел деп есептей отырып, екі жүзді болудың керегі жоқ. Жастар ересектерден де асқан атаққұмар, сонымен қатар өмір тек қана ақ сызықтардан тұрмайды. Өмірлік қиындықтарды жеңе білу, жағдайды жақсы жаққа өзгерту өзің үшін керек және мүмкіндігінше ертерек өзгерту қажет. Осындай жеке- кәсіби қасиеттерді тәрбиелеу-жастарды өздік еңбек қызметіне дайындаудағы маңызды тапсырма.

5. Кез келген мамандық бойынша дайындық икемділікке, жинақылыққа деген қабілеттің дамуынан тұруы керектігін өмір бірнеше рет растады. Осы қасиеттер мен дағдылар білім мекемесінен келесі сатыға ауысуға байланысты өзгерістерге бейімделу үшін қажет (жағдайға бейімделу қабілеті, икемділік, шешім қабылдау мен мәселелерді шешу қабілеті).

Жастарды ересектердің еңбек өміріне дайындауда жеке тұлғаны доминант ретінде дамыту мәселесінде бірінші орынға мамандықты ең жоғарғы деңгейде меңгеру тұрады.

Соңғы жылдары көптеген аймақтарда өнеркәсіптің өсуімен бірге білікті жұмысшы кадрларға деген мұқтаждықтың едәуір артқандығы сезіледі. Жұмыс берушілерге жұмысқа қабылданған

маманның қандай кәсіби-еңбектік қасиеттерге ие екендігі мүлдем бәрібір емес. Олардың талаптары толықтай заңды және жақын уақытта кәсіби білім берудің барлық деңгейінің оқу мекемелері басшылыққа алуға мәжбүр болатын басымдылықтар белгіленеді.

Кәсіби білім беру мазмұнын айтарлықтай жаңалау керек, әйтпесе көптеген жағдайларда заманауи өндірісте тек жұмысшылар ғана емес, біліктілігі жоғары жұмысшылар жетіспей жатады. Бұл тапсырманы шешу жақын кезеңде жастарды оқытудағы жедел және басым мәселе болып табылады. Оқушыларда жоғарыда аталып өткен кәсіби-еңбек қасиеттерін қалыптастыру үшін пәндік-бағдарлық білім беруден толықтай бас тарту керек. Қазіргі таңда ол тек жеке бағдарлық қана емес, сонымен қатар тәжірибелік-бағдарлық болуы керек. *Тәжірибелік бағдарлық білім берудің мақсаты*- болашақ маманда кәсіби қызметке толық дайындықты қалыптастыру, кәсіби білім беруде шығармашылық бастаманы күшейту және нәтижесінде – кәсіби біліктілікті қалыптастыру.

Дәл осы кәсіби біліктілік жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған, қызмет өнімділігінің деңгейін жоғарылатуға, білімді, дағдыларды жетілдіруге, кәсіптің негізгі әдістемелері мен технологияларын меңгеруге, болашақ жұмысшылардың кәсіби шеберлігінің негізінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Инновациялық әдістеме, біліктілікке негізделген білім беруде қолданылатын модульдік бағдарламалар мүмкіндік береді:

- оқу-тәрбие беру процесіндегі кәсіби білім беру педагогтерінің орны мен рөлін қайта ойлауға;
- білім беру бағдарламаларының мазмұнына қатысты тәсілдерді сапалы түрде қайта қарастыруға;
- білім беретін оқу материалдарын реттеу мен жүйелеуге;
- оқушыларды жай ғана қатысушылар ғана емес, оқу процесін бірге жүзеге асыруда педагогтердің пікірлесі қыла отырып білім алуға деген оқушылардың ынтасын арттыруға.

Бастауыш және орташа кәсіби білім беру мекемелері келесідей қасиеттер сипатты түлектерді дайындауды бағдарға алулары тиіс:

- кәсіби біліктілік;
- жоғары кәсіби шеберлік және еңбек сапасы;
- өздігінен жоспарлау, өз еңбек қызметін жүзеге асыру және бақылау қабілеті;
- заманауи есептеу және ақпараттық техниканы қолдана алу қабілеті;
- өздігінен шешім қабылдау, олардың мүмкін болатын экономикалық және әлеуметтік нәтижелерін болжау, өз әрекетінде

қабылданған шешімдер мен нәтижесінің жауапкершілігін өз мойнына алу қабілеті.

Біз көп қолданатын «біліктілік» терминін қарастырайық. Латын тілінен аударғанда біліктілік (*competentia*) адам жақсы хабардар, түсініктер мен тәжірибелерге ие сұрақтар шеңберін білдіреді. Осы немесе басқа жұмысшыға немесе қызметкерге баға бере отырып, біз оның біреуін «ол білікті», екіншісін –«ол мүлдем біліксіз», ал үшіншісі туралы- «ол біліксіз» деп айтамыз. Соынмен қатар біздің нақты маман туралы пікіріміз оның өзінің кәсіби білімі мен дағдыларын қаншалықты тиімді қолданатындығын, ынта танытушылығын, топта жұмыс істеу қабілетін, стандартты емес жағдайларда сындарлы шешім таба алу қабілетін және т.б. негізге алады. Қазіргі таңда *біліктілік деп* белгілі бір еңбек қызметтерін өздігінен, жауапкершілікпен (әрекеттә біліктілік) және ептілікпен орындау қабілетін анықтайды. Біліктіліктің және білікті болмаудың әртүрлі себептері бар: жеке тұлғаның психофизиологиялық жағдайы, эмоциялық төзімділігі немесе төзімсіздігі, жақсы немесе нашар денсаулығы, сонымен қатар оқу мекемесіндегі жеткіліксіз кәсіби дайындық.

Кез келген жағдайда берілген түсініктің базалық сипаттамасы болып маманда кәсіби қызметтің орындалуын қамтамасыз ететін біріккен білімдер, қабілеттер, тәжірибелер кешенінің қалыптасу деңгейі қалады. Кәсіби білім беруге қатысты профессор Э.Ф.Зееер «адамның біліктілігі оның білімін, қабілетін және тәжірибесін анықтайтындығын» атап өтеді. Бұл мамандардың кәсіби дайындығын құраушылардың барлығы білім беру мекемесінде тәжірибелік-бағдарлық білім беру процесі барысында және біліктілік тәсілдемесіне сүйене отырып қалыптасуы керектігін растайды. Берілген жағдайда біз берілген кәсіпті меңгерудің «кілті» болып табылатын базалық (кей кездерде оларды кілт деп атайды), арнайы немесе кәсіби біліктілікті ажыратамыз. Солардың негізінде қазіргі таңдағы өмірге қажетті оқушылардың кәсіби-еңбектік қабілеттері қалыптасады.

4.2. Жұмыс процесінде технологиялық тәртіпті тәрбиелеу.

Маманды дайындауды тұрақтандыратын негізгі құжатқа, атап айтсақ, кәсіпке деген белгілі бір минималды білім деңгейі, әрбір мамандық бойынша қабілеттер мен дағдылар қарастырылатын Мемлекеттік білім беру стандартына (МБС) оқушыларда жеткілікті технологиялық сауаттылықты қалыптастыру талаптары енгізілген. Бұл болашақ маман иесінде технологиялық тәртіпті

қатаң сақтау дағдысын жетілдіруден тұратын мағынасы кең түсінік. Қазіргі таңда өндірушілердің басым көпшілігінде орнатылған технологиялық талаптар мен шарттардан мүлдем ауытқымаудың тәрбиеленген темірдей тәртібі («қанда» деп аталады) жоқ екендігін өкінішпен мойындауға тура келеді.

Біз көптеген жапон фирмаларындағы миллион өнімнің тек біреуінің ғана зақымдалғандығы анықталатын өнім сапасына деген жоғары талап туралы айтқанда жұмысшылардың төбесінен қарап тұрған бақылаушылар жасағы көз алдымызға келеді. Негізінен бұл мүлдем олай емес. Жұмысшының өзінен басқа ешкім қолданылатын технология мен материалдар және т.б. ұсақ кемшіліктерін байқай алмайтындығы барлығына белгілі. Сондықтан кеңінен таралған жапон үйірмелеріндегі сапа әкімшіліктің қатысынсыз, жұмысшылардың өздерінің ынталарымен қалыптасады. Дәл солар технологияларды бағалайды, жақсарту жолдарын іздестіреді, шығарылатын бөлшектердің осал жерлерін, тіпті қаптаманың сыртқы түрін анықтайды және т.б. Мұндай жағдайда кездейсоқ шығарылған материалды қолдану, артынан қалдыққа кететін дайындаманы үлкен әдіппен қолдану өндірушінің басына да келмейді. Өз маркасының мәртебесі, фирманың абыройы жеке намыс, жеке бедел мәселесі болып табылады.

Ізінше, білім беру процесінде болашақ өндірушілерде осындай қасиеттер мен қатынастарды оларды кәсіби біліктіліктің негізгі құрамасының бірі деп санай отырып қалыптастыру әдістемелік тұрғыдан ақталған. Демекші, еліміздің жуырдағы тарихымен (бұрынғы КСРО) салыстырғанда жұмысшылардың өздерімен өнімді зақымданусыз тапсырудың «саратовтық» деп аталатын жүйесі құрылды және өнеркәсіптен өнеркәсіпке жылжыды. Ол шетелдік үйірмелерден бұрын пайда болды және сапасы ерекшеленді, өйткені жұмысшы өнімді ТББ (бақылаушыларға) өткізбеді, оларды өзінің жеке желімімен таңбалады. Жұмысшы намысы, кәсіпқой статусы туралы жоғары түсінік шығарылатын өнімнің мінсіз сапасын барлық бақылаушылардан да жақсырақ қамтамасыз етті. Бұл қозғалыс кең таралымға ие болды және ҒӨҰ жүйесінде білім алып жатқан жастардың тәрбиесіне оң әсер етті.

Қазіргі таңда болашақ мамандарда технологиялық тәртіптің қалыптасуы жеткілікті түрде мақұлданған әдістемелік негізге ие және келесідей түрде жүзеге асады.

Бастапқыда оқушыларды ұсынылған технологияны қатаң түрде сақтауға, «тек осылай жасау керек!» ережесін «темірдей» қатаң тәртіпте орындауға үйретеді. Білім берудің бірінші сатысында

осындай әдістеме қолайлы, өйткені ол студенттерді орнатылған технологиялық процесті қатаң сақтау әдетіне баулиды. Заманауи өндірісте тіпті ең қарапайым бөлшек дайын аяқталған өнімге айналу үшін өндеудің ұзақ жолынан өтеді. Білікті жұмысшы, осы процестегі өз бөлігін орындай отырып, дайындама қандай сатылардан өтетіндігін, ол сатыларда не жүзеге асатындығын және технологияның қандай ерекшеліктері ескерілуі керектігін ойластыруы тиіс. Ізінше, болашақ маманның технологиялық сауаттылығының қалыптасуының бірінші сатысында оқушыларды алға қойылған жұмыстың жеке ерекшеліктерін тереңінен түсінгенге дейін оқыту әдістемесін шебер жақсы меңгеруі керек.

Шебер өз тәрбиеленушілеріне заманауи өндірісте барлық техникалық және технологиялық құжатнаманың қазіргі таңда ИСО (*International Organization for Standardization*) стандарты бойынша Халықаралық ұйым талаптарына жуықтайтын немесе толықтай сәйкес орнатылған мемлекеттік стандарттарын негізге алатындығын түсіндіруі керек. Кез келген елдің әлем экономикасына енуі қазіргі таңда ұлттық стандарттардың *ISO* стандарттарына сәйкес келмеуінсіз мағынасыз.

Өндірісте үлкен маңызға ие осы стандарттардың мамандықты оқушыларға білім беру барысында толықтай меңгерілмейтіні түсінікті. Сонымен қатар білікті мамандарды дайындау басқа қасиеттермен бірге міндетті түрде техникалық құжатнаманы сенімді меңгеруді де қарастырады, және де бұл талап-кәсіби біліктіліктің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Міне сондықтан білім алудың бірінші сатыларында қарапайым сипатқа ие оқу құжатнамасынан біртіндеп жуықтау, сосын сәйкес стандартпен өндіріс үшін орнатылған техникалық және технологиялық құжатнамамен толық сәйкес келу талап етіледі. Бұл талап мамандықты оқытудың негізгі шарты болып табылады.


Ары қарай, өнімді дайындау барысында құжатнамаға еппен қарау, оны оқушылардың сенімді түрде қолдануы олардың әрекеттерінің дұрыстығына және тиімділігіне, еңбектің озық тәсілдерінің қолданылуына ықпал етеді. Графикалық сауаттылықтың қалыптасуы болашақ маманның технологиялық біліктілігінің ажырамас құрамасы екендігін атап өту керек. Монтаждық сызбаны немесе құрамалық сызбаны сенімді оқып тұрған жұмысшы техникалық құжатнамада қабылданған шартты белгілерді түсінеді, әрқашан технологиялық процестің дұрыс бірізділігін қамтамасыз етеді. Міне сондықтан шебердің маңызды міндеттерінің бірі оқушыларды өндірістік құжатнамаға араластыру, әрбір сабақта оларды жұмыс орнында пайдалану

дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бұл заманауи өндірісте мамандарды жұмысқа дайындаудың негізгі шарттарының бірі.


Оқытылып жатқан кәсіптің жетілдіру сатысында мүлдем басқа әдістемелік талаптар қарастырылған. «Тек осылай ғана жасау!» ережесі өндірісте маңызды және қажетті болып табылатын қызметтік белсенділікті тәрбиелеуге мүмкіндік бермейді. Заманауи жұмысшыға оның жұмыс алаңына қатысты барлық нәрсе маңызды болуы тиіс: өнім жасалатын дайындама үнемді ме, қолданылатын материал сапасы, төзімділігі және т.б. бойынша қызметтік тағайындауға жауап береді ме, қолда бар технология тиімді немесе үнемді емес пе, қанша қуат ресурстары және басқа да құрама материалдар керек. Осылайша, білім берудің осы сатысындағы жұмыс процесінде технологиялық тәртіпке тәрбиелеу сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге өтеді. Әрине, технологияны сақтау-өндірістік өмірдегі қатаң қажеттілік. Бірақ қолда бар процеске сыни көзқарас, көздерді іздеу және табу, жұмысқа деген өнертапқыштық қатынас- бұл нағыз маманды беткей түсінікке ие дилетанттан ерекшелейтін кәсіби біліктіліктің маңызды құрама бөлігі болып табылады.

Жетілдіру сатысында өз ісінде өндірістік мәселелерді шешу барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін ояту маңызды. Ол үшін әдістемелік тәсілдер шебердің арсеналында жеткілікті. Мысалы, қолөнер операциясының әдеттегі шарасы көздерді іздеу мен әдеттегі технологияны өзгертуге себеп болады.

Тағы бір мысал. Сатылы саңылаумен тығынды қандай да бір бірізділікпен бұрғылаудың маңызы қандай? Бірақ, егер оқушыға бұrandаның сынықтарынан қауіптенбей, бірінші үлкен диаметрді, сосын кіші диаметрді бұрғылау оңтайлырақ деген ой тастаса, онда ол басқа жағдайларда да шешімнің үздік нұсқаларын іздестіре бастайды (1 сурет).



Сурет. 1. Өндеудің оңтайлы бірізділігін анықтау



Сурет 2. Жұмыс істейтін және бос жолдардың сызбасы

а) әдетте оқушылар ұсынатын; б) оңтайлы нұсқа

Сатылы білікшені тесу тапсырмасында жұмыс істейтін және бос жолдар сызбасының екі нұсқасын салыстырамыз (2 сурет). Осындай «ұсақ-түйекті» ескере отырып, жонғыш білдектердегі осындай жұмыстар барысында өнімділікті шамамен екі есеге арттыруға болады. Осы жерде елімізде жылдам және күшті кесу тәсілдері пайда болған жылдары Павел Быков, Василий Колесов, Генрих Борткевич және басқа да мыңдаған шеберлер бір жыл ішінде өңдеудің бес жылдық жұмысын жүзеге асырғандығы туралы әңгімені айта кету керек. Мұндай мысалдар оқушылар үшін үнемі қызықты болады, оларды еңбек көзін іздеуге мәжбүрлейді.

Қарастырылған сияқты жағдайларда оңтайлы әрекеттерді есептеу мәселелерінде алғаш рет болашақ маманда оңтайлы технологияны таңдауға деген алғышарт қалыптасады, өңдеу процестеріне деген сыни көзқарас қалыптасады. Мұнда әдістемелік тұрғыдан ережелерді сақтаған өте маңызды: оқушылардың осындай технологиялық тәрбиесін үзілмелі, эпизодтық, қандай да бір кездейсоқ «шығарылған» жағдайға сәйкес деп санамау. Күмәнсіз, жеке тұлғаның шығармашылық дамуы үшін, оның кез келген процеске белсенді және әрекетті қатысу дағдысын қалыптастыру үшін қандай да белгілі бір тақырыпты таңдап алуға болмайды. Егер жасөспірімнің шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу мақсаты қойылған болса, онда ол эпизод бола алмайды, бағдарламаның қандай да бір немесе бірнеше бөлімдерімен шектеле алмайды.

Ізінше, қоғамның болашақ мүшесінің даму мәселелерінің рөлі, жаңашылдардың дағдылану қабілеттері жұмыс бағдарламасының кез келген тақырыбын өткен кезде осы ерекше маңызды тапсырманы

шешуге көмектесуі керек. Бұл оқушыларда шығармашылық қабілеттің дамуы жүйелік сипатқа ие болуы керек дегенді білдіреді, болашақ жұмысқа үйретудің барлық кезеңінде шебер өз оқушыларына сияқты олар да жетекшісінің қызметінің негізгі құраушысы болуы керек.

Тағы да бір аспект бар, бұл әдістемелік емес, психологиялық сипатқа ие-бұл шебердің, сонымен қатар оқушының да ойлауының жігерсіздігінің әсері: «Одан қандай өнертапқыш шығады! Бұл мүмкін емес!». Осындай жаңылыстар-кең таралған құбылыс. Отандық ғалымдардың зерттеулері мен тәжірибелері көрсетті: *шығармашылық адамы болып дүниеге келмейді, бұл – жеке тұлғаның жетілдіретін қасиеті*. Әрбір жасөспірімді қолданылатын технологиялардың сыни сараптамасына, мәселені шешудің оңтайлы нұсқаларын таңдауға, қабылданған шешімдерді олардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық нәтижелерін ескере отырып сараптау мен бағалауға үйретуге болады. Әрбір оқытылатын кәсіп бойынша шебер міндетті түрде осы жұмыстың оңтайлы, экономикалық және тиімді орындалуы үшін жеткілікті мысалдар табады.

Барлық баяндалғандардан шығатын қорытынды айқын: оқушы өз жұмысын жылдамдатуға, өңдеу сапасын арттыруға, қорытындысында өз еңбегін жағымды және қанағаттанарлық ететіндей әдіс табуға деген құлшыныспен *өзі «жанып тұруы»* керек. Тәжірибе көрсеткендей, осы сияқты ынта шебердің қызықтыру әрекеттерінсіз сирек пайда болады. Міне сондықтан оның ҒӨБ жүйесіндегі рөліне айтарлықтай үлкен мән беріледі. Орташа педагог басқалардың шығармашылығына шырақ жағуға қабілетсіз. Тек шығармашылық адамы ғана өз артынан жасөспірімдерді еліте алады, олардағы ескі, ескішілдікке негізделгеннің барлығымен күресуге деген ынтаны оятады.

Өзінің «Өмір-шығармашылық» кітабында жаңашыл В.Г.Моисеев жазады: «Біз өндіріс тиімділігі туралы көп айтамыз. Технологиялық процесте бір нәрсеге назар аудару керек, ал бір нәрсеге назар аудару міндетті емес кезде ірі және ұсаққа бөліну деген болмау керек. Нашар иірілген кішкентай бұрандадан үлкен машина күйреуі мүмкін. Өндірістегі адам- бірлік емес, бұранда емес, ол жеке тұлға. Ал жеке тұлға көп нәрсеге қабілетті». Міне өз тәрбиеленушілерінің жұмысқа деген шығармашылық ұмтылысын бағдарға ала отырып, олардың бойында дәл осындай ұстаным қалыптастыруы керек.

4.3. Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне үйрету әдістемесі

Кәсіби білім беру шеберінің қызметінің көптеген бағыттарының ешқайсысы оның «Ресей Федерациясының білім министрлігінің жүйесіндегі еңбекті қорғау қызметі туралы ережеде» (1995 жылдың

27 ақпанындағы № 92 бұйрықпен бекітілген) белгіленген міндеттері сияқты асқан дәлдікті талап етпейді.

Ережеде ескертпе жасалынған, бірақ көбінесе «еңбекті қорғау» термині қолданылады, оның мазмұны білім беру жүйесінің ережесіне сәйкес «өмір қауіпсіздігімен қамтамасыз ету» түсінігіне жақынырақ. Педагог білім беру мекемесімен келісімшарт бекіткеннен кейін ол осы оқу орнында жұмыс істеген уақытында оқушылардың денсаулығы мен өмірін сақтауға өзіне жауапкершілік алады.

РФ заңнамасында бұл туралы тікелей баяндалған, шеберхананың меңгерушісі, кәсіби білім беру шебері немесе үйірменің жетекшісі «еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін бұзу нәтижесінде оқу-тәрбие процесі кезінде оқушылармен болған қайғылы жағдайларды заңнамаға сәйкес жеке жауапкершілігіне алады». Егер осындай қайғылы жағдай орын алса, оның тергелуін РФ басқармасымен 1995 жылдың 3 маусымында қабылданған, мекеменің барлық жұмысшылары да білуі тиіс «Өндірістегі қайғылы жағдайларды тергеу мен тіркеу реті туралы ереже» реттейді.

Берілген ережелерге сәйкес білім беру мекемесі үшін міндетті болып табылатын еңбекті қорғау бойынша тізімдеме орнатылған. Оқу шеберханаларында келесі құжаттар қолданылады.

1. Акт — оқу шеберханаларында сабақтар өткізуге рұқсатнама (оқу жылы басталмас бұрын жыл сайын құрастырылады)

2. Акт — оқу шеберханаларында, зертханаларда құрылғыны пайдалануға рұқсатнама (жыл сайын және жөндеуден кейін)

3. Білім беру мекемесі бойынша еңбекті қорғау жағдайы мен еңбекті қорғау бойынша лауазымды қызметтерге жауапкершілік артылғандығы туралы бұйрық.

4. Білім беру мекемесінің жұмысшыларының еңбегін қорғау бойынша олардың қолтаңбасымен бірге қызметтік нұсқамалар (жыл сайын қолхат алынады)

5. Кіріспе нұсқама мен оқушылардың жұмыс орнындағы нұсқамалар журналы.

Еңбектің қауіпсіз тәсілдері бойынша оқушылардың барлық нұсқамалары сәйкес түрде қауіпсіздік техникасы бойынша журналдарда рәсімделуі керектігін атап өткен жөн (оқу бағдарламасының әрбір жаңа тақырыбын өткенде). Журналдың «Нұсқама немесе оның мазмұны» жолында ресми сипаттағы үлгілік жазбамен ғана шектелмей, қауіпсіз жұмыстың нақты қандай ережелері және мүмкін болатын нақты қандай қауіптердің алдын алу нұсқаманың нысаны болғандығын *тыңғылықты және толық* атап өту керек. Егер оқушы қандай да бір себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда шебер ешқашан оқушы нұсқаманы алды деп ресми түрде қол қоюға жол бермеуі керек. Есте сақтау керек: оқушы кез келген қауіпсіздік техникасының ережесін бұзған жағдайда (әсіресе қайғылы

аяқталғанда) бұл құжат барлық бақылаушы қызметтің ең дәлірек зерттеу нысанына айналады.

Төменде білім беру мекемелеріне арнап орнатылған осындай журналдың түрлік формасының нұсқасы келтірілген.

РФ ғылым және білім Министрлігі (білім беру мекемесінің атауы)

Еңбекті қорғау бойынша оқушылар нұсқамасының ЖУРНАЛЫ

Басталды:				Аяқталды:		
Күні	Оқушыға нұсқаушының аты-жөні	То п №	Нұсқама немесе оның мазмұны	Нұсқаушын ың аты- жөні, қызметі	Қолдар	
					Нұсқау алушыны н	Нұсқау берушіні н
1	2	3	4	5	6	7

Шебер оқу шеберханаларындағы құрылғы мен қорғаныс құралдарының Ережедегі нұсқамада орнатылған мерзімге сәйкес тексеруден өтуін қадағалауы керек. Әсіресе электрқұрылғылары мен өрт сөндіру құралдарының тексеру мерзімдерін көтеру маңызды.

Жабдықтар мен қорғаныс құралдарын тексеру мерзімдерінің жинақ кестесі

Жабдықтар мен қорғаныс құралдарының атауы	Тексеріс тіркемесінің мерзімдері мен формалары
Өрт сөндіргіштер (барлық түр)	Күнді көрсете отырып, жылына 1 рет
Электржелісінің кедергісі	Жыл сайын. хаттама толтырылады
Жерлендіру жағдайы	Жыл сайын. хаттама толтырылады
Фаза-нөл (кабельдік кірмеде)	5 жылда бір рет. Хаттама толтырылады
12, 24, 42 вольтты төмендететін және ауыспалы трансформаторлар(стационарлық)	Жылына 1 рет
Электршамды шаңнан тазарту	Айына 1 рет

Шыныларды шаң мен кірден тазарту	Жылына 2 реттен кем емес
Жылжымалы ағаш сатылар (асылмалы басқыш)	Жылына 1 рет

Атап өту керек, жоғарыда атап өтілгендердің көпшілігі тікелей білім беру мекемесінің басшысының құзіретіне жатқызылғандығымен, орнатылған мерзімдердің сақталуын қадағалау, жұмыстардың орындалуын тексеру шеберге жүктеледі. Бұл мәселеде қателіктер және орнатылған нормативтер мен нұсқамаларға немқұрайлы қараушылық болмауы тиіс. Мысалы, егер шеберханадағы әрбір құрылғының жанында қауіпсіз пайдалану бойынша түрлік нұсқама болуы керек болса, онда ол болуы керек, өйткені онда жұмыс істеушінің жұмысты бастар алдындағы, жұмыс барысындағы, жұмыс соңындағы әрекеттеріне қойылатын айқын талаптар бар.

Шебердің міндеттеріне сонымен қатар ресми сипатқа ие болмауы тиіс жүйелік нұсқама арқылы өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды қамтамасыз ету де кіреді. Тағы да атап өтейік: қауіпсіздік техникасы мәселелері, электр және өрт қауіпсіздігі әрқашан шебердің назарында болуы тиіс. Бұл мәселелердің маңызы зор, сондықтан РФ білім Министрлігінің 2001 жылдың 14 тамызындағы № 2953 бұйрығымен «Ресейдің білім Министрлігінің жүйесіндегі білім алу процесінің қауіпсіздігімен қамтамасыз ету және еңбекті қорғауды басқару. Негізгі ережелер. ОСТ 01— 2001» салалық стандарты бекітілген.

Шеберханалардағы және өндіріс орындарындағы өндірістік білім беру барысында кәсіби білім беру шебері оқушылардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз ету сенімді түрде тапсырылған мемлекеттік қызметкер ретінде орнатылған ережелер мен қағидаларды қатаң түрде сақтауға міндетті, олардың көпшілігі тәжірибемен қабылданған және ащы өмірлік сынақтарды ескереді.

Оқушылардың қауіпсіз еңбек тәсілдерін үйренуінің және олардағы орнатылған ережені қатаң сақтау әдетінің тәрбиеленуінің бірнеше әдістемелік аспектілерін қарастырайық. Шындығында бұл жартылай оқушылардың жасымен, жартылай олардағы психологиялық ішкі сырларымен байланысты бірнеше себептер салдарынан қарапайым тапсырма болып табылмайды.

Құрылғыға жіберілген жасөспірім мүмкін болатын қауіп туралы ұмытып кетуі мүмкін. Айналулардың жоғары жылдамдықтарымен немесе жұмыс бөлшектерінің қозғалысының жоғары амплитудасымен жұмыс жасағанда оқушының әлі түзелмеген реакциясы сыр беруі мүмкін. Ұшып келген жоңқамен жарақаттанудың қауіптілігі немесе киімнің қозғалып тұрған желіге кіріп кетуі жағдай орын алғаннан

кейін ғана анықталады. Алаңғасарлық, сонымен қатар жасөспірімдік батырсыну, даңғойлық жаман аяқталуы мүмкін. Оқушылар көптеген қауіпсіздік ережелердің жұмыс барысында орын алған қайғылы оқиғаларға байланысты жазылғандығын ұмытып кетеді. Оқушыларды осындай міндетті ережелермен әдістемелік тұрғыдан сауатты қалай таныстырса болады?

Автор мен басқа да педагогтардың үлкен тәжірибесі растағандай, кіріспе нұсқаманы жүргізу барысында аталып өткен қызықсыз нұсқамалар тармақтарын әрбір кәсіпте кездескен шынайы өмірде болған жағдайларды мысалға ала отырып көркемдеген дұрыс.

Мүмкін біреулерге шынайы қауіптің тірі мысалдарын келтіру қатал, әрі ізгіліксіз көрінуі мүмкін, мысалы береттің астына жиналмаған шашпен, машина баспаларымен бекітілмеген бөлшектермен және т.б. байланысты мысалдар және олардың қайғылы аяқталымдары, бірақ өкінішке орай, кей кездері мұндай оқиғалар өндірістік білім беру мекемелерінің оқушылары арасында расымен орын алып жатады.


Олар бұл туралы білуі және есте сақтауы тиіс. Тағы да бір маңызды әдістемелік тәсіл туралы айтып өткен жөн: оқушыларды қауіпті аймақтар немесе мүмкін болатын қауіп туралы ескертіп қана қоймай, (тиімдірегі) алдын ала сол қауіпті болдырмаудың шараларын қарастыру керек.

Тәжірибе мен сынақ көрсеткендей, құрылғының қарапайым, бірақ жеткілікті түрде тиімді құралдармен жабдықталу деңгейі шебердің алдын ала болжауы мен жеке бастамасына тәуелді. Бірнеше мысалдар келтірейік.

Металл өңдеуіш құрылғымен қауіпсіз жұмыс ережелерінде білдекті келесі жағдайлар орын алған кезде тоқтату керек:

- Білдектен қысқа мерзімге болсын алыстағанда;
- жұмысты тоқтатқанда;
- бөлшектерді өлшегенде;
- кесетін құралды, құрылғылар мен жабдықтарды орнатқанда немесе ауыстырғанда;
- білдекті тазалағанда және т.б.

Жеткілікті тәжірибесі жоқ оқушының жоғарыда аталып өткен және басқа да жағдайларда осы талаптарды міндетті түрде сақтайтындығына шебер толықтай сенімді бола алмайды. Бірақ оқу құрылғысын жұмыс жалғасып жатпаса 20 — 30 секундтан кейін қозғалтқышты өшіретін қарапайым релемен жабдыктаса болғаны, төніп тұрған жарақат қаупінің алды алынады. Қазіргі таңда көптеген заманауи өндірістік білдектер осындай құрылғылармен дайындаушы зауыттарда міндетті түрде жабдықталады.




Сурет. 3. Ортаға жылжитын патронның қауіпсіз кілті:
1 — итергіш, 2 — білік, 3 — серіппе,
4 — сұқкыш, 5 — тұтқа

Бастауыш қырнаушылардың көп жіберетін қателігі патрондық кілтті бөлшекті бекіту және босату барысында патронда қалдырып кетуінде. Сүмбі айналмасын байқаусыздан іске қосу жарақатқа әкеледі (ережені бұзушының өзінің немесе көрші білдек иесінің). Серіппелі патронды кілтті қолдану (3 сурет) қауіпсіздік техникасын осылайша бұзуды мүмкін емес қылады.

Бөлшекті патронға бекіткен кезде итергіш 1 біліктің ішіне жіберіледі. Егер кілтке басуды азайтса, итергіш 1 серіппенің 3 әсерінен кілтті патроннан итеріп шығарады.

Салыстырмалы түрде АҚШ-та жақында бұрғылайтын білдек үстелінің қайырмалы сүйенішіне патент берілді. Оны төменгі, аспалы қалыптан үстел деңгейінен жоғары көтергенде ол бөлшектің айналып тұрған бұрғы күшімен бұрылысының және мүмкін болатын қолдың ауыр жарақатының алдын алады.

Білдекте сыртқы және ішкі бұранданы кесу жас қырнаушы үшін әрқашан қауіптілігі жоғары операция болып саналды, өйткені ол көбінесе қол бұранкескіш ұстатқышты және бұрауыштарды қолдану арқылы орындалатын. Артқы қысқыш күшшесіне бекітілген механикалық құрылғыларды қолдану (4 сурет) жұмысты айтарлықтай жеңілдетеді, кепілді түрде оқушылардағы мүмкін болатын жарақаттардың алдын алады. Сипатты түрде білдекті бұранда кескіштің астында ауыспалы салғымен және белгі салушыларды бұранданың әртүрлі өлшемдерімен жабдықтай отырып, шебер бұранда бөлшектерінің алуан түрлерін жасау барысында білдекте істейтін жұмысшылардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді.



Сурет. 4. Бұранда кескіш құралға арналған механикалық ұстағыш: 1 — бұранда, 2 — бұранда кескіш, 3 — қозғалмалы тығын, 4 — бүркеншіксіз шеге, 5 — қималы корпус 6

Шебермен қарастырылған жұмыс істеп тұрған құрылғыны алдын ала тоқтан ажырату бір ғана жарақаттың алдын алып қоймады, сонымен қатар оның жұмыс орнындағы пультпен ғана емес, ол оқу шеберханасының екінші басында жүрген кезде де.

Оқу шеберханаларында оқу бағдарламаларының барлық тақырыптары бойынша қолдануға арналған кеңінен танымал және өндірісте қолданылатын көптеген түрлі құрылғыларды ұсынуға болады. Құрылғылар жоғары өнімділікпен қауіпсіз еңбек мүмкіндіктерін көрсете отырып, оқушылардың өздерімен жасалынған, олармен өндірістік тапсырысты орындау барысында жетілдірілген болуы мүмкін. Ең қызығы, көптеген жағдайларда жарақаттың алдын алу үшін арнайы, күрделі құралдар керек емес. Мысалы, болашақ темір ұсталарын бірінші сабақтан сызғыштың еркін (қолданылмайтын) өткір ұштарына қорғаныш тығындарын немесе арнайы қақпақтарды кигізуге үйрету жеткілікті-бұл әдет бақытсыздықтан сақтайды. Кескішпен кесуге үйрету барысында соққыш бөлігіндегі резиналы тығырық түріндегі саптама қол білезігін жарақаттан сақтайды. Ағаш өңдейтін білдекті қорғаныш экранының түсірілуінсіз іске қосуды болдырмау бет пен көзге жоңқаның түсіп кетуінен қорғайды. Мұның барлығы шеберге жұмыс барысында оқушылар әрекетінен қорықпауға мүмкіндік береді, ал тыныш жұмыс білім алу процесінің барлық оқушыларын психологиялық жайлылықпен қамтамасыз етеді.

Біз оқу шеберханаларындағы жұмыс барысындағы жарақаттанудың алдын алудың барлық әдістерін көрсетуді мақсат етпейміз. Ол үшін әртүрлі мамандықтар бойынша жасалынған арнайы нұсқамалар бар.

Шебер жас балаларға абайсыздық, керек емес даңғойлық, қауіпсіздік ережелері мен заңдарын елемейшілік тән екендігін, білдектегі жұмыс, ондағы жоғары жылдамдықтар қызықты және еліктіргіш қана емес, қауіпті екендігін де есте ұстауы керек. Міне сондықтан оқу-өндірістік шеберханаларды жұмыс істегенде қауіпті факторлардан болатын жарақаттану мүмкіндіктерін максималды түрде қысқарту керек.

Кәсіби білім беру шебері әрбір тақырыпты меңгерген кезде әрқашан қауіптің алдын алу үшін оқушыларға қауіпті аймақтар, дұрыс емес әрекет салдарынан мүмкін болатын қауіпті жағдайлар туралы ескертуі керек. Бұл мәселелер үнемі шебердің бақылауында болуы тиіс.

Оқушыларды еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне оқытудың әдістемелік аспектілерін қарастыруды аяқтай отырып, кәсіби білім беру жүйесінде дайындалатын көптеген кәсіптердің әрқайсысының өзінің жеке ерекшеліктері бар екендігін атап өтейік. Оқу құралының үлгісі әрқайсысы бойынша жеткілікті сипаттама беруге мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар есте сақтау керек: шебердің беделі жоғары, ал жұмыстың қауіпсіз тәсілдері туралы берген түсініктемелері анық және нақты, ойластырылған көрнекіліктермен жабдықталған (көбінесе аудиовизуалды) жерде оқушылар арасында жарақаттану жағдайлары мүлдем кездеспейді деуге болады. Оқушылар жетекшісін сылайтын және жақсы көретін болса, тәртіпсіз болмайды және көрсетілген барлық тәсілдерді дұрыс орындауға тырысады.

4.4. Белсенді шығармашылық тұлға қасиеттерін қалыптастыру

Білім алушылардың таңдаған мамандығына оқуы көбінесе олардың болашақтағы жеке еңбегіне дайындау деп есептеледі де, оқу кезеңі жеке өмір деп саналмағандай көрінеді. Және өндіріске келген жас маманды ғажап түрде жаңашыл қылдырып жіберетін ғажайып құрал бар деген пікір бар. Бірақ ол тек фантастикалық ертегілерде ғана болуы мүмкін.

Шындығында, болашақ маманды өз өмірінің нағыз қожайыны қылып тәрбиелеу — қарапайым және оңай тапсырма емес. Немқұрайсыз, өмірдің өндіріс, қоғамдық қатынастары, экономика, экология, әлеуметтік аспектітері сияқты барлық салаларына қызығатын адам — міне, жаңа құрылымдағы қызметкер осындай болуы керек. Оқу барысында осы тапсырманы шешу, сапалы маман әзірлеуден кем болмауы керек.

Мүмкін, жас педагог жоғарыда айтылған мақсаттар оқу-әдістемелік емес, тәрбиелік мағынада екенін айтып, қарсы келуі мүмкін. Алайда, біздің түсінігіміз бойынша, жас адам өзін өз ісінің нағыз маманы деп сезінген кезде, оған оның кәсіпорынының (оның жеке қызметінің) қоршаған ортаға, жақындары мен басқа да адамдардың денсаулығына тигізетін кері әсеріне немқұрайлы қарауы мүмкін емес.

Біздің ойымызша, білім алушының шығармашылық белсенділігін қалыптастыру — тәрбиеленетін қасиет болып табылады. Ол мінез ерекшелігіне айналып, оның қылықтарында көрінетін болады. Бұл ой серпінімен шырмаланбаған жас ақылдың, әр түрлі мәселелерді біртума өзіндік шешуге қабілеттілігін көрсететін жүздеген және мыңдаған мысалдарымен расталады.

Бұны қалай бастаса болады? Қызметкердің жұмысында әдетте кездесетін қарапайым заттардан бастау керек. Ағаш шеберінің сызбалардың көз алдында тұруы үшін оларды қайда бекіткені дұрыс? ЭЕМ операторының жұмысқа арналған тапсырма немесе

нұсқаулықты қалай орналастырғаны ыңғайлырақ? Тігіншінің жұмысына қажет деген заттарын қайда сақтағаны дұрыс? Білім алушы осылардың шешімін табу үшін кез келген, кездейсоқ нұсқаларын ұсынуы керек. Өйткені, бір кәсіпорынның киім ілгішін өзгеше орналастыруды дәл сол жас қызметкер ұсынған: адамдар шешінген соң, киім ілгіштер төбеге көтерілді, ал босаған кеңістіктен электрокарлар емін еркін өтетін болған. Бұл ғажап қой? Мүмкін. Тек кейін кеңістік трансформациясы идеясы жалпыға ортақ балып, қазір кеңінен қолданылады.

